Abstract. The article is devoted to the study of spiritual and moral education during the period of distance learning as one of the aspects of upbringing in a family, which is a key link in the process of personality formation.

The keywords: Spiritually-moral education, education, modern education, values, traditions, family

Современное образование отличается тем, что всего за год учителя научились совершенно новым методам работы. Ранее неизученное дистанционное обучение стало для каждого педагога необходимым и целеполагающим. Каждый учитель и воспитатель строит свою работу таким образом, чтобы урок был не только интересным, но и актуальным для современной семьи. Учителю предмета «Самопознание» необходимо раскрыть важность и необходимость духовно-нравственного воспитания родителям, так как дистанционное обучение основывается на внутрисемейных отношениях с детьми.

Семейная микросреда передает ребенку социальный опыт и знания, накопленные предыдущими поколениями, нравственный опыт самих родителей. Ребенок с раннего возраста усваивает нормы поведения своих родителей и в соответствии с ними строит свои отношения с близкими людьми, а затем, усвоенные отношения, переносит в социум. От первичного нравственного опыта зависит, как будут строиться отношения со сверстниками, педагогами, соседями. Именно в семье ребенок учится соотносить свои поступки с интересами других людей, учитывать их желания и взгляды на ту или иную проблему, проявлять заботу об окружающих.

Ребёнок и общество, семья и общество, ребёнок и семья – эти тесно связанные понятия можно расположить в такой последовательности: семья – ребёнок – общество. Ребёнок вырос, стал сознательным членом общества, создал семью, в которой опять родились дети. Из этого можно сделать вывод, что от того, насколько нравственными, добрыми и порядочными будут наши дети, зависит нравственное здоровье нашего общества. Тем более что предмет «Самопознание» учит детей быть лучше, добрее, обретать новых друзей.

В связи с особой воспитательной ролью семьи возникает вопрос о том, как сделать так, чтобы максимизировать положительные и свести к минимуму отрицательное влияние семьи на воспитание ребёнка во время дистанционного обучения. Для этого необходимо точно определить внутрисемейные социально-психологические факторы, имеющие воспитательное значение, тем более, что если в обычной повседневной жизни у родителей не хватало времени или возможности на общение с детьми, то сейчас все наоборот. Это время возможности воспитывать поколение на семейных традициях и ценностях. Это время для диалога и совместных решений, которые развивают и объединяют всю семью. Например, совместные игры или обучение, проведение досуга и выполнение домашних дел.

Дистанционное обучение – это отличная возможность совместного обучения с детьми, потому что можно помогать ребенку в трудных вопросах, вместе выполнять домашние задания, делиться успехами. Помимо обучения, можно приобрести привычку по вечерам читать любимые сказки всей семьей и совершать виртуальные путешествия по музеям, выставкам, ходить на спектакли и концерты.

Если в семье есть дети младшего возраста, то можно превратить такие просмотры в игру: организовать посадочные места в комнате, проверять на входе в «зал» билеты, трижды перед спектаклем звонить в колокольчик, приглушать свет во время просмотра, устраивать антракты. Такие вечера станут не только развлекательными, но и познавательными.

Из опыта работы по предмету «Самопознание» в период карантина, в 3 классе можно выделить 4 основные направления для совместной работы с родителями. Например, при изучении раздела «Мудрость веков», мы говорим об общечеловеческих ценностях и в качестве заданий на дистанционном уроке предлагается создание ребусов и кроссвордов по теме. Для более глубокого осмысления общечеловеческих ценностей, предлагается инсценировка народных сказок и подробное описание качеств героев сказки.

Задача нравственного воспитания состоит в том, чтобы социально необходимые требования общества учителя превратили во внутренние стимулы личности каждого ребенка, такие, как долг, честь, совесть, достоинство.

В разделе «Дружная семья» есть темы, которые помогут родителями и их детям избавиться от проблем непонимания во время совместного вынужденного изолирования. Из своей практики выделю результативные методы игровой технологии на сплочение семьи. Например "Игра без правил" создает атмосферу принятия и понимания, развивает навыки общения активного слушания. Родитель и ребенок садятся рядом и разговаривают, постоянно проговаривая начало фразы: "Мне нравится, что ты..." и добавляя к ней свое утверждение. Тем самым возникает позитивный диалог.

Игра "Только вместе!" нацелена на сотрудничество, физический контакт, возможность почувствовать друг друга. Правила игры основываются на работе в парах (родитель и ребенок), где участникам надо встать спина к спине и попробовать медленно, не отрываясь от партнера, сесть на пол. И точно также встать.

Для сближения с детьми родителям даются советы помечтать о том, куда можно отправиться всей семьей, когда ситуация наладится. Так как через общение родителей и ребенка можно развивать духовно-нравственные ценности.

Наши общие шаги в мир, где доброта и взаимопонимание в прогрессии на большую жизнь! И это уже история наших детей, и родители сами того не замечая становятся частью этой истории.

Основой воспитания, определяющей нравственное развитие, является формирование гуманистических отношений учащихся, независимо от содержания, методов, форм воспитательной работы. Процесс воспитания, направленный на развитие всех, должен быть построен так, чтобы обеспечить оптимальное развитие каждого, исходя из индивидуальности.

Родители совместно с учителем в условиях пандемии должны дать ребенку инструменты, позволяющие ему стать счастливым и здоровым. Когда ребенок становится старше, то он осознает, что все проблемы, с которыми он сталкивался ранее, не имеют особого значения. Только после этого он может стать независимой и уверенной в себе личностью. Поэтому задача родителей и учителя заключается в правильном поведении.

К. Д. Ушинский, Л. Н. Толстой были глубоко убеждены в том, что истинно воспитанный человек может быть в той среде, в которой чтят традиции и обычаи поколений, где есть преемственность между прошлым, настоящим и будущим. Таковую возможность человеку может дать только его семья.

Ребенок – это самый ранимый, самый ищущий и страдающий в процессе становления человек, чаще предоставлен самому себе. Чтобы ребенок развивался успешно, нужно правильно организованное нравственное воспитание детей в семье. Для этого нужно создать

благоприятную атмосферу. Ведь всё оказывает влияние на формирование его нравственности: стиль семейного воспитания, его хорошие и плохие стороны, среда, в которой развивается ребенок. Семья – это среда, в которую малыш попадает сразу после рождения. В ней формируются определенные взаимоотношения между родителями и детьми. Эти связи играют важную роль в нравственном воспитании ребенка. Семья – важный фактор в жизни каждого индивида. Ведь только семья учит любви, заботе и уважению. Многообразие отношений между ее членами, душевная теплота, взаимопонимание, доверие – аспекты, создающие благоприятную среду для эмоционального и нравственного формирования личности. И наоборот – безразличие членов семьи друг к другу, равнодушное отношение к детям могут определить характер человека, его отношение к жизни.

Семья – это первая инстанция на пути ребёнка в жизнь, она воспринимает и передаёт ребёнку культурные и моральные ценности.

«Семья есть первичное начало человеческой духовности, а потому и всей духовной культуры, и прежде всего – Родины».

Список литературы:

1. Рачевский, Е.Л Информационные технологии в образовании: Школа будущего /Е.Л.Рачевский // Директор школы-2010
2. Назарбаева С.А Этика жизни-Алматы, 2001.
3. Амонашвили Ш.А Основы гуманной педагогики.-М.: Амрита-Русь, 2012
4. <https://textarchive.ru/c-2619809.html> Духовно-нравственное воспитание семьи

УДК 372.881.1

Асанова Б.Б.

«Бурабай ауданының білім бөлімінің Атамекен ауылының орта мектебі» ММ

Ақмола облысы

Атамекен а., Қазақстан

ЗАМАНАУИ САБАҚ АЯСЫНДА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ, ТӘСІЛДЕРДІ, БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Аннотация. Основная цель педагогического опыта – представить собственный опыт по использованию инновационных технологий, подходов, программ по формированию духовно-нравственной личности в рамках современного урока. В статье говорится о необходимости возрождения в обществе духовности и культуры, что непосредственно связано с развитием и воспитанием подрастающего поколения. Опыт работы по данному направлению опирается на реализацию программы «Рухани жаңғыру», которая ориентирована на возрождение духовных ценностей казахстанцев. В качестве методов исследования применялись такие инновационные технологии как: технология критического мышления, технология личностно-ориентированного подхода, технология проектов, информационно-коммуникационные технологии, а также здоровьесберегающие технологии. Использование инновационных технологий в духовно-нравственном воспитании школьников создают необходимые условия для того, чтобы каждый ребенок вырос талантливым, умным, добрым, мог жить и трудиться в новом обществе. Благодаря систематической, целенаправленной работе дети приобщаются к тому, что поможет им стать людьми ответственными, с активной жизненной позицией, чувствующими причастность к родному краю, его истории, традициям и обычаям.

Abstract. The main purpose of teaching experience – to present their own experience on the use of innovative technologies, approaches, programs for the formation of spiritual and moral personality in the modern class. The article talks about the need for revival of spirituality and culture in society, which is directly linked to the development and education of the younger generation. As methods of research such innovative technologies were applied as: technology of critical thinking, technology of the person-focused approach, technology of projects, information and communication technologies, and also health saving

technologies. The use of innovative technologies in the spiritual and moral education of students creates the necessary conditions for each child to grow up to be talented, intelligent, kind, and able to live and work in a new society. Thanks to a systematic, purposeful work, children join what will help them to become responsible people, with an active life position, feeling involvement in their native land, its history, traditions, and customs.

«Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты»

Н.Ә. Назарбаев

Адамгершілік-рухани тәрбие жан-жақты тәрбиенің аса маңызды бөлігі болуымен қатар, ол адамгершілік-қоғамдық дамудың жемісі, әрі қоғамның өміріндегі талай өзгерістерге байланысты дамып отыратын маңызды құбылыс болып табылады.

Рухани-адамгершілік тәрбиенің басты міндеті – өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі қоғамның алдында тұрған өз мүддесіне сай адамгершілік қасиеттердің тұтастығын тәрбиелеу.

Адамгершілік тәрбиесі өте күрделі жолдардың бөгеттерінен өтуді талап етеді. Сондықтан, адамгершілікке баулу дегеніміз – ол адамдардың үлкені ме, кішісі ме, әрбір істеген ісінтерін, сөйлеген сөздерін, өзгелермен қарым-қатынасын ақылға салып, ар-ұят таразысынан өткізіп, біліммен ұштастырып, ең әділ, ең дұрыс жолын таңдап ала білуі.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі де жас ұрпаққа – адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани-адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан – тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетістіктерін зер салып талдау керек.

Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс.

Осы орайда тілге тиек еткім келген басты мәселе – заманауи сабақ аясында рухани-адамгершілік тұлғаны қалыптастыру бойынша инновациялық технологияларды, тәсілдерді, бағдарламаларды дұрыс пайдалана білу.

Кез келген пән мұғалімі өз сабағының тартымды, қызықты әрі шәкірттеріне түсінікті болуы үшін алдын ала сабақ жоспарын дайындайды. Мен де өз жұмысымның барсында инновациялық технология элементтерін пайдаланамын. Сөзім дәлелді болу үшін іс-тәжірибемен бірнеше мысалдар келтіре кетейін.

10 сынып, өзін-өзі тану пәні. Сабағымның тақырыбы «Әйтеке бидің аталы сөздері»

Сабақтың мақсаты: Әйтеке бидің аталы сөздерімен таныстыру, балаларды адами құндылықтарға баулу.

Сабақтың дәйексөзі ретінде Рудакидің мына тамаша сөздерін алдым: «Өмір-теңіз, жүзем онда деменіз, Ізгіліктен жасалмаса кемеңіз»

Осы сабақтың дәйексөзін талқылаудың өзінен жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру басталады деп ойлаймын. Интербелсенді тақтада Bilimland сайты арқылы ізгілік деген сөздің терең мағынасын ашып көреміз. Берілген таблицаны толтырып, әр оқушы өзінің ой-толғамымен бөліседі немесе «Миға шабуыл» әдісін қолданамыз

• Оқушыларды өз идеяларын айтуға үндеу (көпшілікпен жұмыс жағдайында әр қатысушы кезекпен бір идеядан ұсынуы керек, ал топтық жұмыста әр топтан бірнеше идея қатар ұсынылады);

- әрбір идеяны тақтаға жазып отыру;
- идеялардың бірін-бірі қайталамайтындай анық әрі дұрыс құрастырылуын, қайталанбауын қадағалау;
- идеяларды жіктеп, жинақтап топтастыру. Соңында «ІЗГІЛІК» сөзінің мағынасы жан-жақты ашылады.

Әрі қарай «Әйтеке би» видеоролигін тамашалаймыз, ондағы мақсатымыз көру, есту, есте сақтау дағдыларын қалыптастыру мақсатында балалардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыра түсу. Оқулықтың 18-20 беттерінде берілген мәтінді толықтыру үшін ұсынылған бұл видеода айтылған адами құндылықтар әр баланың санасына ізгілік ұялататыны сөзсіз.

Осы ретте айтқым келгені балаларға мен ұсыныс тастаймын, олар интернет желісінің оқушыларға арналған сайттарын ғана пайдаланып, осы видеороликті таңдауы қажет. Бұл әдіс жас буынды ізденімпаздыққа үйретеді деген ойдамын.

10 сынып, қазақ әдебиеті пәні. Сабағымның тақырыбы: «Абай Құнанбаевтың «Сегізаяқ» өлеңі». Алдымен бұл өлең 8 тармақты 25 шумақтан құралғаны жайында мәлімет беріледі. Сол себепті де өлеңге осындай атау берілген. Алдымен ұнтаспадан «Сегізаяқ» аудиомәтіні тыңдалады. /Тыңдалым/ Сонан соң мәтінде не туралы айтылғандығы талқыға салынады /Айтылым/

Дәптерге «Түртіп алу» әдісі арқылы өлеңде адамгершілік қандай қасиеттер сөз болғандығы туралы теріп жазамыз /Жазылым/

Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Тәрбиешінің ең бастапқы формалары педагогтың балалармен мазмұнды қатынасында, жан-жақты іс әрекетінде, қоғамдық өмірдің құбылыстарымен танысу кезінде, балаларға арналған шығармаларымен, суретшілер туындыларымен танысу негізінде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбек сүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүниені өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды.

Оқушы бойындағы мейірімділік, шыншылдық, адалдық, тұрақтылық сияқты рухани қасиеттерді қалыптастыра отырып, өзін-өзі басқаруына, жеке тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлу, өз ортасында еркін сөйлеп, өз ойын еркін айта алатын дарынды, қабілетті ұл-қыз тәрбиелеу – біздің, яғни ұстаздардың басты міндеті.

«Өзін-өзі тану – өмірді тану», – деген болатын көне грек философы Сократ. мақсат – әр адамның өмірден өз орнын табуына ықпал ету. Өмірдің қарапайым ақиқатына-ұлттық құндылықтарды меңгере отырып, баланы халқының адал ұлы мен қызы болуға нағыз адам деген ардақты атқа лайық болуға жастайынан үйрету. Қазіргі қоғам талабы да осыны көздеп отыр емес пе? Осы мақсаттарды жүзеге асыруда «Бөбек» қорының президенті Сара Алпысқызының «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім жобасы республикамыздың білім беру мекемелерінде жеке пән ретінде енгізілді. Балалардың танымдық сұраныстарын қанағаттандыра отырып, жан-жақты тәрбиелеудің негізі өзін-өзі тану пәнінде жатыр.

«Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімдері де мемлекетіміздің ертеңгі азаматтары болатын жас жеткіншектерге рухани-адамгершілік тұрғыдан бағыт-бағдар беруде жұмыстанып келеді. «Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімдері мен сынып жетекшілердің бірлесе өткізген «Бәрінің бастауы-махаббат», «Сенім-менің серігім» атты көрнекі сабақтары мен әлеуметтік педагог И.А.Гуляеваның «Адамгершілік асыл мұрат» атты әңгіме сағаты адам бойындағы ұнамды-ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдеп әліппесін бойларына дарытты. Инновациялық технологиялар, соның ішінде интербелсенді тақта арқылы презентация дайындалған, оқушыларға әңгіме сағаты тартымды болып өтуі үшін видеопрезентация көрсетілімге ұсынылады. Міне, заманауи технологияларды пайдалу арқылы рухани-адамгершілік қасиетке ие тұлға өсіріп шығару осының дәлелі деп білемін.

Кез келген пәннен сабақ өткізу барысында өзін-өзі тәрбиелеу пәнаралық байланыс пәні болып қалмақ. Себебі қазіргі таңда адами құндылықтар басты назарда.

Ал, мен жұмысымның басты нысаны ретінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын негізге аламын. Осы бағдарлама аясында білім беру мен тәрбиелеуді жаңғырту басты міндеттеріміздің бірі.

Көшбасшымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халықтан қызу қолдау тапқан кешегі тұғынамасын ширек ғасырды артқа тастаған Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің жаңа бастауы деп бағалауымыз керек. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұл мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат.

Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр.

Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерілеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс. Мұның ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман – тұрмысы бай-қуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. «Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел», - дейді Елбасы. Сондықтан да, біз бүгінгі ұрпағымызды ата-бабамыздан қалған бай мұрамыз салт-дәстүрлерімізбен, мәдени құндылықтарымызбен таныстыруымыз керек.

Дана халқымызда «Ағаш түзу, әдемі болып өсу үшін оны көшет кезінде баптау керек, ал қисық ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. «Мәңгілік Ел» идеясында өскелең ұрпақ тәрбиесіне баса мән берілген. Осы идеяны қалыптастыру үшін ең алдымен ұлағатты тәрбие мен сапалы білімнің қажеттілігі анық көрсетілген. Ал адамгершілік тұрғыдан құнды қасиеттері бар, рухани бай тұлғаны қалыптастыру сәби кезінен бастау алатыны белгілі. Ендеше, бұл тұрғыда ата-ана мен ұстаздың атқарар ролі зор.

Өзімнің жұмыс тәжірибемде осы бағдарламаны қалай жүзеге асырып жатқандығым туралы бірер сөз айтқым келеді. Бірнеше жыл қатарымен өзімнің оқушыларым ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады. 2018-2019 оқу жылында таңдап алған тақырыбымыз «Ешкі сүтінен жасалған балмұздақ» деп аталды. Бұл балалардың ізденімпаздық қасиеттерін арттырады, жан-жақты шығармашылық қабілеттерін арттырады. Сонымен бірге таза табиғи өнім – ешкі сүтінің адам денсаулығына тигізер пайдасы туралы, қазіргі уақыттағы құрамында бірнеше химиялық қоспасы бар балмұздақтардың ағзаға тигізер зияны жайлы да балалар бірнеше қосымша ақпарат жиыстырды. Осы ғылыми жұмыспен ауданнан 1 орын алып, облыстық деңгейде де жүлделі орынға ие болдық.

2019-2020 оқу жылында ғылыми жұмыстан таңдаған тақырыбымыз «АЛЖИР». Яғни Отанын сатқандардың әйелдерінің Ақмола лагері /Акмолинский лагерь жен изменников Родины/ деп аталады. Нұр-Сұлтан қаласынан жақын маңайда орналасқан «АЛЖИР» мұражайына жасаған саяхаттың өзінен мен оқушыларымыздың бойында Отанға деген патриоттық сезімдерінің оянғандығын байқадым. Осы жұмыспен облыстан 3 орынды иемдендік.

Ал 2020-2021 оқу жылындағы таңдап алған тақырыбымыз «Күлкі терапиясының адам денсаулығына тигізер пайдасы» деп аталады. Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан «Ана мен бала орталығында» практика өту барысында мен өз шәкірттерімнің бойынан басқаға деген ізеттілік, құрмет, аяушылық, көмек қолын сзу сияқты қасиеттерінің оянғандығын байқадым. Себебі ол орталықта ем қабылдап жатқан балаларға күлкі терапиясының тигізер пайдасы туралы зерттеу жұмысы жүргізілген болатын Түрлі іс-тәжірибелер, әдіс-тәсілдер оң нәтиже

беріп, бала денсаулығы жақсартындығына көзіміз жетті. Бұл да денсаулықты сақтау /здоровьесберегающие/ ідісі болып табылады.

Оқушыларға рухани жаңғыру аясында ұлттық төл мәдениетімізді, салт-дәстүрлерімізді насихаттау. Сол арқылы оқушылардың бойында азаматтық, патриоттық, өзіндік сана-сезімді қалыптастыру. «Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлаудан басталады. Себебі, ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды». Бұл – ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсариннен қалған тағылым. Шындығына келгенде, бүгінгі мектеп партасында отырған оқушы – егемен еліміздің ертеңгі болашағы. Жас ұрпақтың тәрбиесі – қоғам алдындағы ортақ іс.

Әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішіпейіл азаматы болып жетілуін қалайды. Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі, тілі. Қазақтың: «Баланың бас ұстазы – ата-ана», «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – дегендей, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тіл алғыш етіп баулыған жөн.

Осыған байланысты баланы ұлттық қасиеті жоғары, маңызын жоғалтпаған дәстүрдің озық үлгілерімен сусындатып, оның мағынасын ашатын іс-шараларды да өткізіп отырамыз. Мысалы, «Қош келдің, Әз-Наурыз!» мерекелік ертеңгіліктерде мектеп ұстаздары мен ата-аналарын қатыстыра отырып, салт-дәстүрден көріністер қойып, бір-бірінің өнерін тамашалап, бағалап қана қоймай, дәстүрді жаңғырта отырады. Балалардың ұлттық санасын оятуға, бойындағы мәліметтерін дамытуға байланысты шаралар өткізгенде барынша нақты іс-әрекет жасауға тырысу керек.

Ұлттық мерекелерді өткізу барысында тәрбиешілер балаларға ұлттық киім, құнды жәдігерлер туралы үнемі айту, соларға қызықтыру, оны шынайы өмірмен байланыстыру жұмыстары қатар жүруі қажет. Балаларды бір-біріне сұрақ қойдыртып, диалогқа шақыру, ынтымақтастық орта қалыптастыру, олардың келешек білім алуға даярлауға ықпал етеді. Әсіресе, мұндай жұмыстарда екеуаралық кері байланыс міндетті түрде болуы шарт. Бұдан бала ұлттық құндылықтың маңызын түсінеді, әрі қызығушылығы артады. Өзіне не қажет екенін пайымдайды. Нәтижесінде балалар ұлттық мәдени мұраларымызбен қолөнер туындыларымен танысады. Балаларды ұлттық негізде тәрбиелеу үшін ұлттық нақыштағы қолөнер туындыларымен таныстыру және балалардың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру болып табылады. Ата-бабамыздан қалған мол мұрамызды балаларға кішкентайынан бастап үйретсек, келешекте өз елін, өз ұлтын қастерлейтін ел азаматтарын тәрбиелейтініміз айдан анық.

Сондықтан да рухани жаңғыру аясында осы бағытты ұстану керек деп білемін. «Ел болам десең, бесігіңді түзе», – дегендей қазақ халқында жаңа өмірдің, жарық дүниенің есігін ашқан нәрестенің өзіне сый-құрмет көрсетіліп, дәріптейтін лайықты салт-дәстүрлері бар. Әлемдік жаһандану үрдісіне қадам басқан жаңа ғасырда әр халық, ұлтын, дінін, тілін, мәдениетін, тарихын мейлінше сақтап қалуға тырысады. Қорыта келгенде, кез-келген елдің бірлігі мен өркендеуі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды сақтағанда ғана мығым болмақ. Сондықтан баланың бойына мейірімділік, адамгершілік, әдептілік сынды қасиеттерді сіңіріп, туымызды жықпай, ұлан-байтақ жерімізді қорғайтын патриотты тәрбиелеу біздің міндетіміз болып табылады. Құрметтейтін шығармашыл және талантты ұрпақ тәрбиелеуге бағытталуы тиіс. Алдымызда осы құндылықты бойына сіңірген, Отансүйгіш, елі мен жерінің қамы үшін аянбайтын, білімді, иманды, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу, оларға бағыт беру міндеті тұрғанын әрдайым жадымыздан шығармауымыз керек. «Бала – ойынмен, дана оймен өседі», – демекші балалардың жақсы болуы үшін үш қасиетті басшылыққа алып отыруымыз қажет деп санаймыз. Олар: адал еңбек, саналы ар, шынайы жүрек – осы қасиеттерді басшылыққа ала отырып, мектеп психологы, пән мұғалімдері «Жүректен жүрекке», «Жүрек жылуы» т.б. тақырыптарда тренинг өткізіп, мұғалімдер мен балалар арасында өзара түсіністік, сыйластық, бір-біріне деген құрметін бірінші кезекте тұруы, өзара дос-құрбыларына, дәрежесі мен құқығы тең адамдарша тілдесіп, түсінулері жақсы нәтижеге жеткізілді. «Өзіңді танығаның, ілгері дамығаның «Өзіңді танығаның, ілгері

дамығаның» тренингі рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға, өзін-өзі танып, өзін-өзі іс жүзінде мейлінше көрсете білуге айтарлықтай мүмкіндік берді. Өзін-өзі тану» пәні – баланы жастайынан отаншылдыққа, әдептілікке, достыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, табиғатты сүйуге, отбасын сыйлауға, ұйымшылдыққа үйретеді.

Адам бойына кішіпейілдік, сыпайлық, рақымшылық, жанашарлық, сыйластық, тілектестік сияқты қасиеттерді дарыту және өзгелерді қадірлей, сыйлай, құрметтей білу, тыңдай білу, қолынан келгенше адамдарға көмектесу, кешірімді болуды үйрету де «Өзін-өзі тану» пәнінің үйлесіне

Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Рухани-адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады.

Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа-қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да болашағы зор болмақ. «Мен үш қасиеттімді мақтан тұтам», – депті Ақан сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым һәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым.

Бұл үш қасиет әркімнің өз құдайы. «Өз құдайынан айырылған адам бос кеуде, өлгенмен тең» деген екен. Шындығында бұл ақиқат. Олай болса, жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу – адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты. Мақсатқа жету үшін сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай қасиеттерді бала бойына жас кезінен бастап қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайды.

«Еліміздің күші – патшада, сәбидің күші – жылауында» демекші, біздің күшіміз, қорғанышымыз, сеніміміз – адамгершілігімізде болуы керек. Ол үшін Ақанның осы үш қасиетін бала бойына дарыта білсек-ұлы жеңіс болары анық.

Жас өспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектен білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады.

Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс – тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», – дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Білім заңы. Алматы, 2010 ж.
2. Оқыту-тәрбиелеу технологиясы Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №3, 2010 ж.
3. С.Т.Мұхаметжанова, Ж.Ә.Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008 ж.
4. Назарбаев Н.А. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. www.akorda.kz.-2017. -12 сәуір

Байболина Ж.Р.

«Өзін-өзі тану» пәні мұғалімі Қараөткел ауылы №2 орта мектебі,
Ақмола облысы,
Целиноград ауданы, Қазақстан

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІНЕ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

Түйін. Мақалада рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын жалпы білім беру үдерісіне интеграциялау мәселесі қарастырылады. Мақаланың негізгі идеясы білім беру үдерісін жандандыру арқылы білім алушылар бойында адамгершілік қасиеттерді дамыта отырып, жалпыадамзаттық құндылықтарды ашу. Мақалада жаратылыстану бағытындағы пәндерге рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын интеграциялау мәселесі қарастырылды. Мақаланың кіріспесінде заман талабына сай тақырып өзектілігі көрсетіліп, негізгі бөлімде жаратылыстану бағытындағы пәндерге интеграциялаудың тәсілдері көрсетілген мысалдар ұсынылды. Мақаланың негізгі ерекшелігі интеграциялаудың маңызы мен тәсілдерін көрсету болып табылады. Мақала негізінде «Білім беру негізі – рухани-адамгершілік білімнен бастау алады» деген қорытындыға келеміз.

Аннотация. В статье рассматривается проблема интеграции программы духовно-нравственного образования в общеобразовательный процесс. Основная идея статьи – раскрыть общечеловеческие ценности обучающихся, развивая нравственные качества через активацию образовательного процесса. В статье рассмотрен вопрос интеграции программы духовно-нравственного образования в дисциплинах естественно-научного направления. В вводной части статьи показана актуальность темы в наше время, а в основной части статьи представлены примеры методов интеграции к дисциплинам естественно-научного направления. Основной особенностью статьи является освящение важности и методов интеграции. На основании данной статьи приходим к выводу, что «Основа образования берет начало с духовно-нравственных знаний».

Abstract. The article considers the integration of spiritual and moral education programs in the general educational process. The main idea of the article is to reveal universal values, developing moral qualities in students by activating the educational process. The article considers the issue of integration of spiritual and moral education programs in natural sciences. The introduction of the article shows the relevance of the topic in accordance with modern requirements, and provides examples of ways to integrate into the disciplines of natural sciences in the main section. The main feature of the article is to show the importance and methods of integration. Based on the article, we conclude that «The basis of education begins with spiritual and moral education».

*«Балаларды өздерінің жан дүниесін танымай тұрып,
жұлдыздар туралы ғылымға баулу – таяз ойлаудың белгісі».*

М. Монтень

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын нығайту қажет. Патриотизм, мораль және адамгершілік нормалар, ұлтаралық келісім мен толеранттық, тән мен рух дамуы, заңға бағынушылық – осы құндылықтар барлық оқу орындарында орын алуы тиіс... Біздің жастарымыз үшін бұлар – өмірлік қажеттіліктер» – деп атап көрсетті.

XXI ғасыр, заманымыз ілгері дамуда, ақпарат көп, ажыратып болмайсын. Заман дамуымен адамдардың адамгершілік қасиеттері төмендеп бара жатқаны айқын көрінетіндей. Болашағымызды жарқын қылу мақсатында рухани-адамгершілік білімнің маңызы орасан зор. Сондықтан да оқушыларды рухани тұрғыдан дамыту барысында олардың адамгершілік қасиеттерін жетілдіруге көңіл бөлудің маңызы зор.

Заман талабына сай бүгінгі педагогика ғылымының алдындағы басты міндеттердің бірі – педагогиканы жалпы әлемдік құндылық деңгейінде көтеруге әрекет жасау және адамзаттық мұратты құру болып отыр. Мектептің қазіргі мақсаты – оқу-тәрбие үдерісін жалпыадамзаттық абсолюттік құндылықтарға негіздей отырып, рухани-адамгершілік құндылықтардың мәнін ашып, оны саналы түрде қолдануға ұмтылыс жасау. Жас ұрпақты басқаларда бар мұратты бағалай білуге үйрету арқылы жалпыадамзаттық рухани дамуға үлес қосуды, құндылық атаулының бәрін құрметтеуді, қорғай білуді меңгерту болып табылады.

Жалпыадамзаттық құндылықтарды педагогикаға кіріктіру, білім беру саласын ізгілендіру идеясы ауқымды мағынаға ие болды. Заманауи білім беру жүйесі адамға болашақта қажет болатын болмыс күштері, әлеуметтік құнды дүниетанымы мен адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына елеулі үлес қоса алады.

Білім беру саласында көптеген мұғалімдер өз пәндерін меңгертуді мақсат тұтады, негізінен «нағыз мұғалім» зияткерлік білім мен рухани адамгершілік білімді бірдей алып жүретін мұғалім деп ойлаймын. Рухани-адамгершілік білімнің басымдылығын етене түсінген мұғалімдер екі білімді әлбетте қатар алып жүрер еді. Біз әркез жанды білімге ұмтылуымыз керек. Жанды білім арқылы біз «нағыз жетілген тұлғаларды» қалыптастыра аламыз. Педагог үшін «керемет математик» немесе «керемет физик» қалыптастырудан, нағыз рухани жетілген тұлғаны қалыптастыру әлде қайда маңызды болуы шарт. Жанды білім арқылы оқушыларымызға болашаққа жол сілти аламыз. Сондықтан біздің алдымыздағы міндет әр пәнге рухани-адамгершілік білім мазмұнын енгізу. Бұл міндетті орындау мақсатында әр пән мұғалімі өз пәніне интеграция жасау маңызды. Қазіргі білім берудегі мақсат тек бағдарламаны орындау ғана емес, жалпыадамзаттық құндылықтарды ұстанған, өзін де, өзгелерді де сыйлай алатын, түсіне алатын, ақиқатпен дұрыс әрекеттерге баратын, сүйіспеншілікпен жан-жағына мейірім шашатын, ойы, сөзі, ісі бір жерден шығатын, қиянат жасамақ түгелі, қиянат атаулыны ойына алмайтын тұлға қалыптастыру басты міндет деп білемін.

Ғылым мен рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын байланысын жаңа зерттеулердің мысалдарынан байқаймыз.

1. Жапон ғалымы Масару Эмотоның ашқан жаңалығында су әмбебап ақпарат таратушы болып саналады, онда кристалдар формасында адамның ойы мен сөзі жазылады. Доктор Эмотоның айтуынша барлық бар нәрселер тербелістерден тұрады және жазылған сөздер де тербелістерден тұрады. Егерде шеңбер сызылса, онда бұл жазу шеңбер тербелісін туындатады. Ал «Сүйіспеншілік» деп жазылса, онда бұл жазу сүйіспеншілік тербелісін туындайды. Су барлық тербелістерді өзінің кристалдық құрылымында сақтайды. Жақсы сөздер әсем, үйлесімді кристалдардың формасын түзеді. Керісінше, теріс мәндегі сөздер, симметриясы бүлінген, үйлесімсіз кристалдарды қалыптастыратын, бұзылған байланыссыз тербелістерді тудырады. Адам денесінің 70 пайызы судан тұратындықтан, ой мен сөздің сапасы біздің қалпымызға ықпал етеді. Доктор Эмотоның зертханасында суды жақсы тазартатын сөзді іздеп зерттеу жүргізілген, нәтижесінде ол бір сөз емес, «Сүйіспеншілік» және «Ризашылық» сөздерінен тұратыны анықталған.

2. Белгілі ғалым А. Гончаренко «Сана және физикалық шындық» кітабында былай деп жазады: «Эмбрион өмірінің дамуының жетінші күнінде ең бірінші бүлкілдеп тұрған жасуша пайда болып, содан кейін жүрек қалыптасады. Ми кейінірек пайда болады. Эмбрионның даму кезінде жүрек адамның миын өсіреді. Пульс (соғу) – жүрекке бастапқыдан салынған ақпарат. Жүреkte Ардың даусы жазылған деуге болады. Ар – ол адам бойына салынған саналы, қасиетті хабар. Жүрек – қабылдауға қабілетті, ол туа біткен зият. Ар баланың ана құрсағындағы кезінде миды дамытады деуге болады».

3. Қазіргі физиктердің пайымдауы бойынша Сүйіспеншілік дегеніміз – ол қарапайым эмоция, тілек немесе құштарлық емес. Сүйіспеншілік – ол айналаны өзгертуге қабілетті, күшті қуат, бұл қуат – жасампаз және өмірдің тірегі. Көптеген физик, биолог, дәрігер, психолог ғалымдардың пікірі бойынша, Сүйіспеншілік қуаты – адам өмірінің барлық сферасына ғажайып ықпал етеді.

Ғалым, физик және педагог Арт-онг Джумсай адамдардың ойы мен сезімінің өсімдіктерге ықпалын көрсеткен тәжірибелерін сипаттайды. Егер де өсімдіктерді суғарып тұрып, адам реніштерін, өкпелерін, күйзеліс мәселелерін ойласа, онда өсімдік баяу өседі, кейде сола бастайды. Ал егер адамның ойы мен сезімі сүйіспеншілікке толы болса, тіпті биологиялық гүлдену уақыты келмесе де, өсімдік қаулап өсіп гүлдейді. Сонымен адам – электр қуатын өткізетін металл өткізгіш тәрізді сүйіспеншілік энергиясын өткізуші өткізгіш. Сүйіспеншілік энергиясының жетіспеуі көңілдің және тәннің бұзылуына әкеп соғады. Адамдар арасындағы түсінбеушілік мәселелері сүйіспеншілік энергиясының жетіспеуінен туындайды.

Жаратылыстану ғылымдары бағытындағы оқу пәндері мен рухани-адамгершілік білім бағдарламасын интеграциялау бойынша әдіс-тәсілдер. Интеграциялау процесі (лат. *integratio* – біріктіру, қалыпқа келтіру) бірін-бірі толықтыратын, бір-бірімен байланысты жеке ұғымдарды бір тұтас етіп біріктіру. Интеграциялаудың әдістемелік негізі ғылым негізін игеруде және әлемдегі барлық нәрсенің заңдылықтарын түсінуде пәнішілік және пәнаралық байланысты орната білу. Ішкі ықпалдастыруды ыңғайына қарай келтіріп қолдана білу педагогикалық шеберлік деп айтуға болады. Рухани-адамгершілік білім бағдарламасын кез-келген пәнмен ықпалдастыруда мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарды мәнін ашу арқылы іске асырылады. Интеграциялау сабағын жоспарлау барысында тақырып мазмұны мен сабақ құрылымы бойынша бір жалпыадамзаттық құндылық нақтыланып, қасиеттер анықталады. Интеграция сабағын жоспарлауда жанартылған білім мазмұнындағы сабақ жоспарына елеулі өзгерістер енбейді, «Құндылықтарды дамыту» бөлігінде рухани-адамгершілік білім мазмұны бойынша алдын ала нақтыланған жалпыадамзаттық құндылық негізінде қасиеттерге тәрбиелейміз

Математика пәнінен мысалдар.

1 мысал. Назгүл кітаптың $\frac{2}{5}$ бөлігін оқыды, содан соң тағыда $\frac{2}{5}$ бөлігін оқыды. Ол кітаптың қанша бөлігін оқыды.

Шешуі: Оқушылар Назгүл қанша бөлігін оқыды? Табу үшін жай бөлшектерді қосамыз. Қосу және азайту жай ғана арифметикалық таңбалар. Егер сандарды бір-біріне қоссақ, олар көбейеді. Ал азайтсақ, онда сандар азаяды. Сол сияқты, егер біз бір-бірімізбен қосылып, әрдайым бірге болсақ және неғұрлым жанымызда жақын жандарымыз көп болса, біз бірлік пен татулықтың арқасында көп нәрсеге қол жеткізе аламыз. Ал егер бір-бірімізден ажырап, кез келген нәрсе үшін айырыла беретін болсақ, біз ешқандай нәтижеге қол жеткізе алмаймыз. Сондықтан, бір-бірімізді азайтып алмай, керісінше жанымызға адамдарды қосып жүруіміз керек. Ол үшін біз әрдайым өзгелерді өзіміздей көруіміз керек.

2 мысал. Арифметика. Бесінші сыныптың 23 оқушысы мектепте вахтер болып жұмыс істейтін жасы келген Валя тәтейдің ауруханаға түскенін естиді. Ол кісінің ағайыны да, туыстары да жоқ еді. Балалар ауруханаға барып көңілін сұрамақшы болып өзара келіседі де, барлық балалардан бірдей ақша жинамақшы болады. Ал сыныптың көшбасшысы егер барлығына бөлгенде тең шықпаса, онда өзім басқалардан кішкене артық қосармын деп ойлайды. Жемістер 1200 теңге тұрады. Әр оқушы қаншадан төледі? Көшбасшы қанша төледі?

* Қалдықпен бөлінетін есептегі терең құндылық мағына – оқушыларға адамдарға көмектесудің қаншалықта маңыздылығы мен көшбасшының шын мәніндегі қасиеттері қандай болу керек екендігін әңгімелеу.

Биологиядан мысалдар.

1 мысал. Өкпенің тіршілік сыйымдылығын арттыру үшін шар үрлеп жаттығады. Біра үрмелі шарды тым қатты үрлесе, шар жарылып кетеді. Сол секілді егер орынсыз қанағатсыз болсақ, және біздің өзіміздікіміз жөнсіз артып кетсе, ерте ме, кеш пе бізде мәселелер туындайды. Аса үрленген шар сияқты, азап шегуіміз мүмкін.

2 мысал. Күн, Жер, Ай, өсімдіктер және жануарлар адамзаттан ештеңе дәметпей-ақ оларды жылумен, тамақпен қамтамасыз ету үшін өздерінің өмірін құрбандыққа шала отырып, шаршамай қызмет етеді. Күн барлық тіршілік иелеріне жарық пен жылу береді, өсімдіктер жарық пен жылуды қабылдап, адамдар тыныс алу үшін оттегі бөліп шығарады да оларға зиян көмірқышқыл газын жұтады. Сол секілді ағаштар да ештеңе талап етпей өз жемісін адамдарға береді. Сиыр өзінің бұзауына емізу арқылы қандай қызмет көрсетсе, сол қызметін адамзаттан да аямай мейірімділікпен сүтін ішкізеді. Жануарлар өз өмірлерін қиып адамдарды тамақпен қамтамасыз етеді. Ертеде осы үдеріс құрбандық шеңбері деп аталған. Басқаша айтқанда адамның өмірі мағыналы болу үшін бүкіл табиғат өзін құрбандыққа шалады екен! Ал қазіргі адамның іс-әрекеті сол құрбандыққа тати ма? Әрине, олар бұл мәселе туралы ойлап әлек те болмайды. Өкінішке орай, бүгінгі адамдар арасында сол құрбандықтың шеңберінен әлдеқашан шығып кеткендер бар, тек алуды ғана біледі. Егер ол

бір әрекетпен айналысса, оны тек өзінің пайдасы үшін ғана істейді, яғни адам көп жағдайда риясыз қызмет етуді ұмытып кетті десе де болады. Сондықтан бұл жердегі Құрбандықтың шеңберінің үзілуі Жер бетіндегі экологиялық мәселелердің туындауының басты себебі болып табылады. Ендеше адам өзінің іс-әрекетінің салдарын әрқашан да бағалап, сол арқылы қайырымды істерді жүзеге асырып, өзінің өмірін халық пен табиғатқа қызмет етуге арнауы қажет!

3 мысал. Ойын арқылы да интеграция жасай аламыз. «Біз жануарлардан нені үйренуімізге болады?» немесе «Табиғаттан нені үйренуімізге болады?». «Аралар мен шыбындар» Қоқыс іздеген шыбынға ұқсамай, жер-жерден шәрбәт жинаған араларға ұқсандар. Бәрінен жақсыны көріп, жақсы серіктес іздендер.

Физикадан мысал.

Заттың магниттік қасиеті. Магнетиктер (магниттелетін қасиеттері бар заттар) үш топқа жіктеледі: диамагнетиктер, парамагнетиктер және ферромагнетиктер. Диамагнетиктер сыртқы магнит өрісіне орналасқан кезде сол өріске қарсы бағытта әлсіз магниттеледі (гр. *dia* – бөлісу, сәйкес келмеу). Сондай жағдайда парамагнетиктер сыртқы өрістің бағытымен әлсіз магниттеледі (гр. *para* – қасында болу). Өрістің әсері жойылса, олардың екеуі де магниттелу қасиетінен айырылады. Ферромагнетиктердің магниттік өтімділігі сыртқы өрістің әсерімен жүздеген, мыңдаған есе күшейеді және олар өрістен шықса да, магниттелуін жоғалтпайды. Ферромагнетиктер көп емес, санаулы заттармен ғана шектеледі. Тура сол сияқты адамдардың көпшілігі әртүрлі деңгейде «күшті магниттік» тұлғаның әсерін сезетін болып келеді. Кейбіреулерді бұл кездесу оның идеясына қарсы қойса, екіншілері, керісінше маздана түседі. Бірақ екі топқа да күшті тұлғаның әсері ұзақ емес, жақын араласуға мүмкіншілік бар кезде ғана болады. Тек адамдардың ерекше бір шағын тобы ғана қабылдаған «магниттік зарядты» жоғалтпай, тұрақты магнит секілді, күшті тұлғаға айналады. Барша адамдардың әрқашанда сынақта болуы табиғи нәрсе, бірақ рухы күштілері ғана тұрақты магнитке айналып, сол қасиетінен тіпті отқа салып күйдірсең де айырылмайды, сол қалпында қалады. Сонысымен олар қарапайым болаттан ерекшеленеді.

Мысалдарды қорытындылай келе мұғалім интеграциялауда сабағының кез-келген бөлігіне кірістіре алады. Интеграция терең мағынада болуы шарт. Интеграция сұрақ-жауап ретінде, интеграция жаңа сабақты түсіндіру барысында байланыс арқылы түйін кезінде де, ойын түрінде де, яғни мұғалімнің шеберлігі мен ыңғайына қарай ұйымдастырылады.

Өз жұмысымды қорытындылай келе рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасын сыныптың тұтас педагогикалық үдерісіне, барлық пәндерге интеграциялау арқылы адамзаттық тұрғыдағы жетістіктерге жетуге болады деп ойлаймын. Әл-Фараби бабамыз «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» демекші, білім берудің негізі рухани-адамгершілік білімде. Жан-Жак Руссоның: «Бала туғанда ақ қағаздай таза болып туады, оның үстіне шимақты қалай салсаң солай түседі, бала тәрбиесі де сол сияқты. Өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді» – дегендей оқушыларымызға жүрекке арналған жанды білім берудің маңызын терең түсінемін. Еліміздің етек жайып өркендеуі, биік белестерді бағындырып «Мәңгілік Ел» болып қалыптасуында жанды білім жетекші рөл атқарады. Ақиқатын танып, дұрыс әрекет жасайтын, сүйіспеншілікпен қоғамға риясыз қызмет ететін тұлға тәрбиелеу әр ата-ананың, әр ұстаздың арманы, тілек-мақсаты деп білемін.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Жалпыадамзаттық құндылықтар» (5-11 сынып). Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. Әкімбаева Ж.Ж., Хожамуратова С.Г.- Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2014.-130 б
2. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасындағы мұғалімнің рөлі. Ізғұттынова Р.О., Мұқажанова Р.Ә.- Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2016. – 96 бет.
3. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Р.А.Мұқажанова, Г.А. Омарова, Р. Мұратханова – Алматы «Бөбек» ҰҒПББСО, 2018.- 192 бет.
4. <https://egemen.kz>

Баякова Б.М.

преподаватель кафедры декоративно-прикладного мастерства,
Костанайский педагогический колледж,
Костанайская область,
г. Костанай, Казахстан

«ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ В КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ»

Түйін. Жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың кешенді тәсілінің негізі болып табылатын кәсіби, азаматтық және адамгершілік тәрбиенің бірлігі қағидаты қаралды. Этикалық білімнің, моральдық нанымдардың, моральдық мінез-құлық қабілеттерінің және олардың нақты жағдайдағы көріністерінің органикалық бірлігімен анықталатын моральдық мәдениеттің мәні. Жеке тұлғаның адамгершілік даму мақсаттарын сәтті жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар, әлеуметтік белсенділікті көрсету және жетекші моральдық қасиеттерді іске асыруда тәуелсіз тәжірибе алу мүмкіндігі.

Түйін сөздер: әділ мінез-құлық пен мейірімділік, құрмет, ой мен сөздің бірлігі .

Аннотация: Рассмотрен принцип единства профессионального, гражданского и нравственного воспитания, который является основой комплексного подхода к всестороннему развитию личности. Сущность нравственной культуры, определяемой органическим единством этических знаний, моральных убеждений, способностей к нравственному поведению и активности их проявления в реальных условиях. Условия необходимые для успешной реализации целей нравственного развития личности, возможность для проявления общественной активности и приобретения самостоятельного опыта реализации ведущих моральных качеств.

Ключевые слова: праведное поведение, доброта, уважение, единство мысли и слова.

Abstract. The article deals with the principle of unity of professional, civil and moral education, which is the basis of a complex approach to full development of the human personality. The essence of moral culture is determined by the organic unity of ethical knowledge, moral beliefs, abilities for moral behavior and the activity of their manifestation in real conditions. The conditions necessary for the successful realization of the goals of moral development of the individual, the opportunity for social activity and the acquisition of independent experience in the implementation of leading moral qualities.

Keywords: righteous behavior, kindness, respect, agreement of thought and word.

Формирование духовно-нравственной личности является неоспоримой и важнейшей целью всякого общества. Недостатки и упущения в духовно-нравственном развитии личности наносят огромный невозвратимый и невозполнимый урон как целом обществу, так и самой личности.

Именно поэтому решая сегодня социальные задачи воспитания, надо опереться на разумное и нравственное в человеке и помочь каждому воспитаннику определить ценностные основания собственной жизнедеятельности, обрести чувство ответственности за сохранение моральных основ общества.

Это осуществимо средствами специально организованного этического воспитания, органически вплетенного в учебно-воспитательный процесс и составляющего его неотъемлемую часть.

Сегодня происходит переход к концепции развития личности от концепции функциональной подготовки. В условиях интенсивного глобального взаимодействия национальных традиций и культур, цивилизованных и ценностных систем современный учитель, должен быть личностью обладающей навыками самообразования, творческой деловой самореализации, физического и нравственного саморазвития, культурно-исторической и языковой самоидентификацией. Учебно-воспитательный процесс – системообразующий фактор организации жизнедеятельности и этическое воспитание

должно стать одним из обязательных компонентов данного процесса. Ведь учебное заведение как социальный организм может и должен стать для студентов той адаптивной средой, нравственная атмосфера которой обусловит его ценностные ориентации. Поэтому важно чтобы воспитательная этическая система не только взаимодействовала со всеми составными компонентами. Эти позиции лежат в основе разработанной нами и широко апробированной в педагогической практике системы воспитания основ этической культуры.

Она основана на логической взаимосвязи следующих структурных компонентов:

- этический урок как специализированный учебный предмет, построенный по инновационной методике с сюжетно-игровой основой;

Одним из методических приемов, который можно использовать в группах, является прием «Фишбоун». Дословно он переводится с английского как «Рыбная кость» или «Скелет рыбы» и направлен на развитие критического мышления учащихся в наглядно-содержательной форме. Суть данного методического приема – установление причинно-следственных взаимосвязей между объектом анализа и влияющими на него факторами, совершение обоснованного выбора. Дополнительно метод позволяет развивать навыки работы с информацией и умение ставить и решать проблемы.

«Кластеры» – это графические систематизаторы, которые показывают несколько различных типов связи между объектами и явлениями. В центре листа пишется слово (тема, проблема). Далее вокруг этого слова записываются слова или предложения, которые приходят на ум в связи с этой темой или которые уже выбрал из текста. Это дает общее представление учащихся об изучаемом. Кластер является отражением нелинейной формы мышления. Иногда такой способ называют «наглядным мозговым штурмом».

«Толстые и тонкие вопросы» Вопросы, на которые легко ответить «да» или «нет», но гораздо чаще встречаются вопросы, на которые нельзя ответить однозначно. Тем не менее, мы нередко оказываемся в ситуациях, когда человек, задающий вопросы, требует от него однозначного ответа. Поэтому учащихся необходимо учить различать те вопросы, на которые можно дать однозначный ответ (тонкие вопросы), и те, на которые ответить столь определенно невозможно (толстые вопросы). «Толстые вопросы» – это проблемные вопросы, предполагающие неоднозначные ответы.

«ПОПС формула» – данный прием может стать отличным инструментом построения дискуссии. Он позволяет построить свое выступление кратко, лаконично, аргументировано, со всеми соответствующими выводами, что, безусловно, вызывает интерес, побуждает к деловому спору. Структура формулы ПОПС содержит в себе 4 важных компонента, которые представляют собой расшифровку первых букв данной аббревиатуры и являются необходимыми элементами для построения текста.

П – позиция. Необходимо по заданной проблеме высказать свое собственное мнение. Для этого можно использовать следующие формулировки: «Я считаю, что...», «На мой взгляд, эта проблема заслуживает / не заслуживает внимания», «Я согласен с...».

О – обоснование, объяснение своей позиции. Здесь необходимо привести все возможные аргументы, подтверждающие ваше мнение. Ответ должен быть обоснованным, а не пустословным. В нем должны быть затронуты моменты из изученного курса либо темы, раскрыты определения и понятия. В данном блоке основной вопрос – почему вы так думаете? А это значит, что начинать раскрытие его следует со слов «Потому что...» или «Так как...».

П – примеры. Для наглядности и подтверждения понимания своих слов необходимо привести факты, причем их должно быть не менее трех. Данный пункт раскрывает умения учащихся доказать правоту своей позиции на практике. В качестве примеров можно использовать как собственный опыт, даже может надуманный, так и знания с курса истории или обществознания. Главное, чтобы они были убедительными. Речевые обороты, используемые на этом шаге, – «Например...», «Я могу доказать это на примере...».

С – следствие (суждение или умозаключение). Этот блок является итоговым, он содержит ваши окончательные выводы, подтверждающие высказанную позицию. Начало предложений в нем может быть таким: «Таким образом...», «Подводя итог...», «Поэтому...», «Исходя из сказанного, я делаю вывод о том, что...».

Таким образом, целенаправленно проектируемая дифференцированная образовательная программа, с применением методов активного обучения, позволяет не только выстроить индивидуальный образовательный маршрут обучающегося, но является эффективным условием формирования духовно-нравственных, эмоционально-психологических ценностей, которые являются фундаментальными основами для полноценного развития личности воспитанника.

Такое построение образовательного процесса, когда решение познавательных задач и учебных проблем осуществляется с учетом индивидуальной траектории развития интеллектуальных способностей учащегося, позволяет создать фундамент, основу для гармоничного, полноценного духовно – нравственного становление личности. Так как обучение и воспитание – это социальное развитие формирующейся личности, обуславливающее ее мировоззрение, проявление ответственности, формирование благородства личности. Из которых складывается как следствие внутренний стержень человека, его состояние внутренней жизни, а это основа, ключ к его духовности и нравственности.

Список литературы:

1. Гущина О.В. Современный поход к духовно-нравственному воспитанию учащихся // Научные труды SWorld. 2012. Т. 23. №4. с. 61–66.
2. Данилюк А.Я., Кондраков А.М., Тишков В.А. Концепция духовно-нравственного развития и воспитания личности гражданина России. – М.: Просвещение, 2014. – 24 с.
3. Кейра Ф. Характеры и нравственное воспитание. – М.: Либроком, 2015. – 136 с.
4. Махмудова Р. Н. Нравственное воспитание как психолого-педагогическая проблема // Педагогические науки. 2010. № 1. с. 77–81.
5. Микерова Г.Ж., Жук А.С. Алгоритм построения индивидуальной образовательной траектории обучения // Современные наукоемкие технологии. – 2016. – № 11-1. – с. 138-142.
6. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2011-2020 годы / www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo.

УДК 37:001

Жумабаева К.Е.

кәсіби қазақ тілі оқытушысы, «Қостанай жоғары медициналық колледжі» КММ,
Қостанай облысы,
Қостанай қ., Қазақстан

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ТИІМДІ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. В данной статье рассматривается деятельность языка как средства общения. Речь идет о коммуникативных особенностях и видах речи. В настоящее время особое внимание уделяется вопросам коммуникативного обучения языку. Новая технология обучения языку предполагает овладение коммуникативно-познавательной деятельностью языка с учетом коммуникативной деятельности. Самое главное, основное в жизни человека – другой человек. Вокруг тех других людей формируется мир человека. Общение с другими людьми – стержень человеческой жизни. Известно, что любой человек не может жить без общения с другими. На формирование отношений влияет общение, взаимопонимание между людьми. Поэтому в этой статье рассматриваются вопросы языкового общения и языковой коммуникативной компетенции. Особое внимание уделяется роли устной речи в достижении коммуникативных целей в обучении казахскому языку. Потому что через устную речь люди понимают друг друга, высказывают, доказывают свои мысли. А также выражают свои эмоции к озвученному, слышавшему сообщению. В статье эти проблемы рассматриваются с точки зрения языкового общения.

Ключевые слова: языковая коммуникация, коммуникация, разговор, языковая компетентность, коммуникативное обучение, коммуникативная деятельность, средства общения.

Abstract. This article discusses the activities of the language as a means of communication. We are talking about communicative features and types of speech. Currently, special attention is paid to the issues of communicative language teaching. The new technology of language teaching involves mastering the communicative-cognitive activity of the language, taking into account communicative activity. Most importantly, the main thing in a person's life is another person. Around those other people, the human world is forming. Communication with other people is the core of human life. It is known that any person cannot

live without communication with others. The formation of relations is influenced by communication, mutual understanding between people. Therefore, this article discusses the issues of language communication and language communicative competence. Particular attention is paid to the role of oral speech in achieving communicative goals in teaching the Kazakh language. Because through oral speech people understand each other, express, prove their thoughts. They also express their emotions to the voiced, heard message. In the article, these problems are considered from the point of view of language communication.

Keywords: language communication, communication, conversation, language competence, communicative training, communicative activity, means of communication.

Білім беруде жүзеге асырудың бір маңызды сипаты, қазіргі уақыттағы оқыту, білім беру мазмұнын жаңарту қажеттігіне туындап отырғандығы баршаға мәлім.

Жалпы құзыреттілік дегеніміз – белгілі бір заттар мен үрдістер және оларға деген қатынастар бойынша әрекет ету үшін қажетті тұлға бойында бар өзара байланыстағы қасиеттердің (білім, білік, дағды, іс-әрекет тәсілдері) жиынтығы.

Оқытушы мен білім алушының кәсіби құзыреттіліктерін арттыру мақсатында қажетті жағдай жасауға бағытталған айқын жұмыс жүйесі қалыптасқан.

Қазіргі заманның талабына сай, білім алушыны тәрбиелеуде, білім беруде аса маңызды болып кәсіби жағынан бәсекеге қабілетті, ортада өз орнын таба алатын тұлға ретінде қалыптасуы маңызды.

Құзыреттіліктердің арасынан коммуникативті құзыреттілік аса маңызды рөл атқарады. Коммуникативті құзыреттілік дегеніміз тілдің барлық қырынан қызметін атқаруы, ауызша және жазбаша тілдік мәдениеті, әртүрлі салада, әртүрлі жағдайларға біліктілік пен дағдылықты қалыптастыру.

Коммуникативтік құзыреттілік дегеніміз не? Яғни, «коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competere» – қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан) – қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әр түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды.

Коммуникативтік құзыреттілік адамдардың өз ана тілімен қатар өзге тілді де меңгеруін қарастырады [2]. Неміс тілін екінші тіл ретінде оқытуды зерттеген, көптеген монографиялық еңбектердің авторы, ресейлік ғалым И.Л. Бим «Коммуникативтік құзыреттілік – тілді жеткізушілермен тіларалық және мәдениетаралық қатынасқа түсу қабілеттілігі» деп атап өткен болатын [3]. Яғни екінші тілді меңгеруде тек сол тілде сөйлеу ғана мақсат болмайды, сонымен қатар сол тілде сөйлеуші ұлттармен мәдениетаралық қатынасқа түсу де қарастырылу қажет. Коммуникативтік құзыреттілік құзыреттілік амалына негізделеді. Құзыреттілік амалы – білім беру нәтижесіне ден қоятын амал, бұл жерде нәтиже ретінде ақпарат көлемін игеруді емес, адамның алған білімін қолдана, жаңа білім тудыра отырып, түрлі проблемалық жағдайларда өз бетімен әрекет етуін қарастырады. Құзыреттілік тәсілдің мақсаты – дәстүрлі емес және типтік жағдаяттарда шешім қабылдау және іс-әрекет жасау, өз мақсатын анықтай алу дағдыларын меңгеру болып табылады. Құзыреттілік тәсілінің басты міндеті білім алушылардың бастамашылдығы мен өз бетінше жұмыс істей алатынын көрсетуге деген ынтасы болып табылады. Ол білім алушылардың жеке әрекет ете алуына, өз қабілеті мен қызығушылығын ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Құзыреттілік тәсілі білім алушылардың білім, білік дағдыларын жеке-жеке емес, кешенді түрде меңгеруді жобалайды.

Ғалым Ф.Ш. Оразбаева «коммуникация» термині туралы былай тұжырымдайды: «коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдік әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді.

Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік құзыреттіліктің негізгі 4 бөлігі қамтылады:

1. Грамматикалық құзыреттілік;
2. Оқырмандық құзыреттілік;
3. Стратегиялық құзыреттілік;
4. Мәдени-танымдық құзыреттілік.

Осы құзыреттіліктердің анықтамасына тоқталсақ.

Грамматикалық құзыреттілік – тіл ережелерін білу, грамматикалық ережелерді оқыту. Оқушыларға грамматикалық кестелер арқылы жан-жақты білім беруді негізге ала отырып, оқулықта берілген грамматикалық ережелерді жаттату, талдату.

Оқырмандық құзыреттілік – оқушыларды көркем әдебиетті, ұсынылған мәтіндерді толық мәнінде түсіне алатын, көркем әдебиетке, оқуға танымдық қызығушылықпен қарайтын, шығармаларды өз бетімен талдап, баға бере алатын, қазіргі заман оқырманын қалыптастыруды көздейді.

Стратегиялық құзыреттілік – әңгімелесуші адаммен байланыс ережелерін білу және қолдану. Бұл – диалог құру және оны жалғастыру шеберліктері.

Мәдени-танымдық құзыреттілік – тілді тасымалдаушы, қолданушы – халық мәдениетін білу. Ана тілі оқулықтарына халық педагогикасы бойынша тақырыптар енгізілген. Олар: қазақ халқының салт-дәстүрлері, ұлттық ойындар, ұлттық тағамдар, ұлттық киімдер және мейрамдар, отбасы тәрбиесінің дәстүрлері және қазақ халқының қонақжайлылығы. Осы тақырыптар бойынша оқушыларды қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен таныстыра отырып, оқушылардың ана тіліне деген қызығушылықтарын арттыру және халқымыздың мәдениеті, тұрмысы, салт-дәстүрлері туралы білімдерін тереңдету.

Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Сондықтан мұғалім алдына мақсат қоя білетін, анық та дұрыс сөйлей білетін, өз ойын жарыққа еркін шығара алатын, түсіне білетін, қызығушылықпен тыңдай алатын адамды өмір жолына аттандыра білуі керек.

Студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері төмендегідей:

- Сұрақ-жауап (мұғалім мен оқушылар);
- Диалог (оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы);
- Қатысым (мұғалім мен оқушылар, оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы);
- Жазылым (тақырыпқа байланысты мәтінмен жұмыс).

Бұл жұмыс түрлері коммуникативтік құзыреттіліктің алашқы баспалдағы болып есептеледі. Себебі, бұл жұмыс түрлерін барлық сабақта мұғалім мүмкіндігінше қолдана алады. Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері оқушылардың:

- Қатысым және жазылым қарым-қатынасын қалыптастыруға;
- Сөйлеу тілін дұрыс меңгеруге;
- Жеке тұлғаның құзіреттілік қатысымдылығын жүзеге асыруға ерекше ықпал ететінін көруге болады.

Өйткені, осыған байланысты әдіскер-ғалым Ф.Ш. Оразбаева қатысымдық әдістің өзіндік белгілерін көрсете отырып, оған мынадай анықтама береді: «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі». Осылайша мұғалімнің оқудағы құзіреттілікке бағыт – бағдар беруі оқушылардың ой-қорытынды жасауына, өз ойын айта білуіне, оны күнделікті өмірде пайдалана білуіне көмегін тигізеді. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру – заман талабы. Сабақ үстінде коммуникативтік құзіреттілігін дамыту мақсатында жұптық, топтық жұмысын да пайдалану жөн. Әр сабақтағы дұрыс ұйымдастырылған топтық және жұптық жұмыста оқушылар:

- Өздігінен тапсырманы орындайды, топ мүшелерімен немесе жұбымен өз пікірін бөліседі, алмасады;
- Жоспарланған тапсырмалар туралы айта алады;
- Өз мүмкіндігін біледі;
- Өзінің оқуы үшін үлкен жауапкершілік алуға қабілетті болады; Назарын бақылай алады және алаңдамайды;

- Өз тәртібі мен өзгенің тәртібі туралы және оның салдары туралы айта алады;
- Нені қалай жасағаны туралы немесе нені үйренгені туралы айта алады;
- Өз сезімі мен өзгелердің сезімі туралы біледі, көмектеседі және тыныштандырады;
- Жаңа тапсырманы сеніммен қолға алады;
- Өзін тыңдаушы студент ретінде жағымды жағынан көргісі келеді;

Топтық және жұптық жұмыстың нәтижелері:

1. Топтық, жұптық жұмысты пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі.

2. Студенттердің барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады.

3. Олардың әрқайсысының деңгейін анықтай аласың.

4. Студенттердің көбін бағалауға мүмкіндік аласың.

5. Студенттерді ізденіске баулып, жұппен, топпен жұмыс істеуге үйретеді.

6. Студенттердің қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.

7. Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауда, өзіне деген сенімін қалыптастырады.

Осы тұрғыда білім алушыларды ана тілдерімен қатар, мемлекеттік тілді оқып үйретуге, болашақ медициналық қызметкер ретінде мәдениетті, тілді жақсы игерген маман ретінде оқытып шығару біздің басты міндетіміз деп ойлаймын. Осындай тұлға тәрбиелеп шығару үшін, студенттерді тілдік құралдар арқылы әр кездерде, әр жағдайларда коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырылуы қажет. Коммуникативті қарым-қатынас қазіргі кезде ең маңызды қажеттілік деп санаймын. Студенттер ең алғаш рет кәсіби қазақ тілі сабақтарында келгеннен бастап, олардың алдына тілге, Отанға, таңдаған мамандығына деген қызығушылығын арттырып отырамын. Әрине, сабақ барысында қиындықтар да болып тұрады. Студенттердің арасында ересектері де кездеседі, әрине олар мемлекеттік тілді өз деңгейінде жетік білмейді. Тіл маманы болғаннан кейін, студенттермен жұмыс жасау, тілге деген ой-өрістерін кеңейту, жас ұрпақты тәрбиелеуде ат салысуым басты міндетім деп есептеймін.

Құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды құрастырудың басты мақсаты – студенттерге тек қана білім беріп қана қоймай, сол алған білімдерін өмірде қолдана алатын құзыреттілігі қалыптасқан жас ұрпақ тәрбиелеу, ол үшін білім алушылар теориялық алған білімдерін өмірмен байланыстыратын тапсырмалар реттілігін орындауына жағдай жасау қажет. Студенттің сабақта өзіндік мәліметтерді жинақтап, белгілі бір уақытта білімдерін одан әрі дамытуға әрекет жасауы тек білу, түсіну ғана емес, сондай-ақ талдау, бағалау әрекеттерін жан-жақты қолдану арқылы көрініс табады. Студент берілген мәліметтер ішінен өзіне қажетті ақпаратты өз бетімен анықтай алуға, орындалатын жұмыстың ішінен өздігінен мақсат қойып, таңдаған мәліметтерін негіздей алуы керек. Атап өтетін болсақ, кәсіби қазақ тілі сабағында «Менің денсаулығым» тақырып бойынша ең біріншіден, студенттермен сұрақ-жауап, сұхбаттасу. Бұл тақырып сіздерге таныс па, қандай пәнде бұл тақырып кездестірдіңіздер деген сұрақтар арқылы білім алушыларды ойларын маңыздандырып алдым. Жалпы «Денсаулық» дегеніміз не?

Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Сондықтан оқытушының алдына мақсат қоя білетін, анық та дұрыс сөйлей білетін, өз ойын жарыққа еркін шығара алатын, түсіне білетін, қызығушылықпен тыңдай алатын адамды өмір жолына аттандыра білуі керек.

Студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері төмендегідей:

- Сұрақ-жауап (оқытушы мен студент). Мысал келтіретін болсақ, сабақтың тақырыбына сәйкес «Жұқпалы аурулардан сақтану жолдары». Бұл тақырып туралы біз не білеміз, қандай деректерді еске түсіре аламыз. Қандай жұқпалы ауруларды білесіздер? деген сұрақтар студенттердің ойларын жинақтап, клиникалық пәндерде өткен тақырыптарды естеріне түсіріп, сұхбат орта;

• Диалог (студент пен студент, оқытушы мен студент) «Мейіргер ісі», «Емдеу ісі» мамандығы бойынша студент пен студент «Ауруханаға науқасты қабылдау» тақырыпты диалог ретінде жүргізіледі. Әрине науқаспен амандасу, қал-жағдайын сұрау, медициналық талап, стандарт бойынша ауруханаға қабылдау.

Ауруханаға науқасты қабылдау

- Сәлеметсіз бе?
 - Сәлеметсіз, кіріңіз, отырыңыз.
 - Аты-жөніңіз кім? Жасыңыз нешеде?
 - Менің аты-жөнім... Жасым....
 - Жолдамаңыз бар ма? Қай дәрігер жіберді?
 - Иә, бар. Мені 2-ші емхананың терапевт дәрігері жіберді.
 - Градусникті алыңыз. Қызуыңызды өлшеңіз.
 - Қолыңызды беріңіз. Мен сіздің қан қысымыңызды өлшеймін.
 - Белге дейін шешініңіз. Дем алыңыз, дем алмаңыз, жақсы, киініңіз.
 - Сізге бөлімшеде жолдама береді қан, зәр анализдерін тапсырыңыз.
 - Енді сіз үшінші қабатта лифтпен көтеріліп, терапия бөлімшесіне барасыз.
 - Жақсы, рахмет.
- Қатысым (оқытушы мен студенттер, студент пен студент.);
 - Жазылым (тақырыпқа байланысты мәтінмен жұмыс).

Бұл жұмыс түрлері коммуникативтік құзыреттіліктің алғашқы баспалдағы болып есептеледі. Себебі, бұл жұмыс түрлерін барлық сабақта оқытушы мүмкіндігінше қолдана алады. Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері студенттердің қатысым және жазылым қарым-қатынасын қалыптастыруға, сөйлеу тілін дұрыс меңгеруге жеке тұлғаның құзіреттілік қатысымдылығын жүзеге асыруға ерекше ықпал ететінін көруге болады.

Өз іс-тәжірибемде коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасқан студент екінші адаммен, группаласымен белгілі бір ақпаратты жеткізіп қана қоймай, өз ойын түсіндіре, олардың пікірін ұға, түсіне білетініне көз жеткізіп жүрмін.

Диалогтік әдісті қолдана отырып студенттердің сұрақтарды, өтінішті, таңдануды, бұйыруды қолданып, бір-бірімен әңгімелесе білуге, мәліметтерді нақтылауды сұрауға, келіспеушілік, толықтыру, тілдік материал көлемінде өзара пікір алыса білуге дағдыландырамын. Әртүрлі типтегі кішігірім диалогтар құрастыруды тапсырамын. Біліктіліктерді жетілдіру мен дамытуды оқушылардың еркіндігін сақтау жолымен жүргіземін. Диалогтік оқыту студенттің тек қана бірлескен әрекетке тартылуына ғана емес, оның ойлау қабілетінің жоғары деңгейге өсуіне, тіл байлығы мен зияткерлік қабілетінің дамуына ықпалын тигізеді. Осы кезде топ арасында талқылау жүзеге асады. Әр топ өз пікірін айтып, дәлелдеме жасайды.



Сурет 1. Сабақта пікірталас

1. Пікірталастық әңгіме: Сіз ИЖС аурумен ауырмау үшін не істейсіз?

Үлгі: Әдетте мен ауырмау үшін ауру туралы көп мәліметтермен (танысамын /таныспаймын).

Егер мен дәрігерге барсам, бір реттік құралдарды пайдалануды.

Нашақорлыққа қарсы (күресемін/күреспеймін).

Жылына 2-3 рет ИЖС орталығына барып (қаралып тұрамын /қаралып тұрмаймын).

ИЖС туралы газет-журналдардан жаңа ақпараттармен танысып отырамын/таныспаймын

Радио/теледидардан ауруға қарсы бағдарламаларды жиі көремін/көрмеймін

2. Топтық әңгіме:

Сіз қалай ойлайсыз? Топпен талқылаңыз.

1. ИЖС ауруының алдын алу үшін мектептерде, колледждерде жоғары оқу орындарында ақпарат жұмыстары жақсы жолға қойылуы тиіс.

2. _____

3. _____

4. _____

3. Зерттеушілік әңгіме. Зерттеулер қандай деректерді көрсетеді? Дәрігерлер, мамандардың ойын ортаға салу.

Іс-тәжірибеде жоғарыдағы үш түрлі диалогтың екіншісі қолайлы деп шештім. Әңгімелесу – оқытушының студенттердің оқуға деген ынтасын оята алатын пәрменді тетік. Олар жұптық, топтық, ұжымдық. Жұптық жұмысқа түсу осы диалогтерден тұрады. Диалогтің өзі сабақ өту кезінде әр түрлі әдіс арқылы жүзеге асады. Мысалы: сұрақ-жауап, рөлдік, тапсырманы орындату, жұптық жұмыс, диалогтік мәтінді оқу.

1. Сұрақ-жауап әдісі – кәсіби қазақ тілі сабағында студенттердің ынтасын арттырады, қызығушылығын оятады. Әрбір жаңа сабақты бастамас бұрын жаңа тақырыпқа байланысты кіріспе сұрақ-жауап дайындалады

2. Рөлдік ойындар - сабақ үдерісін жандандырып, тілді үйренуге деген қызығушылықты арттырады. Рөлдік ойындардың басты қызметі шынайы, дайындықсыз сөйлеуге қажетті ахуалды туғызу. Тіл үйренушілер сөйлеу жағдаятына ене отырып, тілді қатынас құралы ретінде пайдалануға ұмтылады. Ойынды өткізу үшін тіл үйренушілердің психологиялық дайындығын қалыптастыру маңызды компонент болып табылады. Студенттер ситуацияны толық қабылдап, өзін еркін сезінуі қажет. Күнделікті сабақтарымда студенттік рөлдік ойын тапсырмаларын дайындаймын. Тақырыпқа сай рөлдік ойынға тура келетіндей басқа оқулықтардан тапсырмалар қосымша іздестіремін. Студенттер топ болып мәтінді оқып, оны орыс тіліне аударып, топ басшысы оларды рөлге дайындап сонымен бірге сыни тұрғыда ойлау қабілеттерін дамытады деп ойлаймын.

Болашақ маманның бойында келесі түйінді құзыреттіліктердің болуы – заман талабы:

- басқарушылық (проблеманың туындауын шеше алу қабілеттілігі);
- ақпараттық (танымдық қабілетін қалыптастыруға қабілеттілігі);
- коммуникативті (үш тұғырлы тіл арқылы ауызша, жазбаша коммуникациясы);
- әлеуметтік (өзіндік әлеуметтік қарым-қатынасқа қабілеттілігі);
- жеке (өзіндік ұйымдастыру, білім жетілдіру, өмірлік және кәсіптік жолды анықтауға, толерантты болуға қабілеттілігі);
- азаматтық (Қазақстанның азаматы ретінде жауапкершілігі мен мәдениетіне жанашырлығы);
- технологиялық (ғылыми, өзіне қажетті деңгейде жаңа технологияларды қолдану қабілеттілігі).

Құзыреттілік дегеніміз – студенттердің алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі. Кәсіби қазақ тілі сабақтарында студенттердің коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда қатысымдық әдістің маңызы зор.

Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Сондықтан оқытушы алдына мақсат қоя білетін, анық та дұрыс сөйлей білетін, өз ойын жарыққа еркін шығара алатын, түсіне білетін, қызығушылықпен тыңдай алатын адамды өмір жолына аттандыра білуі керек.

Қазіргі студенттердің бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру заман талабы болып табылады. Коммуникативті құзыреттілік – оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны және қызметтің әмбебап тәсілдерін және білім берудің нәтижесі.

Коммуникативтік құзыреттілік бірқатар маңызды міндеттерді шешумен қатар өнімді өзара іс-қимылды, оның ішінде басқа да көзқарас пен бағыттарды ұстанатын басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас диалогына түсе отырып, алуан түрлі ахуалды шешуді жүзеге асыруға және жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі позициядағы адамдармен топта қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Құзыреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол студенттердің шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді.

Коммуникативтік құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол ең әуелі оқыту үрдісінде қалыптасады. Сонымен, оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, білім беру барысында оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын білім беру орындарындағы педагогикалық тәжірибеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді.

Сонымен, құзыреттілік – тек білім ғана емес, студенттің оқу үдерісінде меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін іс жүзінде дұрыс, орынды, тиімді пайдалануы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мирза Н.В. Профессиональная компетентность педагога. – М.: Московский Парнас, 2008. – 256 с.
2. Кан-Калик В.А. Техника педагогического общения. Учителю о педагогическом общении: книга для учителя. – М.: Просвещение, 1987. – 190 с.
3. Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері: монография. – Алматы, 2012. – 144 б.
4. Әшімбекова А.М. және т.б. Кәсіби бағдар беру бойынша екі тілді анықтамалық-терминологиялық сөздік (қазақ, орыс тілдерінде). Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2013. - 49 б.
5. Буkenова Ж. Электронды аударма сөздіктер // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2007. – 5 б.
6. Муравьев Е.М. Компетентностный подход как одно из оснований обновления образования//Народное образование, №5, 2003
7. С.Аманжолов, Құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негіздері // Өскемен: 2007. – Б.135-140.
8. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Толықтырылған төртінші басылымы. 2 том. – Алматы: «Ан Арыс», 2019. – 584.
9. Дәулетбекова Ж.Т. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед.ғыл.докт. ...автореф.: - 13.00.02. – Алматы, 2008. – 44 б.
10. Алифанова Е.М. Формирование коммуникативной компетенции детей дошкольного и младшего школьного возраста средствами театрализованных игр: дис. ... канд. пед. наук. – Волгоград, 2001.

11. Сүлейменова Ж.Н. Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқытудың ғылымиәдістемелік негіздері: пед.ғыл.докт. ...автореф.: - 13.00.02. – Алматы, 2005. – 50 б.
12. Қазақ тілін оқыту: жетістіктер мен жаңа даму бағыттары// Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: Санат, 2011. – 245.
13. Өзге тілді аудиторияда оқытудың инновациялық қызметінің бағыттары // Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Рауан. – 345 б.
14. Іс-тәжірибеде оқытуды басқару мен көшбасшылық – тренердің жазбалары 1- басылым, 13.12.2011 ж. «Тілдік қатынас», оқулық, Алматы 1, 39 бет
15. Толығырақ: https://alashainasy.kz/ustazdar_ustahanasy/kazak-tl-sabagyinda-okushyilardyin-kommunikativtk-kuzyirettlktern-damyitu-133210/ материалды қалай болсын қолдану тек қана Alashainasy.kz сілтемесімен бірге рұқсат етіледі.

ӘОЖ: 14.25.09

Жусупова Р.Ш.

химия пәнінің мұғалімі, «Жаңаесіл ауданы №32 орта мектебі» КММ
Ақмола облысы,
Целиноград ауданы, Қазақстан

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ САБАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. В настоящее время дистанционное обучение внедрено в сферу образования, что препятствует распространению эпидемии. Это обстоятельство ограничило возможности не только учащихся, но и учителей, позволило глубже овладеть тонкостями процесса дистанционного обучения. Это связано с тем, что учащиеся становятся активными членами учебного процесса, участвуют в коммуникационных процессах, взаимодействуют с ресурсами. В условиях дистанционного обучения встает вопрос о роли учителя. Через Интернет, на цифровых платформах осуществляется учебный процесс между учащимися и учителями. Учителя уделяли больше внимания каждому ученику в процессе работы с учениками, чтобы они могли предоставлять видеозаписи, текстовую информацию и работать с материалами любой цифровой платформы. Обеспечивает своевременную обратную связь с каждым учеником, контроль и коррекцию учебного процесса. Несмотря на это непростое время, качественное образование остается главной целью каждого учителя. Поэтому для продуктивного образования необходимо использовать эффективные методы дистанционного обучения.

Annotation. Currently, distance learning is introduced in the field of education, which prevents the spread of the epidemic. This circumstance limited the opportunities not only for students, but also for teachers, and allowed them to master the subtleties of the distance learning process more deeply. This is due to the fact that students become active members of the educational process, participate in communication processes, interact with resources. In the context of distance learning, the question arises about the role of the teacher. Through the Internet, on digital platforms, the educational process between students and teachers is carried out. Teachers paid more attention to each student in the process of working with students, so that they could provide video recordings, text information and work with materials from any digital platform. Provides timely feedback to each student, control and correction of the learning process. Despite this difficult time, quality education remains the main goal of every teacher. Therefore, for productive education, it is necessary to use effective methods of distance learning.

Түйін сөздер: қашықтықтан оқыту, әдістер, тиімді тәсілдер, синхронды сабақ, ата-ана, оқушы, мұғалім, мектеп, сапа.

Қазіргі уақытта індеттің таралу жолдарына бөгет етіп қашықтықтан оқыту білім беру саласына енгізілді. Бұл жағдай оқушылардың ғана емес мұғалімдердің де мүмкіндіктерін шектеп, қашықтықтан оқыту үдерісінің қыр сырын тереңірек меңгеруге мүмкіндік берді. Себебі, оқушылар оқу үдерісінің белсенді мүшелеріне айналып, байланыс процестеріне қатысып, ресурстармен өзара әрекеттеседі.

Қашықтықтан оқыту жағдайында мұғалімнің рөлі туралы мәселе туындайды. Интернет арқылы, сандық платформалар арқылы оқушылар мен мұғалімдер арасында оқу үдерісі жүзеге асады. Мұғалімдер оқушылармен жұмыс жасау барысында бейнежазбалар, мәтіндік ақпараттарды ұсынып, кез келген сандық платформа материалдарымен жұмыс жасай алатындай етіп әр оқушыға көбірек көңіл бөлетін болды. Әр оқушыға дер кезінде кері байланыс беріп, уақытымен оқу үдерісін бақылап, түзетіп үздіксіз жүруін қамтамасыз етіп отырады. Осы қиын уақытқа қарамастан сапалы білім беру әр мұғалімнің басты мақсаты болып қала береді. Олай болса, нәтижелі білім беру үшін қашықтықтан оқытудағы тиімді әдістерді пайдалану керекпіз.

Қашықтықтан оқыту – жаңа ақпараттық технологиялар мен мультимедиялық жүйелер негізінде жүзеге асырылатын оқытудың ерекше формасы.

Онлайн мектеп, ZOOM, Google Class Room, Googlement, Darynonline, orleu-edu.kz т.б. бейнесабақтар, мәтіндік материалдар, таныстырылымдар, графикалық, медиа, суреттер дайындап, мұғалімдерге ұсынып отыр. Ұсынылып отырған сандық платформаларды толығымен пайдалана білуі ол әр мұғалімнің шеберлігі.

Қашықтықтан оқытуды қалай ұйымдастыру керек? Мұғалімнің қадамдары.

Барлық кіруді тексеріңіз. Интернет байланысы жеткілікті тұрақты екеніне, компьютер қосымшалардың талаптарына сәйкес келуін, оған барлық қажетті бағдарламалар орнатылғанына көз жеткіңіз.

Балама нұсқаларды қарастырыңыз. Сыныпта қандай да бір себептермен барлық онлайн режимінде оқи алмайтын бала болуы мүмкін. Оған қосымша жұмыс істеудің бірнеше нұсқасын алдын-ала жасап алаңыз.

Ұйымдастыруға уақыт бөліңіз. Сандық қызметтерді анықтаңыз. Алдымен сізге техникалық мәселелерді шешуге, оқушылармен және олардың ата-аналарымен байланыс орнатуға, жаңа қызметтер мен платформаларды игеруге, қарапайым сабақтарды онлайн сабақтарға қайта форматтауға уақытты қажет етеді, сондықтан ол өз кестесінде осындай істерге бірнеше сағат жұмсайды.

Оқушылармен өзара әрекеттесу туралы ойланыңыз. Кері байланыс өте маңызды: мұғалім өзін бос сезінбейді, ал оқушыларға оларды ешкім бақыламайды деп ойламайды.

Топтық жұмысты ұйымдастырыңыз. Мысалы, WhatsApp чатында, бұл балаларға оқшауланудың салдарын жеңуге және сыныптан байланысын жоғалтпауға көмектеседі.

Қашықтықтан оқыту ережелері.

Қашықтықтан оқыту үдерісі ұсынылған цифрлық платформалардың тізбесі бойынша синхронды және асинхронды форматында өтуі мүмкін.

Сабақтың синхронды форматында оқыту - нақты уақытта педагог білім алушылармен тікелей байланысқа (стриминг) шығуы.

Ағынға шығу сабақтың 30-80% , сабақтың қалған уақыты асинхронды форматта өтеді.

СанПиН сәйкес тікелей желі үшін сабақты синхронды форматта оқыту үшін трансляцияларды 10-нан 30 минутқа дейін бөлуге болады.

Стриминг режимінде білім алушыларды сабаққа дайындау үшін – әрекеттер алгоритмі бар жадынама ұсыну керек.

Ағынға шығу мүмкіндігі болмаған кезде педагог сабақтарды тек асинхронды форматта жүргізеді.

Синхронды форматтағы сабақтарға арналған ұсыныстар.

1. Өткен тақырыпқа қысқаша шолу жасап, жаңа тақырыппен байланыстырып негізгі ақпаратты еске түсіру. Жоспар бойынша жаңа материалдарды ұсыну.

2. Оқу тапсырмалары ұсынылған көлемнен аспауы керек, тапсырмаларды орындау алгоритмімен бірге қажетті электрондық білім беру материалдары сілтемелерімен бірге берілуі керек.

3. Сабақтан кейін оны талдау қажет.

Жоспар бойынша неге қол жеткізе алмады / қол жеткізе алды? Қандай қиындықтарға тап болды? Оқушылардан кері байланыс алуды ұмытпаңыз.

4. Бағалау жүйесі туралы ойланыңыз.

5. Сабақ жазбасын сақтап, кез-келген уақытта оқушыларға материалдарға қол жеткізуге мүмкіндік беріңіз.

6. Ағынға (синхронды) шығу мүмкіндігі болмаған кезде мұғалім асинхронды форматта сабақ өткізеді.

Ақмола облыстық тамыз конференциясында қашықтықтан оқытудың сабақ жоспарының үлгісін ұсынған болатын.

Сабақтың тақырыбы, мақсаттары, күтілетін нәтижесі жазылады. Сабақ үш бөлімнен тұрады: сабақтың басы 3-5 минут, сабақтың ортасы 15 минут, сабақтың соңы 5 минут. Әр бөлімде ресурстар жазылып, сілтемелер көрсетіліп отырады.

Онлайн мектепте жұмыс жасап жатырмыз, бірақ оның функцияларын толығымен пайдаланбаймыз, мысалы үшін бейне конференция өткізетін мүмкіндігі бар. Сол мүмкіндікті пайдалану мұғалімдердің синхронды сабақ өткізіп, оқушылармен мұғалім арасында жанды дауыс арқылы араласуға мүмкіндік береді. Адамдар өз табиғатына қарай қарым-қатынасқа мұқтаж болып келеді, әсіресе оқушылар мұғаліммен, мұғалім өз оқушыларымен байланыс іздейді және де оқушылар өздігінен білім алатындықтан, мұғалімдер оларға ақпараттық қолдау көрсету қажет.

Сондықтан да сіздердің назарларыңызға 5 «А» сыныпта сабақ беретін мұғалімдері топтасып ұйымдастырылған жұмыс формасын ұсынғым келіп отырмын.

Бейнеконференция арқылы сабақ беріп, оқушыларды осы жұмыс формасына бейімдеп, білім беру үдерісін нәтижелі етеміз деп жұмыс жасап жатқан мұғалімдер Кожабекова Г.Ж., Жусупова Р.Ш., Жумабекова Г.Т. Әрине сабаққа көп дайындық керек, өз оқу материалдарын, бейнесабақтарын, презентация сабақтарын әзірлеп, Daryonline және YouTube беттерінен керекті видежазбалар іздеп, талдап оны ұсыну біраз уақыт алады. Алайда, сапалы білім беру үшін неге жұмыс жасап, ізденбеске.

Бейнеконференцияда қалай жұмыс жасайды.

Сыныпты таңдағаннан кейін видеоконференция бөліміне басып, сабақтың өтетін уақытын белгілейсіз, содан кейін құру батырмасын бассаңыз болғаны. Оқушылар сілтеме арқылы немесе сабақты бастау батырмасын басып сабаққа белгілеген уақытта кіреді. Бейнеконференциясы бетінде оқушылардың сабаққа қатысып отырғанын көруге болады, рефлексия кері байланыс орнату батырмасы бар, чат ашу арқылы жеке немесе сыныппен хабарласуға болады, өз экранымен бөлісу батырмасын басса, мұғалім дайындап қойған презентациясын, бейнежазбасын көрсетуге болады. Оқушылар микрофонмен дауысын, ал камерамен видеосын қосады.

Оң жағында үш нүктені басып ютубтан материал көрсетуге болады. Оқушы жауап беру үшін, қол көтеру функциясы бар. Сабақты аяқтау батырмасын басса, конференция аяқталады.

Қашықтықтан оқыту:

- мұғалімдер үшін заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы кәсіби құзыреттіліктерін жоғары деңгейге көтеруге зор мүмкіндік береді;

- оқушылар үшін цифрлік платформаларымен жетік жұмыс жасауға жол ашты, уақытты басқаруды, өзін ұйымдастыруды және өздігінен білім алуға дағдыландыруда маңызды роль атқаруда.

Қашықтан оқытуды енгізіп адамзат баласы бірнеше қадам алға басты деп айтуға болады. Өйткені оқу барлық білім алушыларға қол жетімді және бір сәтте оқытушылар өз дәрістерін бүкіл әлемге тарата алады.

Қашықтықтан оқытудың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, болашақта оқушыларға сапалы білім беруге жол ашады деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Правила дистанционного обучения. Ұлттық білім академиясы.
2. Тренерлердің кеңесі. НИШ
3. https://www.youtube.com/watch?v=B_xxZF41X3M

Ибрагимов М.А.

қоғамдық пәндер оқытушысы, Ы. Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжі
Қостанай облысы,
Рудный қ., Қазақстан

АДАМГЕРШІЛІК – РУХАНИ БАЙЛЫҚ

Аннотация. Бұл мақалада адамгершіліктің негізгі тұтқасы тәрбие, мәдениет, салт-дәстүр, білім және де рухани қазына туралы айтылады. Ұстаздардың бала тәрбиесіндегі рөлі біріншіден адамгершілік тәрбиеден бастау алатындығы. Еліміздің туын асқақтатар білімді, білікті, адамгершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу – біздің алдымыздағы ең басты міндет. Ал ұрпақ тәрбиесінде адамгершілік тәрбиесінің маңызы қай қоғамда, қай кезеңде болмасын күн тәртібінен ешқашан түскен емес. Оған дәлел Аристотельдің «Ғылымда ілгері ұмтылғанмен, адамгершілігі ақсап жатса, ондай адамның алға басуынан гөрі, кері кетуі тезірек» – деген сөзі дәлел. Сондықтан осы еңбекте адамгершілік, тәрбие туралы қарастырылған.

Түйін сөздер: адамгершілік, болашақ. ғылым, мәдениет, намыс, дәстүр, дін, рух.

Аннотация. В этой статье речь пойдет о воспитании, культуре, традициях, образовании и духовных сокровищах, которые являются основными рычагами нравственности. Роль педагогов в воспитании детей начинается, прежде всего, с нравственного воспитания. Воспитание образованного, компетентного, высоконравственного поколения, возвышающего знамя страны, – главная задача перед нами. А в воспитании поколений значение нравственного воспитания никогда не выпадало из повестки дня ни в каком обществе, ни в какой период. Доказательством тому служит высказывание Аристотеля: «в науке, хотя и стремящейся к прогрессу, но если человечество хромает, то такой человек быстрее отстывает, чем идет вперед». Поэтому в данном труде рассматривается нравственность, воспитание.

Ключевые слова: наука, культура, честь, традиция, религия, дух.

Abstract. This article will focus on education, culture, traditions, education and spiritual treasures, which are the main levers of morality. The role of teachers in the upbringing of children begins, first of all, with moral education. The education of an educated, competent, highly moral generation, raising the banner of the country, is the main task before us. And in the education of generations, the importance of moral education has never dropped out of the agenda in any society, in any period. The proof of this is the statement of Aristotle: "in science, although striving for progress, but if humanity is lame, then such a person retreats faster than he goes forward." Therefore, in this work, morality and education are considered.

Keywords: Morally. The future. The science. Culture. Honour. Tradition. Religion. Spirit.

«Рухы күшті ұлт озады» дегендей, ата-бабамыз өз перзентін сәби кезінде-ақ бал шырынды сөз құдіретімен тәрбие беріп, ән-жырдың әлдиіне бөлеген. Атасы тұрып, ұл сөйлемейтін әдептілікке баулыған. Намысы биік, қайсар халқымыз сәбиін бесігінде-ақ: «Батыр болар ма екенсің?» деп, өсер баланың үмітін ел арманымен астастырған. Ел қорғайтын азамат болуын көкसेген. Мұндай ұлы мұраттың жүзеге асуы үшін жүрегі мейірім мен ізгілікке толы, жан жылуы мол, қайырымды, отансүйгіш ірі тұлға болуы керек. «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген дана Абайдың қағидасы көнеден көш тартып келе жатқан ежелгі ел үмітін ұштағандай.

Бүгіндей түрлі мәдениеттер тоғысындағы жаһандану үрдісіне бағыт бұрған заманда ұлтымыздың рухани өресін биіктеткен тұлғалардың қалдырған мұрасын өресін биіктеткен тұлғалардың қалдырған мұрасын зерттеп, оның тағылымдық мәнін қайта зерделеу-заман тудырып отырған қажеттілік.

Қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруы жағдайында қоғамдық және жеке сананың қарқынды дамуы қажетігіне сәйкес тұлғаның мемлекеттік құндылықтарды бағалауда даму ұстанымының, бағытының, қарым-қатынас жүйесінің жаңашалануы өскелең ұрпақтың бойына инновациялық білім мен технологиялық құзыреттіліктерді қалыптастырып қана қоймай, оларды әлеуметтендіру мәселесіне баса көңіл бөлуді талап етеді.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат – міндеттерінің ең бастысы өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. ХХІ ғасырдың

табалдырығын аттаған еліміз әлемнің дамыған елдерінің қауымдастығына кіруге бет алды. Сондықтан еліміздің туын биікке көтерер білімді, білікті, адамгершілігі жоғары, рухани жан дүниесі таза ұрпақ тәрбиелеу біздің алдымыздағы ең ізгі қайырымды әрекеттеріміз.

«Сіздер мен біздер тек болашақ буынды ғана емес, жалпы адамзаттық қадір-қасиеттердің мән-маңызын түсінетін, жаны да, тәні де таза, білімді патриот азаматтар буынын тәрбиелеуге міндеттіміз», – деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, жаңа ғасыр толқыны әкелген жаңалықтарға сәйкес қазіргі заманда адамның жеке тұлғалық әлеуетін мақсатты түрде және кеңінен ашуға бағытталған рухани-адамгершілік жанды білім беру, ұлттық білім беру жүйесін дамытудың басты бағыты болып отыр.

Қазақ халқының рухани мәдениетінің аса маңызды бөлігін ғасырлар бойы жинақталған салт-дәстүрлер құрайды.

Дәстүрлер – жеке тұлғаның рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған күрделі қоғамдық қатынастар жүйесі. Ол қасиеттерге Отанға және өз халқына, оның тарихына, мәдениетіне деген махаббат, оны қорғауға дайын болу, достыққа адалдық, бірлікке, ынтымаққа тырысу, туысқандықты жаңарту, антқа адал болу, аманат сақтау, түп-тамырынды білу, ата-баба аруағын сыйлау, үлкендерді құрметтеу, әке үйін, «қара шаңырақты» дәріптеу, қонақжайлық құдалық дәстүрлері, т.б. жатады. Сондай-ақ дәстүрлер құрамына ұлттық және діни мейрамдарда кіреді.

Біздің заманымыздың көрнекті жазушы, этнограф, ұлт мәдениетінің шын жанашыры Сейіт Кенжеахметұлының саралауы бойынша, қазақтың ұлттық дәстүрлері мен салттарын былай жіктеуге болады:

1. Келін түсіріп, қыз ұзатуға байланысты дәстүрлер.
2. Тәлім-тәрбие дәстүрлері.
3. Тұрмыстық, өмір сүрулік дәстүрлер.
4. Еңбек, кәсіптік дәстүрлер.
5. Діни салттар.
6. Жерлеу салттары.

Жоғарыда аталған салт-дәстүрді жас буын бойына сіңіре білу керек деп есептеймін.

Еліміздің туын асқақтатар білімді, білікті, адамгершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу – біздің алдымыздағы ең басты міндет. Ал ұрпақ тәрбиесінде адамгершілік тәрбиесінің маңызы қай қоғамда, қай кезеңде болмасын күн тәртібінен ешқашан түскен емес. Оған дәлел Аристотельдің «Ғылымда ілгері ұмтылғанмен, адамгершілігі ақсап жатса, ондай адамның алға басуынан гөрі, кері кетуі тезірек» – деген сөзі дәлел. Осы тұрғыда жалпы білім беру жүйесін ізгілендіру қажеттілігі, қазіргі таңда рухани-адамгершілік тәрбие беру өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Адамгершілік – бұл рухани тәрбие. Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүйуге үйретеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз-өзін сыйламайды. Рухани-адамгершілік тәрбиесі – өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны осы жастағы балалардың ерекшеліктеріне сай келуі тиіс. Негізгі міндет – балалардың жақсы әдет, мінез-құлықын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. «Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі» – деп, Ы. Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туылған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Рухани-адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс.

Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру барысында, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» деген сөзді Платонның өзі де бекер айтпаған болар. Өйткені ұрпақ тағдыры дегеніміз – ұлт тағдыры.

Әрбір қоғамның дамуына байланысты бұл мәселе әрқалай шешіліп отыр. Қазіргі таңдағы ағымда оңай болып отырған жоқ. Біз қайда бара жатырмыз, қандай ұрпақты тәрбиелеп жатырмыз, алдымызда не күтіп тұр деген сұрақ әрбір ата-ананың, әрбір педагогтың көкейінде тұр. Француз жазушысы әрі философы Жан-Жак Руссо өзінің «Эмиль немесе тәрбие туралы» атты кітабында «Баланы өмір сүруге үйрету керек» деп жазған болатын, өйткені өмір сүру адамның – ең басты мақсаты мен міндеті. Ал өмір сүру дегеніміз өмірдің әрбір мезетін, әрбір көрінісін толыққанды, бар мүмкіншіліктерімен, мүшелерімен сезіну. Дана деп көп ғұмыр сүрген адамды емес, өмірді жан-жақты сезіне білген адамды атамаймыз ба?!

Сондықтан да шәкірт оқу орнының табалдырығынан қандай да бір ғылым иемденіп қана емес, бірінші кезекте адам болып шығуы қажет. Ол өз жүрегі мен жанын өмірге және басқа адамдарға айқара ашқан, жалған қағидаларды ұстанбайтын, дүниеге өз көзқарасы бар тұлға болуы керек. Адам болу дегеніміз адамгершілік қағидалар мен құндылықтарды ұстану, өмірдің мәнін өзіңнен емес, басқадан көру. «Өзің үшін!» қағидасының «Өзге үшін!» ұстанымынан бәсең болуы. Адамгершіліксіз білімнің еш қажеті жоқ екендігін ХХ-шы ғасыр дәлелдеді емес пе?! Сол себепті де ұстаздың басты мақсаты – шәкірттерін адам болуға баулу деп тұжырымдауға тұрарлық. Әрбір пән, әрбір сабақ, әрбір тақырып осы мақсатты жүзеге асыруға бағытталуы керек. Керек десеңіз, олардың барлығы да тек осы мақсаттың құралы ғана. Ал егер де оқушы қандай да болмасын бір тақырыпты немесе бір пәнді білмесе, бұл қынжылуға тұрарлық жәйт емес, өйткені мұндай жетіспеушілікті аталған биік мақсат толықтырады. Басқаша сөзбен айтқанда, шәкірт оқу нәтижесінде қандай да болмасын пәнді біліп емес, адам болып қалыптасуы керек. Жан-Жак Руссо ХVIII ғасырда «Бізде физиктер, геометрлер, химиктер, астрономдар, ақындар, музыканттар, суретшілер бар, алайда бізде азаматтар жоқ» деп налып айтқан екен. Бір ғасырдан кейін орыс педагогы Н. И. Пирогов педагогикалық процестің мақсаты «біздер адам қылу, саудагер, заңгерлерді тәрбиелеу емес, адам мен азамат қалыптастыру» деп Жан-Жак Руссоға үн қосады.

Ғұлама хәкім Абайдың негізгі ұстанымы да «Адам бол!» еді ғой... Абай өзін өзгеден артық санайтын адамнан бойын тартып, тіксініп қана қоймай, оны адам қатарына қоспаған. Адам мен адам бір-біріне тең тұтқанда, тегін сыйлағанда ғана сүюі мүмкін. Адам баласын осылай сүйе алған Абай «Адамның баласы – бауырың», «Адам баласына адам баласының бәрі – дос», «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген нақыл сөздерінен білуге болады. Аса зор гуманистік сүйіспеншілікпен айтылатын мұндай ауқымды, құдіретті сөзді тек кеудесінде Жер шарындай алып жүрегі бар Абай сынды тұлға ғана айта алса керек. Сондықтан талай-талай ұлылардың тәлім-тәрбиелік әдеп-қағидаларын, өмірлік ғибратты өсиеттерін жастарымыздың санасына сіңіру, жалпы адамзаттық құндылықтарды игерту білім беру жүйесіндегі қажетті шарты болып табылады. Білім өзінің шынайы міндетіне жауап беруі үшін оқушыларда жас кезеңінен бастап, ең маңызды адамдық саналарды – адамгершілікті, сүюді, аяушылықты, төзімділікті, имандылықты, әдептілікті, мейірбандылықты, шыншылдықты және басқа асыл қасиеттерді дамыту керек.

Таков багаж нравственных представлений детей; на каждом возрастном этапе. В этой связи перед педагогами и родителями стоит задача такой организации нравственного воспитания детей, при которой у ребенка начинают нормироваться нравственная самостоятельность, активное отношение к жизни, общественная направленность мотивов поведения, эмоционально осознанное положительное отношение к окружающему.

Формированию нравственной самостоятельности содействуют правила.

Они являются для детей ориентиром, при помощи которого они избирают нужные формы поведения. Благодаря правилам каждый ребенок уясняет, осмысливает, как вести себя со взрослыми и сверстниками, дома и в детском саду, на улице и в общественных местах.

Правила вводят постепенно, в естественных ситуациях, с учетом возраста детей.

Развитие в ребёнке **духовых**, нравственных ценностей невозможно без **воспитания патриотических чувств**: любви к родному городу, уважительное отношение к государству, усвоение элементарных знаний по истории своего родного края.

В работе по **духовно- нравственному воспитанию** не обойтись без взаимодействия с родителями, с ними проводится педагогическое просвещение через:

- консультации - *«Право на жизнь без насилия», «Как бороться с детскими капризами и упрямством», «Воспитание вежливости»;*

- беседы - *«Знаете ли Вы своего ребёнка?», «Как провести выходные (праздники) с ребёнком?»;*

- родительские собрания - *«Нравственные нормы в жизни дошкольников», «Роль семьи в воспитании члена общества»;*

- использование информационного стенда, папок – передвижек *«Как общаться с ребёнком», «Семейные традиции», «Вредные привычки».*

Стараемся вовлекать родителей в педагогический процесс:

- ко дню Защитника Отечества оформили альбом *«Мы ими гордимся»* (будем оформлять рукописные книги-альбомы, в которых дети будут отражать знания о себе, своей семье, друзьях.)

- оформляем фотовыставку *«Вместе с мамой, вместе с папой»*, (хотим, чтобы оформление фотовыставок вошло в традицию нашего учреждения *«Нам некогда скучать», «Семейные традиции», «Мы трудимся, стараемся», «Наши бабушки и дедушки»* и др.)

- приглашать родителей в группу для проведения интересных встреч, где родители могут рассказать о своих профессиях, об увлечениях;

- участие родителей в проведении экскурсий, досугов, праздников, конкурсах.

Вместе с усвоением основных правил детям разъясняют другие, которые конкретизируют и дополняют уже им известные, например: *«Как вести себя за столом», «Как вести себя на улице, в транспорте», «Правила пешехода», «Как вести себя во время*

разговора со взрослыми», «Правила дружной игры», «Правила дружной работы», «Правила вежливости» и др.

Вводя любое правило, взрослые разъясняют его смысл. Если дети понимают его необходимость и знают, как его выполнять, то они быстрее овладевают нужными способами поведения.

Недостаточно лишь познакомить детей с правилом, полезно еще и показать способы его выполнения. Когда дети все это усвоят, они поймут, что означает требование хорошо вести себя. Таким образом, показ в сочетании со словом помогает понять ребенку, что от него хотят.

Важно, чтобы усвоение правил требовало от старших детей нравственного напряжения, усилий воли, сдержанности и постоянного элементарного самоконтроля; чтобы ребенок как бы примерял и сравнивал свои действия с тем, что предписано правилом. Это развивает в нём самосознание, умение оценивать свое поведение.

Необходимо взрослым обращаться к знакомым потешкам, использовать меткие сравнения из любимых детских художественных произведений. Например, таких, как «Мойдодыр», «Федорино горе» К. Чуковского, «Девочка чумазая» А. Барто, "Что такое хорошо и что такое плохо?" В. Маяковского, «Неумейка» Я. Акима и др. Хорошо воздействуют на детей к месту сказанные шутки, прибаутки, пословицы, загадки. Ребята легко запоминают их и часто сами употребляют «Когда я ем - я глух и нем», «Кончил дело - гуляй смело», «Скучен день до вечера, коли делать нечего».

Детям среднего и старшего дошкольного возраста необходимо раскрывать нравственный смысл отдельных правил, Они уже способны понять, что правила необходимо выполнять, так как в них предусматривается уважение к труду взрослых («Вытер ноги, убрал за собой, - значит, уважаешь труд няни»), уважение к покою, удобству, отдыху окружающих («Нельзя громко разговаривать или играть в шумные игры там, где читают, занимаются или отдыхают,- это значит проявлять неуважение к людям») и т.д. Нужно помочь детям уяснить, почему воспитанный человек поступает так, а не иначе. Разъяснить что, например, привлекать внимание окружающих неприлично, что недозволительно, идя по улице, прыгать, толкаться, загромождать тротуар встречному потоку пешеходов. Это доставляет людям неудобство. Такое поведение - признак невоспитанности и неуважения к окружающим. А тот, кто не умеет с уважением относиться к другим, никогда не может рассчитывать на уважение к себе.

Степень осознания правил поведения детьми во многом зависит от того, как их обосновывают. Можно так: «При входе в спальню ведите себя тихо». Но можно иначе: "За стенкой вашей спальни находятся малыши. Когда вы входите в свою спальню, ведите себя тихо, не забудьте, что маленькие уже спят".

В первом случае требование категорично, оно не вызывает у ребенка раздумий, во втором случае рассчитано на более высокую осознанность. Отсюда, естественно, ответственность детей за собственные поступки повышается: они поставлены перед необходимостью считаться с удобствами окружающих, чтобы помочь осознать требования взрослых, полезно оценивать поступки детей: «Поступил по правилам – хорошо», «Поступил против правил – плохо».

Похвала и порицание, как полюсные оценки, помогают им отличать хорошее от дурного, так оценочные воздействия показывают поступки с нравственных позиций, заставляя ребенка испытывать либо удовольствие и желание поступать так же, либо неловкость, стыд за некрасивое поведение.

Порицание и похвала конкретизируют понятия «что такое хорошо» и «что такое плохо». Полезно чтобы оценка содержала такие определения, как «добрый», «вежливый», «предупредительный», «скромный», «аккуратный», «воспитанный». Например: «Вова предупредительный мальчик, заметил, что Ирина Викторовна, несёт тяжёлые предметы и он помог ей». Так поступают «воспитанные люди».

Нужно стараться довести до сознания детей понятия «внимательный», «добрый», «отзывчивый» и т.д.. Например: «Хорошо быть предупредительным, как Вова. За это люди всегда благодарны. А проявить предупредительность – это значит понять, в какой помощи нуждается человек и вовремя предложить ему помощь, не дожидаясь, когда он обратится с просьбой». Или: «Внимательным», «отзывчивым» называют того, кто умеет посочувствовать и старается помочь. Так и поступила сегодня Марина. Она увидела, что у новенького мальчика не получается завязать шарф, предложила ему свою помощь».

Когда такие оценки поведения дети получают в конкретных жизненных ситуациях, то эти оценки становятся особенно доходчивыми.

Все это еще раз убеждает нас, что первые нравственные представления и первые впечатления, полученные в дошкольные годы, оставляют след на всю жизнь и долг старших – с терпением и любовью лепить характер будущего человека, чтобы интеллектуальное и эмоциональное его развитие было гармонично.

Формирование нравственного поведения в дошкольном возрасте происходит различными путями. Процесс усвоения нравственных понятий осуществляется в дошкольном возрасте не только от частного, конкретного к более общему пониманию морального содержания ситуаций. В общении со сверстником ребенок проводит большинство своего времени. В процессе становления детского коллектива он усваивает нравственные понятия вначале в категориальной форме, постепенно уточняя и наполняя их конкретным содержанием, что, несомненно, ускоряет процесс их формирования. Его поступки, взаимоотношения со сверстниками носят уже не непосредственно эмоциональный характер, а начинают опосредоваться и регулироваться нравственными нормами.

Список литературы:

1. Акимов, Ю.А., Знакомим дошкольников с окружающим миром. – М.:ТЦ Сфера, 2011, с. 500
2. Алябьева, Е. А. Воспитание культуры поведения у детей 5-7 лет: Методические рекомендации / Е.А. Алябьева М., 2012.
3. Белобрыкина О.А. Психологическая диагностика самооценки детей старшего дошкольного возраста. – Новосибирск: ГЦРО, 2012.
4. Божович, Л.И. Личность и ее формирование в дошкольном возрасте / Л.И. Божович – Спб.: Питер, 2010.
5. Болдырев, Н.И. Нравственное воспитание школьников [Текст] / Н.И. Болдырев - М.: Просвещение, 2012. 102 с. 79
6. Воспитание ребенка-дошкольника. Разумного, ответственного, самостоятельного, инициативного, наблюдательного, коммуникативного, активного в мире природы: программ. - метод. пособие для педагогов дош. учреждений /Под общ. Ред. Ж.Л. Новикова, В.Н.Сахарова. - М: Гуманитар. Изд. Центр ВЛАДОС, 2015. - 208с.
7. Выготский, Л.С. Педагогическая психология / под ред. В.В.Давыдова – М.: Педагогика, 2011
8. Гербова, В.В. Приобщение детей к художественной литературе: программа и методические рекомендации./ В.В. Гербова – М.: МозаикаСинтез, 2015.
9. Григорович, Л.А. Педагогика и психология./Л.А. Григорович - М., 2011
10. Гриценко З.А. Детская литература. Методика приобщения детей к чтению: учеб.пособие для студ. фак. дошк. воспитания высш. пед. учеб. заведений. – М.: Изд. центр «Академия», 2014.

Койланова А.Г.

химия және биология пәні мұғалімі, М. Пошанов атындағы №21 жалпы орта мектеп,
Түркістан облысы,
Түркістан қ., Қазақстан

ХИМИЯ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНА ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ПӘНІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Түйін. Қазіргі таңда ғылым қарқынды дамып, жаңалықтар көптеп ашылуда. Білім беру жүйесінде қоғам сұраныстарына сәйкес жаңарту мен дамыту өзекті мәселелердің бірі. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев «Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан» деп ұрпақтың білім алып, тәрбие үйренудегі ұстаз рөлін жоғары бағалаған. Бүгінгі таңда рухани құндылықтар қоғам талабына сай өзгерістерге ұшырап, адамдардың арасында ізгілік, әділдік өзара көмек, төзімділік сияқты қарым-қатынастар орнатуына ықпал ететін құндылықтар мен әр жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуы, дұрыс тәрбиеленуі және оларды жүзеге асыруға түрткі болатын құндылықтарды зерттеу көкейтесті мәселелердің бірі болып отыр. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «...жаңа жағдайларға байланысты бәрімізді алаңдататын мәселе-білімді, кәсіби даярлығы бар адам тәрбиелеу ғана емес, қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және дүниежүзілік құндылықтарды қабылдауға қабілетті, рухани және адамгершілік мүмкіндігі мол тұлға қалыптастыру болып табылады» деген.

Баланы тәрбиелейтін ортаның бірі мектеп қабырғасы, заман талабына сай тәрбиелеу тәсілдерінде өзгертіп отыру қажет. Химия және биология пәндеріне өзін-өзі тану пәнін интеграциялаудың тиімді жақтары көп. Күнделікті сабақтың бір бөлігі етіп баланың санасына адамгершілік құндылықтарды сабақтың негізгі тақырыптарына кіріктіріп сіңіре берсе жақсы сөз естіп, дұрыс тәрбие алып өскен өскелең ұрпақ отансүйгіш, еңбекқор, адамгершілік тұрғыда жақсы қасиеттерді бойына сіңірген, терең білімді, тәрбиелі ұрпақты мектеп қабырғасында қалыптастыру біздің міндетіміз.

Түйін сөздер: тәрбиелеуде мұғалімнің өзінің не біліп, не істейтіні маңызды-ақ. Бірақ оның ықпалымен шәкірттерінің не біліп, не істейтіні маңыздырақ.

Аннотация. В настоящее время наука быстро развивается, актуальны вопросы модернизации и развития системы образования в соответствии с потребностями общества. Великий казахский поэт Абай Кунанбаев высоко оценил роль учителя в воспитании подрастающего поколения, заявив, что «Человечество - от хорошего учителя». Сегодня одной из самых актуальных проблем является изучение ценностей, раскрывающих творческий потенциал каждого человека, и ценностей, способствующих реализации духовных ценностей, способствующих установлению отношений между людьми, таких как доброта, справедливость, взаимопомощь, терпимость. Н.А. Назарбаев сказал, что «... вопрос, который волнует всех нас в новой ситуации, - это не только воспитание образованных, профессионально подготовленных людей, но и формирование личности, обладающей духовно-нравственным потенциалом, способной принимать национальные и мировые ценности во всех сферах общественной жизни».

Одной из сред, в которой воспитывается ребенок, является школьная стена, которую необходимо менять в соответствии с современными методами воспитания. Есть много преимуществ в интеграции самопознания в химию и биологию. В рамках ежедневных уроков с интеграцией самопознания мы сформируем в школе патриотичное, трудолюбивое, образованное и воспитанное поколение.

Ключевые слова: в воспитании важно то, что учитель знает и делает. Но важнее то, что его ученики знают и делают.

Abstract. Today, science is developing rapidly and many discoveries are being made. One of the most pressing issues in the education system is modernization and development in accordance with the needs of society. The great Kazakh poet Abay Kunanbayev praised the role of the teacher in the education of the younger generation, saying that "Humanity is a good teacher." Today, one of the most pressing issues is the study of the values that contribute to the development of spiritual potential of each individual, the values that contribute to the establishment of relations between people, such as goodness, justice, mutual assistance, tolerance. Our President N.A. Nazarbayev "... the issue of concern to all of us in the new situation is not only the education of educated, professionally trained people, but also the formation of a person with spiritual and moral potential, able to accept national and world values in all spheres of public life." that.

One of the environment in which a child is brought up is the school wall, which must be changed in accordance with modern methods of upbringing. There are many benefits to integrating self-knowledge into

chemistry and biology. It is our task to form a patriotic, hard-working, well-mannered, well-educated and well-mannered generation in the school, which will be able to instill moral values in the minds of the children as part of the daily lessons.

Keywords: What the teacher knows and does is important in upbringing. But more important is what his students know and do.

Қазіргі таңда ғылым өте қарқынды дамуда, барлық салада жаңалықтар көптеп ашылууда соның ішінде білім саласында да балаларды дамытуға арналған жаңа әдістер көптеп жасалып жатыр дегенмен білім беруде тәрбиені алдыңғы орынға қойғанымыз дұрыс. Ұлы ғұлама Эль Фарабидің сөздері «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп текке айтылмаған. Осы тұста балаға тәрбие беру форматтары мен әдістерін өзгертіп, жаңартып отыруымыз қажет. Бала губка тәрізді нені көреді, нені естиді барлығын талдаусыз өзіне қабылдайды. Адамгершілік құндылықтарды тек қана аптасына бір рет болатын өзін-өзі тану пәнінде немесе тәрбие сағаттарында ғана емес барлық пәндерге бір бөлшек етіп ұстаздар күнделікті сабақтарында өзін-өзі тану пәнін кіріктірсе күнделікті адам бойында болу керек жақсы құндылықтар жиі айтылып отырса баланың санасында сақталып қалады, өмірден өз орнын таба алатындай дұрыс жолға салып тәрбиелеудің жемісі молырақ болар еді.

Қоғамда жақсы жағдайлармен қоса керісінше жаман жағдайларда кездесіп жатыр. Балаларды интернет тәрбиелеген заман болып кетті оларды үнемі қадағалап отырада алмай қалдық ол әрбір отбасының басындағы жағдай. Қоғамның осындай дер кезіндегі қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында «Өзін-өзі тану» рухани адамгершілік білім беру жүйесінің авторы Еліміздің бірінші ханымы Сара Алпысқызы тұңғыш рет мемлекеттік деңгейдегі өскелең ұрпақты жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мәселесін көтерді. Интеграциялық үдеріс дегеніміз бірін бірі толықтыратын, бір-бірімен байланысты жеке ұғымдарды біртұтас етіп біріктіру. Барлық пәндер мәңгілік бүкіл адамзаттық құндылықтар негізінде алуан түрлі құбылыстарды бірлікте қарастыра отырып, тұтастай білім беруде жалпы адамзаттық құндылықтардың негізгі түпқазық болуы, яғни берілетін білім біртұтас, жүйелі болуы көзделген. Химия және биология пәндерін өзін-өзі тану пәнімен кіріктіріп отырудың маңызы зор.

Идеяның туындауы

Мектебіміздің өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі келешекте барлық пәндерге өзін-өзі тану пәні кіріктіріліп оқытылатын болады дегенді естігенімде мен химия және биология пәндеріне өзін-өзі тану пәнін қалай кіріктіруге болады деген сұрақпен ізденіп өз тәжірибеме енгізе бастадым. Сабақтың жаңа тақырыпты меңгерту бөлігіне үш-төрт минутты бөліп жаңа сабақпен ұштастырып интеграциялап отырдым. Негізінен сабақты балаға меңгерткенде барынша ғылыми тілде айтып түсіндіріп отырамыз. Бұл жолы ғылыми түсіндіре отырып «Жүректен-жүрекке», «Күрделіден қарапайымға» қағидаттарын ұстанып жаңа тақырыппен бірге өзін-өзі тану пәнінде интеграциялап отыруды жөн көрдім. Соларды кейбіреуіне тоқталайын.

Химия пәнімен өзін-өзі тану пәнін интеграциялау

Мысалы химия пәнімен өзін-өзі тану пәнін кіріктіргенде «Атом» тақырыбында атом дегеніміз химиялық жолмен бөлінбейтін бөлшек екенін ғылыми түсіндіре отырып интеграциялауда адамгершілік тұрғыда атомдардың бөлінбейтіні секілді рухпен салыстырып, адам мен рух бір-бірінен бөлінбейді. Рух рухани бастаудың қайнар көзі. Рухы мықты адам барлық қиыншылықтарға төтеп бере алады. Әрбір қазақтың дүниетанымы – рухани байлықпен тығыз байланысты. Кез-келген дүниені рухани санаға салып ой елегінен өткізу арқылы жағымды мінезқұлық, жақсы қасиеттерді бойымызға сіңіретінімізді айта кеттім.

Металдарды өткенде металдардың қасиеттерін айтып түсіндіріп, оның адамның мінез құлқымен байланыстырып мысалы «сабыр түбі сары алтын – сабырлының бәрі алтын» дей отырып сабырлылықтың жақсы қасиет екеніне тоқталдым. Қатты металдарды өткенде жаңа тақырыпты түсіндіре отырып болаттай қатты, ұстамды, өз сөзінде тұратын, мінезді қазақ батырларын айтып сол текті мінезділіктерімен халқын жауға бермегендігін яғни отансүйгіштікке, жақсы мінезді болуға тәрбиелеп отырдым.

Судың қасиеттері тақырыбында суды ғылыми түсіндіре отырып, формуласымен таныстырып, судың адам өміріндегі маңызын, ғалымдардың судың ақпаратты тасымалдағыш қасиеті яғни жағымды ойдың, сөздің судың құрамына қалай әсер ететінін, оның адамға әсері туралы жақсы сөзді адам түгілі судың да жақсы көретінін айтып, балардың бір-біріне, ата-аналарына жақсы сөз айтып жүруге, сөз сүйектен өтетінін ауыр сөз сөйлемеуге шақырдым.

Д.И Менделеев кестесіндегі элементтердің орналасу реттілігі атомның салмағына, физика-химиялық қасиеттеріне байланысты екенін нақты әр қайсысының ауыспайтын орнын түсіндіре келе әр адам элементтер тәрізді өмірде өз орнын таба білу үшін жақсы қасиеттерді алдыңғы орынға қойып, адамгершілігі мол, еңбекқор, қоғамға пайдасын көп тигізетін жақсы мінезге бай болу керек екенін айтып пәнімді өзін-өзі тану пәнімен интеграциялап отырдым.

Биология пәнімен өзін-өзі тану пәнін интеграциялау

Биология пәніне келетін болсақ «Өсімдіктер» тақырыбында егер өсімдікке қамқорлықпен қарап, оны әрдайым баптап, күтіп, түрлі зиянкестерден қорғап қажет мөлшерде сумен қамтамасыз етіп тұрсақ ол әрине жайқалып әдемі болып өседі. Сендер де келешек ата-анасыңдар дәл сол сияқты балағада жастайынан дұрыс тәрбие беріп, оған қамқорлықпен, мейіріммен қарасақ, сонда ғана көркем мінезді, адал және ел ертеңін ойлар ұрпақ тәрбиелей алатынымызды жеткіздім.

«Бүйректің құрылысы мен қызметі» тақырыбында оқушыларға бүйректің адам ағзасындағы заттарды талдап екі реттік сүзгіден өткізіп зияндарын қуыққа жіберіп шығарады, ал керек маңызды құнарлы заттарды қайта ағзаға айналымға жіберетінін айтып түсіндіріп салыстырмалы түрде күнделікті ғаламторды пайдаланғанда ол жерде жақсы ақпараттар мен қоса пайдасыз, зиянды ақпараттардың болатынын соның ішінен өмірге пайдалы маңызды ақпараттарды талдап көріп, бойымызға сіңіріп зиян жаман ақпараттарды бойымызға сіңірмеуге тырып бүйрек секілді екі реттік фильтрациядан өткізіп отырсақ саналарыңда жағымсыз ойлар болмайды, сендердің денсаулықтарың мен жақсы өмір сүрулеріңе септігін тигізетінін айттым.

Сабағымыздың бір бөлігіне жаңа, қиын тақырыптарды жеңілдетіп жүректен-жүрекке жеткізіп адамгершілік қасиеттермен салыстыра отырып, өмірмен байланыстырып, тәрбиемен ұштастырып сабақ өтетін болсақ терең білімді, тәрбиелі, өмірдің кез-келген жағдайына дайын ұрпақ тәрбиелеуге көптеп септігіміз тиер еді. Химия және биология пәндерімен өзін-өзі тану пәнін интеграциялап өткенімде жаңа тақырыптарды балалар жақсы есте сақтағанын байқадым, күнделікті айтыла берген соң адамгершілік құндылықтар баланың бойына сіңетіні сөзсіз. Пәндерді өзін-өзі тану пәнімен интеграциялау әрине әр пән мұғалімінің шеберлігіне байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Өзін-өзі тану» 8 - сынып. Мұратханова. Р, Изғұттынова. Р.О, Алиев Б.Ш. – Алматы-2018 ж.
2. «Химия» 8 - сынып. Оспанова. М., Белоусова Т, Аухадиева. К. Мектеп-2018 ж.
3. «Химия» 9 - сынып. Оспанова. М, Белоусова Т, Аухадиева К. Мектеп-2018 ж.
4. «Биология» 9 - сынып. Н.Г.Асанов, А.Р. Соловьева, Б.Т. Ибраймова.-Алматы: Атамұра-2019 ж.
5. Қол жетімді.<https://articlekz.com/kk/article/17601>
6. Қол жетімді.<https://stud.kz/referat/show/72442>

Колпенова А.К.

г.ғ.м., Көкшетау «Білім-инновация» лицей-интернаты,
Ақмола облысы,
Көкшетау қ., Қазақстан

БІЛІМ БЕРУ ФИЛОСОФИЯСЫ: ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН МЕКТЕП МӘДЕНИЕТІ

Түйін. Мектеп мәдениеті – педагогикалық кеңістік сапасының көрсеткіші. Мақалада мектеп мәдениетінің микро кеңістікте мектептің рухы, макро кеңістікте ұлттың болашағы болып табылатын *Түлектің* моделін жасаушы орта екендігі түйінделеді. Негізгі миссиясы – көркем мінезді «Толық адам», «Кемел тұлға» қалыптастыру. Бұл – ХХІ ғасырдағы білім беру философиясы. Осының негізінде рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделген адами білім беру мәселесі өзектеледі. «Құндылықтарға негізделген мектеп» идеясының осы мәселені шешу мақсатынан туындағаны дәйектеледі, тәжірибеден мысал келтіріледі. Мектеп мәдениетіндегі тұлғааралық қатынас ролі ғылыми тұрғыдан сипатталып, рухани құндылықтар негізінде ғана жағымды әлеуметтік-психологиялық орта қалыптасатындығы айтылады. «Толық адам» концепциясының негізіне Дилтс пирамидасы алынып, ең жоғарғы деңгейде өзін таныған адамның рухани толысқан кемел тұлға екендігі тұжырымдалады.

Аннотация. Школьная культура – показатель качества педагогического пространства. В данной статье повествуется о школьной культуре, которая является средой подготовки модели Выпускника, которая в микро пространстве становится духом школы, в макро пространстве – будущим нации. Основная миссия – формирование «Совершенного человека», «Идеальной личности» с соответствующим характером. Это – философия обучения. На основе этого актуализируется проблема обучения, основанная на духовно-человеческих ценностях. Доказывается, что идея «Школы, основанной на ценностях» следует в целях решения этой проблемы, приводятся примеры из опыта. Также характеризуется роль межличностных отношений в школьной культуре с научного аспекта, и говорится о том, что положительная социально-психологическая среда формируется только на основе духовных ценностей. Взяв за основу «Совершенного человека» пирамиду Дилтса, заключается, что на самом высшем уровне стоит идеальная личность, полностью познавшая себя и духовно обогащенная.

Abstract. School culture is an indicator of the quality of pedagogical space. This article tells about school culture, which is the environment for training the model of the Graduate, which in the micro space becomes the spirit of the school, in the macro space – the future of the nation. The main mission is the formation of the "Perfect person", "Ideal personality" with the appropriate character. This is the philosophy of teaching. On the basis of this, the problem of teaching is actualized, based on spiritual and human values. It proves that the idea of a "values-based school" follows in order to solve this problem, examples from experience are given. The role of interpersonal relations in school culture is also characterized from a scientific aspect, and it is said that a positive socio-psychological environment is formed only on the basis of spiritual values. Taking the Dilts pyramid as the basis for the "Perfect Man", it is concluded that at the highest level there is an ideal person who has fully cognized himself and spiritually enriched.

Түйін сөздер: континуум, білім беру философиясы, мектеп мәдениеті, рухани құндылықтар, менталитет, мектеп рухы, түлек моделі, толық адам, кемел адам, ұлт моделі.

Философиялық континуумда «мектеп» ұғымының мәні дәстүр жалғастығымен, ұрпақ сабақтастығымен, адамзат дамуының үзіліссіздігі және қоғам бірегейлігімен сипатталады. Мектептің осы сипаты антропоэкетілік парадигма аясында басымдық алып, қазіргі таңда рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделген оқытуды жүзеге асыру идеясы өзектелуде. Міне осы тұрғыдан пайымдағанда, педагогикалық кеңістік сапасын анықтайтын көрсеткіш – мектеп мәдениетін рухани құндылықтарға негіздеу көкейкесті мәселелердің бірінен саналады. Ал жалпы мектеп мәдениеті дегеніміз не және ол неге рухани құндылықтарға негізделу керек? Біз мақаламызда осы сауалдарға жауап беру арқылы ХХІ ғасырдағы білім беру философиясын сипаттауға тырысамыз.

Ғалым И.Н. Попова «мектеп мәдениеті» терминінің ғылыми еңбектерде ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында пайда болғанын айтады және мектеп мәдениетінің төмендегідей қалыбын ұсынады:

мағынасы: мектеп мәдениеті – оқушының тұлғалық дамуына бағытталған, бірегейлік көрсеткіші мектеп рухы болып табылатын білім беру ұйымының педагогикалық ұйымдасқан тәрбиелеуші ортасы.

құрылымдық компоненттері: материалдық сипаты (мектеп ғимараты, оның дизайні, материалдық базасы, түр-түс гаммасы, киім үлгісі т.б.), әлеуметтік сипаты (білім беру ұйымындағы тұлғалардың қарым-қатынасы, әлеуметтік-психологиялық климат), рухани сипаты (шығармашылықтың көрінісі, идеялар, дәстүрлер т.б.).

жүйелік компоненттері: мектеп мәдениетін қалыптастырушылардың құндылықтарға бағытталған қызметі, бұл қызмет мәні педагогикада оқушылардың әлеуметтік құбылыстар мен үрдістерді сезініп, бағалай білуімен, нәтижесінде олардың тұлғалық болмысының қалыптасуымен сипатталады.

негізгі функциялары: ақпараттық-танымдық, мәдениеттің ең маңызды элементтерін жинақтау, сақтау және жеткізу функциясы, нормативтік, коммуникативтік, ұйымдастырушылық, рекреативтік функциялар мен мектептің материалдық дамуын жүзеге асыратын функция.

қалыптастырушы тұлғалар: мәдениет үлгісі – мектеп басшысы, «мектеп стержені» (В.А. Сухомлинский) – педагогикалық ұжым, мектеп рухын тасымалдаушылар – оқушылар мен түлектер [1, 13]. Біз өз тарапымыздан бұл тізімге ата-аналарды және мектептегі барлық қызметкерлерді қосамыз.

Сонымен ғалымның мектеп мәдениеті қалыбына қатысты тұжырымын ой елегімен екшеп, түйіндейтін болсақ, біздің танымымызда тұтастай алғанда, мектеп мәдениеті дегеніміз – микро кеңістікте мектептің рухы, макро кеңістікте ұлттың болашағы болып табылатын *Түлектің* моделін жасаушы орта. Бұл ортаның миссиясы аса жауапты әрі маңызды. Оны қазақ ақыны, педагог М. Жұмабаевтың мына пікірімен айғақтаймыз: «Тәрбиеден мақсұт адамды, һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты. Қысқасын айтқанда, тәрбиеден мақсұт адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару» [2, 129]. Данышпан Абайдың рухани идеясымен пайымдағанда, «Толық адам» тәрбиелеу – басты мақсат. ХХІ ғасырдағы білім берудің мәні мен мазмұны, яғни философиясы осы мақсаттан, осы идеядан өрбиді. Ойымызды ғалым Б.С. Гершунскийдің тұжырымымен дәйектейік.

Орыс ғалымы Б.С. Гершунский 1998 жылы жазылған «Философия образования» деген еңбегінде адамзаттың рухани-адамгершілік құндылықтардан алыстап, ғылым мен дінде де, білім беру саласында да дүниетанымдық сауалдарға жауап таба алмай, дағдарысқа ұшырағанын айта келе, білім мен сенім арасындағы алшақтықтың ділдің (менталитет) мәнін жоғалтуына әсер етіп жатқандығын тілге тиек етеді. Адамның рухани дүниесімен байланысты бұл дағдарыстан тек білім беруді өзгерту арқылы шығуға болатынын айтады: «Только образованию посылна поистине историческая роль в спасительной интеграции и гармонизации Знания и Веры. Первая и, возможно, главная составляющая глобального вызова ХХІ века, обращенного к цивилизации, состоит в проблеме гармоничного единения Знания и Веры, их мировоззренческого синтеза, возвращения Человеку понимания Смысла его жизни, Веры в свое уникальное предназначение и Знание путей наиболее полной жизненной самореализации» [3,9]. Ғалым тұжырымын интерпретациялайтын болсақ, ХХІ ғасырдағы білім беру философиясы бірінші кезекте адами білімнің тереңдігімен сипатталады, ал академиялық білім оны жан-жақты толықтырып тұрады. «Оқыту білім мен ақпаратты берумен шектелмейді, ол – адамды кемелділікке жетелейтін үдеріс. Ғалымдарды, инженерлер мен адвокаттарды, әдебиетшілер мен басқарушыларды дайындауға болады, алайда осы тұлғалар мейірім мен махаббаттан, жан тыныштығынан ада болса, біздегі қоғам қандай болмақ? Біз ұстанымсыз саясаткерлермен, адамгершіліксіз кәсіпкерлермен, махаббаты мен бірлігі жоқ отбасылармен бақытты бола аламыз ба?» [4,179]. Міне білім берудің осы терең мәні мектеп мәдениетін рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде қалыптастыруды міндеттейді, өйткені «Толық адам», «Кемел тұлғаны» рухани мәдениеті берік орта ғана дайындай алады. Бұл жөнінде И.И. Игнатьева былай дейді: «Руханият дамуының басты факторы – орта. Мектептің рухани-адамгершілік құндылықтарға бағытталған психологиялық климатында

диалогтік, эмпатиялық, толеранттылық атмосферасы және мәселелерді шешуде ашықтық пен адамгершілік жетекшілік етеді.

Мектептің атмосферасында сирек кездесетін конфликтілер достық пен сыйластықты сақтай отырып жойылады. Мұндай ортада оқушылар мен мұғалімдердің жаңашыл бастамалары үнемі қолдау табады» [5,9]. Мұндай мектеп мәдениетінде, біріншіден, тұлғааралық қатынастар аса маңызды. Ғалымдар: «Тұлғааралық байланыстар – ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық климаттың негізгі базасы болып табылатын, яғни алғашқы танысудан бастау алып, өзара, бірігіп әрекеттететін байланысқа дейін жететін күрделі үрдіс. Тұлға аралық байланыстар ұжымда әлеуметтік-психологиялық климатты қалыптастырады, ал жағымды әлеуметтік-психологиялық климат қалыптасқан ұжым қолайлы моральдық-психологиялық ауа-райымен, жылы шырайлылықпен, парыз бен жауап кершілікті құрметтеумен өзара талапшылдықпен, сергектікпен ерекшеленеді» [6,115], – дегенді айтады және әлеуметтік-психологиялық климаттың мынадай қызметтерін атайды: топтастырушылық қызметі, ынталандырушылық, тұрақтандырушылық, реттеушілік қызметі. Топтастырушылық қызмет мектеп мәдениетін қалыптастырушы тұлғалардың және олардың күш-жігерінің топтасуын, бірігуін іске асырады. Ынталандырушылық қызмет ұжымның "эмоциялық күш-қуатын" қалыптастыруға байланысты. Тұрақтандырушылық қызметі ұжымның ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етіп, ұжымға жаңа мүшелердің енуіне қажетті алғышарт жасайды. Реттеушілік қызмет өзара қатынас нормаларын нығайтуда, ұжым мүшелерінің тәртібіне баға беруде көрінеді [6,116]. Қызметтің бұл түрлері рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделсе ғана жағымды әлеуметтік-психологиялық орта қалыптасады. Мектеп мәдениетінің негізгі мән-мағынасы да осы тұжырымнан тұрады.

XXI ғасырдағы білім беру философиясы аясындағы мектеп мәдениеті өзінің қалыптасуы мен дамуының негізіне мына құндылықтарды басшылыққа алады: ынтымақтастық, құрмет, жауапкершілік, адалдық, еңбекқорлық, кемелдену, этика-әдеп, табандылық, отансүйгіштік, кішіпейілділік, сүйіспеншілік, жомарттық, әділдік, эмпатия, қанағат, тазалық, денсаулық, батылдық [7,8]. Таныммен талғап, санамен зерделесек, аталған құндылықтар – тұлғаның бойынан табылуы қажет қасиеттер, адамгершілік нормалар. Мектеп рухының осы нормаларға сай болуын көздеген әр білім беру ұйымы өз қызметінде осы құндылықтарды басымдыққа алары сөзсіз. Мәселен, бүгінгі күні «Білім-инновация» лицейлері өз қызметінде мазмұны жоғарыда аталған құндылықтарды қамтитын «Құндылықтарға негізделген мектеп» концепциясын ұстанып отыр, негізгі идеясы мектеп мәдениетін қалыптастырушы тұлғалардың осы құндылықтарды танып, атап қана қоймай, өзін осы рухани-адамгершілік нормаларға сай тәрбиелеуі, дамытуы болып табылады. Тәжірибеден мысал келтірсек, біздің лицейімізде жоғарыда аталған құндылықтар әр айға бөлінген, сол айдың барлық оқу-тәрбие үдерісі белгіленген құндылықты арқау етеді, яғни сабақтан бастап мектептің жұмыс жоспарындағы барлық іс-шараның негізгі мақсаты – белгіленген құндылықты дәріптеу арқылы (күнделікті өмірмен байланыстырып, мысал келтіру, ғибрат әңгіме айту, өзінің әрекетімен көрсету, видео-аудио материалдар пайдалану, т.б.) оны тұлғаның бойына сіңіру. Ең бастысы, мектеп мәдениетін қалыптастырушы кез келген тұлғаның адамгершілік норманы ұстануды әдетіне айналдыруы көзделген. Бәріміз білетіндей, әдет – дағдыға, дағды – әдепке, әдеп – мінезге айналады, мектеп мәдениетінің негізгі мәні де осы – көркем мінезді Толық адам тәрбиелеу. Толық адам немесе кемел тұлға бейнесі ұлттық ділді (менталитет) танытуы қажет. Ал діл дегеніміз – рухани субстанция, мәдениет квинтэссенциясы. Сондықтан «білім берудің иерархиялық жоғары мақсаты – жеке тұлға мен қоғамның менталитетін қалыптастыру» [3,44] болса, оның нәтижелілігі (білім берудің) рухани-мәдени құндылықтар негізінде қалыптасқан менталитет бағасымен анықталады. Білім берудің осы философиясына сәйкес, «Толық адам» концепциясының негізіне Р.Дилтс пирамидасын алуға болады. «Пирамида бір-бірімен тығыз байланысты алты деңгейден тұрады, әр деңгей адамның ішкі дүниесімен, өмір жолымен байланысты.

1-деңгей: *Қоршаған орта* – айналада не және кімдер бар, қай жерде өмір сүремін?

2-деңгей: *Әрекет* – мен не істеп жүрмін, кімдермен және қалай араласамын? Күнделікті өмірде немен айналысамын?

3-деңгей: *Қабілет* – менің қандай қабілетім, дағдым, білімім және талантым бар, мен оларды қолдана аламын ба? Тәтті торт пісіруден бастап жүздеген адамы бар компанияны басқара аламын ба?

4-деңгей: *Құндылықтар мен сенім* – мен неге сенемін және жүгінемін? Бұл деңгейде менталитет, отбасы, тәрбие, білім, мәдени контекст мәселелері негізгі болып табылады.

5-деңгей: *Даралық* – мен кіммін? Ең бастысы, өзім үшін кіммін? Қоғамдағы рөлім қандай? 6-деңгей: *Миссия* – не үшін өмір сүремін? Бұл – негіздердің негізі, адамның өзін тануы» [8,1]. Әр деңгей мазмұнын салмақтап, терең үңіліп көрейік: тұлға қалыптасуы мен дамуында, біріншіден, қоршаған ортаның рөлі аса маңызды екенін, мектеп мәдениетінің мәнін түсіндіре отырып, жоғарыда зерделеп өттік.

Екінші, күнделікті өміріңіз оқу немесе жұмыспен өте ме, бірінші деңгейдегі «айналамен» қарым-қатынасыңыз қандай: рухани құндылықтарды ұстанған, атап айтсақ, ынтымақтастық, эмпатия, әділдік, құрмет мәнін түсінген адам осы қатынастың жоғары деңгейіне қол жеткізе алады.

Үшіншіден, адамның өз қабілетін, талантын анықтап, сүйікті ісімен айналысуы. Бұл жерде жауапкершілік, табандылық, еңбекқорлық, батылдық құндылықтары жетекшілік етеді. Әсіресе, табандылық аса маңызды. Осыған орай мына бір қызықты деректі келтіре кетейік: Малкольм Гладуэлл «Гении и аутсайдеры» кітабында «10.000 сағат» ережесін береді. Бұл ереже бойынша, адам қандай да бір жетістікке жету үшін ерінбей, талмай еңбек етуі қажет. 10.000 сағат дегеніміз – күніне 3 сағат немесе аптасына 20 сағат, толық 10 жылды құрайды. Бұл жетістік оңай келмейтінін білдіреді. 10.000 сағат – үлкен шеберліктің сиқырлы саны. Жетістік – бір күн, бір жылдың жемісі емес, ол үшін асқан еңбекқорлық, табандылық, «ыстық қайрат» қажет.

Төртіншіден, адам менталитет мәнісін, отбасының орнын түсінуі қажет. Менталитет ұлттық болмысты танытуымен құнды, бұл – отансүйгіштік, отбасының бақытын сезіну – сүйіспеншілік, отбасының бір-біріне құрметі кішіпейілділік арқылы жүзеге асады.

Бесіншіден, адамның қоғамдағы рөлін анықтау сол қоғамның әр мүшесіне деген адалдық, жомарттық, эмпатия, қанағат, этика – әдеп арқылы анықталады. Осы құндылықтарға бай адам ашкөз, ынсапсыз болмайды. Даралық деңгейінде денсаулық құндылығын да ұмытпаған дұрыс.

Алтыншы, ең жоғарғы деңгей – миссия адамның өзінің рухани дүниесін танумен сипатталады, яғни рухани-адамгершілік құндылықтарға бай адам ғана өзін таниды. Өзін таныған адамды Толық адам, Кемел тұлға деп атауға болады.

Бүгінгі білім беру философиясы осы идеяға құрылып отыр. Мектеп мәдениеті рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде қалыптасып, дамыған жағдайда осы идеяның жүзеге асары сөзсіз. Кемелденген тұлға Ұлт моделі болуы қажет, сондықтан өзін Ұстаз (бұл жерде мұғалім ғана емес) санатына қосқан әр адам өз миссиясын ұмытпағаны абзал.

Әдебиеттер тізімі:

1. Попова И.Н. Культура школы как феномен педагогической теории и практики. Автореферат. Пед.ғылымдар кандидаты. М.: Ун-т, 2004, 22б.
2. Жұмабаев М. Таңдамалы. – А.: Ғылым. – 1992. – 272 б.
3. Гершунский Б. С. Философия образования. – М.: Московский психолого-социальный институт. – 1998. – 432 с.
4. Сергеева А.И. Роль духовных ценностей будущих педагогов как педагогическая проблема. Актуальные задачи педагогики: материалы VI Междунар. науч. конф. Чита, 2015, С. 178-180.
5. Игнатьева Е.Е. Духовно-нравственное воспитание школьников // Воспитание школьников, 2010. №9. С. 8-11.
6. Курманалина Ш.Х., Бахишева С.М., Дәулеткалиева Н.Н., Архыматаева Н.Ж. Педагогикалық менеджмент. Оқу құралы. – Астана, 2018. – 138б.
7. Ибрагимов М., Сағындықұлы Е., Смаков С. Құндылықтарға негізделген мектеп. – Алматы, 2019. – 229б.
8. Пирамида Дилтса. Қолжетімді: <https://psych.info/article/psihologiya-lichnosti/piramida-diltsa.html>. (14 мамыр 2019 ж.).

Корсун Е.П.

преподаватель специальных дисциплин, КГКП «Лисаковский технический колледж»,
Костанайская область,
г. Лисаковск, Казахстан

АКТИВИЗАЦИЯ МЫСЛИТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ НА УРОКАХ СПЕЦТЕХНОЛОГИИ

Түйін. Бұл мақалада автор жастардың адамгершілік тәрбиесіне ерекше назар аударып, арнайы технологиялар сабақтарында психикалық белсенділікті арттырудың әдістері мен әдістерін сипаттайды. Түйінді сөздер: дуальды оқыту, болашақ маман, жандандыру, практикалық қолдану.

Abstract. In this article, the author describes methods and techniques for activating mental activity in the lessons of special technology, while paying special attention to the moral education of young people

Keywords: dual training, future specialist, activation, practical application.

Интенсивные процессы структурных изменений, протекающие в экономике Республики Казахстан, обусловили высочайший спрос на специалистов новой формации, которые должны исходя из данной исторической, экономической и политической ситуации протекающей в стране успешно реализовать эти процессы.

Качественное профессиональное образование сегодня – это средство социальной защиты, гарантия стабильности, профессиональной самореализации человека на разных этапах жизни. Государственная политика в области ТиПО стала частью Госпрограммы развития образования.

Главная задача ТиПО – сформировать новую модель профессиональной подготовки, которая бы преодолела отставание в объемах и качестве трудовых ресурсов от реальных требований конкретных предприятий. Ведь подготовка высококвалифицированных рабочих кадров и специалистов среднего звена – одна из тех задач, решение которых может обеспечить устойчивое экономическое развитие любой страны. От специалистов требуется высокий профессионализм, способность к профессиональной адаптации, постоянному самосовершенствованию, владение информационными технологиями.

Главный критерий успешного вхождения в мировое образовательное пространство – это высокое качество обучения и уровень подготовленности выпускников к применению знаний на практике.

Модернизация профобразования определяет необходимость принципиального изменения ряда традиционных подходов к системе подготовки специалистов. На сегодня дуальная система обучения – одна из самых эффективных форм подготовки профессионально-технических кадров в мире. Ее особенность заключается в том, что обучение проводится большей частью не в учебном заведении, а на предприятии. Дуальная модель – это объединение интересов бизнеса, будущего специалиста и государства. Данная система предполагает, что 70-80% времени обучающийся обучается непосредственно на производстве, и только 20-30% – в колледже.

Дуальная система отвечает интересам всех участвующих в ней сторон – предприятий, работников, государства. Для предприятия – это возможность подготовить для себя кадры, экономия на расходах по поиску и подбору работников, их переучиванию и адаптации.

Для молодых людей дуальное обучение – отличный шанс рано приобрести самостоятельность и легче адаптироваться к взрослой жизни. Уже во время обучения они получают за свой труд на предприятии денежное вознаграждение, а после его окончания – работу, к которой хорошо подготовлены.

Лисаковский технический колледж в числе тех средне-специальных учреждений, где внедряется дуальная модель обучения.

Реформа профессионального образования предусматривает решение одной из основных задач – это пробуждение интереса к профессии под влиянием теоретического и

производственного обучения. Чем выше качество теоретического обучения, тем весомее его воспитательное значение.

Теоретическое обучение осуществляется преподавателями специальных дисциплин по действующим программам и учебным планам. Оно отличается последовательностью и целенаправленностью. Четкая и продуманная организация теоретического и производственного обучения оказывает на обучающихся существенное воспитательное влияние, способствует формированию у них профессиональных и нравственных качеств.

Преподавание технологии является первым и основным звеном к последующему формированию целостной личности обучающегося, способного занять достойное место в современном производстве. Основные направления моей работы в группах с дуальным обучением – это:

- воспитание у обучающихся убежденности в овладении избранной профессией;
- воспитание у обучающихся индивидуально-психологических качеств, необходимых для успешной трудовой деятельности: настойчивость в достижении цели, внимательность, дисциплинированность, организованность и т.д.;
- активизация мыслительной деятельности;
- использование проблемно-поискового метода обучения;
- необходимость включения в учебно-воспитательный процесс нетрадиционных форм обучения;
- внеурочная деятельность.

Один из важнейших путей развития интереса к избранной профессии на уроках спецтехнологии – активизация мыслительной деятельности обучающихся в процессе усвоения ими знаний, а одно из основных средств активизации - внедрение проблемного метода обучения. Применение этого метода направлено прежде всего на формирование активного отношения обучающихся к обучению, на развитие творческого мышления. Активность обучающегося заключается в том, что он должен анализировать фактический материал и так им пользоваться, чтобы самому получить из него новую информацию, то есть происходит расширение и углубление полученных ранее знаний.

В целях активизации мыслительной деятельности обучающихся на уроках спецтехнологии мною практикуются упражнения по планированию последовательности производственных работ – составлению технологических карт, организации рабочего места, расчет потребности материалов. Рассматривая технологическую последовательность выполнения работ, преподаватель четко объясняет способы выполнения каждой операции, применяемые для этого инструменты, материалы, приспособления и средства механизации, меры безопасности при выполнении работ. При изучении материала обучающиеся систематически привлекаются к самостоятельной работе с технической и справочной литературой, технической документацией, работе с учебником.

В процессе объяснения обучающиеся должны конспектировать новый материал. Помогая обучающимся успешно вести конспекты, я выполняю следующее:

- записываю на доске тему урока и основные вопросы;
- записываю новые термины на доске;
- основные определения предлагаю записать под диктовку;
- периодически проверяю конспекты обучающихся.

В своей деятельности очень часто использую частично-поисковый метод, изложение с проблемным началом, когда имеющиеся у обучающихся знания нужно применить в новых практических условиях.

Проблемное обучение развивает навыки самостоятельного мышления, но оно должно сочетаться с производственным обучением. Новый материал нужно преподносить так, чтобы обучающимся постоянно было интересно присутствовать на уроке и внимание их не ослабевало бы. Это зависит и от структуры урока, и от выбранных методов изложения и закрепления нового материала, и от содержания излагаемого материала, а также от личности

самого преподавателя: от его эмоциональности, умения говорить и доходчиво объяснять, от его внешности и доброжелательного отношения к обучающимся.

Урок спецтехнологии начинается с подготовки обучающихся к восприятию нового материала. Преподаватель должен создать у них желание активно воспринимать новый материал. Один из способов – повторение основных моментов ранее изученного материала, или рабочих моментов производственной практики. С этой целью используются карточки-задания, работа с которыми рассчитана на 5-8 минут, словарная работа с основными терминами, а также краткое изложение учащимися пройденного материала.

Изложение нового материала ведется с использованием постановки проблемных ситуаций. Устное изложение самим преподавателем нового материала занимает не более 10-15 минут. Основную работу обучающиеся выполняют сами, направленную педагогом в нужное русло. По характеру ответов учащихся преподаватель следит за тем, как они усваивают новый материал. Работа организована так, чтобы, не допуская утомления обучающихся, поддерживать их внимание на протяжении всего урока. Один из способов предупреждения утомления обучающихся – разнообразие форм и приемов работы на уроке, использование наиболее продуктивной части урока для усвоения изучаемого материала.

Внимание большинства обучающихся рассеяно, не обладает длительной устойчивостью, поэтому по ходу урока необходимо применять так называемые психологические разрядки напряженности внимания. Достигается это обычно использованием примеров из жизни, производственных ситуаций, переходом к изложению более легкого для усвоения материала. Заканчивать необходимо обобщением сказанного и подведением итогов. Кроме того, необходимо отметить ребят, активно работавших на уроке, выставить и прокомментировать оценки. Перечисленные приемы активизации мыслительной деятельности обучающихся на уроках спецтехнологии способствуют лучшему усвоению нового материала, что влечет за собой развитие их профессионального интереса.

Усвоенные знания проверяются практическим применением, а практика влияет на ход усвоения знаний. В целях закрепления нового материала на уроках спецтехнологии обучающимся предлагаются различные упражнения. На большинстве уроков при объяснении порядка ведения того или иного процесса в качестве закрепления обучающиеся составляют технологическую карту этого процесса. Технологические карты составляются для того, чтобы у обучающихся с самого начала формировались умения планировать технологические процессы, правильно и рационально осуществлять выбор инструментов, приспособлений и инвентаря, в дальнейшем выбирать способы выполнения операций на производственной практике.

Прочность овладения знаниями, умениями и навыками, их закрепление и совершенствование достигается организацией регулярного повторения учебного материала. Повторяя материал, используя его в разных ситуациях, обучающийся находит в нем новые стороны, осмысливает факты, уточняет понятия, обогащает выводы. Одним из критериев прочности усвоенных знаний является умение систематизации изученного материала. Систематизация предполагает мысленное распределение понятий по группам и подгруппам в зависимости от их сходства или различия. Такие упражнения проводятся в форме заполнения рабочих тетрадей. Вопросы в рабочих тетрадях формируются так, что на них нельзя ответить без вдумчивой и осмысленной работы, необходимо использовать книги, нормативные документы, записи в тетрадях.

Совершенствования знаний является домашняя работа обучающихся. Чаще всего домашняя работа представляет собой продолжение работ, начавшихся на занятиях. Например, закончить составление технологической карты (записать инструменты, приспособления и инвентарь, необходимые для выполнения какого-либо процесса обработки материалов) или закончить работу по заполнению таблицы, ответить на предложенные преподавателем вопросы. Домашнее задание всегда носит творческий характер.

Помимо уроков спецтехнологии и производственного обучения развитие интереса к избранной профессии происходит и на внеклассных мероприятиях.

Принципы, на которых строится учебно-воспитательный процесс в нашем колледже, находят свое продолжение во внеурочной работе, которая включает в себя профессиональное, эстетическое и физическое воспитание. Профессиональное воспитание имеет целью привитие обучающимся этики трудовой деятельности, осознанного отношения к освоению выбранной профессии, приобщение к профессиональной культуре, формирование умения учиться самим, выявлять и развивать познавательные и другие качества. Для этих целей в мастерских созданы и работают кружки технического творчества. Основными задачами кружковой работы являются:

- привитие интереса к профессии;
- овладение знаниями и умениями для свободного овладения профессией;
- формирование творческого воображения.

Данная работа чётко спланирована, разработана программа кружковой работы, принимаются меры к приобщению обучающихся к работе в кружках. Администрация колледжа помогает создавать условия для данной работы, обновляя материальную базу. Задачи обучения и воспитания специалиста заложены в мероприятиях с чётко выраженной профессиональной направленностью: проводятся конкурсы «Лучший по профессии», Недели профессионального мастерства, выставки изделий, изготовленных руками обучающихся.

Комбинация перечисленных форм учебной работы и их тесная связь между собой предполагает последовательное и планомерное продвижение всех обучающихся к всё более высоким уровням технологического мастерства, подготовленного прочной теоретической базой.

Список литературы:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118 zakon.kz.
4. Малышкина Н.А. Использование ЦОР на уроках русского языка // (С) Вопросы Интернет-образования, 2011.
5. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Под ред. Е.С. Полат. – М.: Изд. центр «Академия», 2003.

Мұхтарова Ш.Е.

Ж. Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі,
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қ., Қазақстан

РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕРІ

Түйін. Мақалада рухани-адамгершілік тәрбиесінің ұстанымдары, міндеттері, құндылықтары, мораль, мұғалімнің адамгершілігі мен этикасы туралы ойлар және тәрбие үдерісіндегі әдістерден үлгілер берілген.

Аннотация. В статье представлены принципы, цели, ценности духовно-нравственного воспитания, представления о морали, нравственности и этике учителя и примеры методов в образовательном процессе.

Abstract. The article presents the principles, objectives, values of spiritual and moral education, ideas about morality, morality and ethics of the teacher and examples of methods in the educational process.

Түйін сөздер: Рухани-адамгершілік тәрбие, адам капиталын даярлау, адамгершілік сапалары, құндылықтары, этика

Қай заманда, қай қоғамда болмасын адамзат алдында тұрған мақсаттардың ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу, сол қоғамды алға апаратын адам капиталын даярлау. Бұл мақсатты жүзеге асыруда негізгі күш қоғамның білім беру жүйесіне түседі, білім беру орындары мен мұғалімдер, тәрбиешілер, ата-аналар алдында қиын да жауапты міндет тұр. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін рухани- адамгершілігі, ақыл-парасаты мол, мәдени ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Адамгершілік тәрбиесі жан-жақты тәрбиенің аса маңызды бөлігі болуымен қатар, ол адамгершілік-қоғамдық дамудың жемісі, әрі қоғам өміріндегі өзгерістерге байланысты дамып жетіліп отыратын маңызды құбылыс. Адамгершілік тәрбиесінің өзекті міндеті – өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі қоғамның алдында тұрған мақсат мүддесіне сай адамгершілік қасиеттердің тұтастығын тәрбиелеу.

Адамгершілік тәрбиесі күрделі де қайшылыққа толы процесс. Сондықтан, адамгершілікке баулу дегеніміз – ол адамдардың үлкен бе, кіші ме, әрбір істеген ісін, сөйлеген сөзін, өзгелермен қарым-қатынасын ақылға салып, ар-ұят таразысынан өткізіп, біліммен ұштастырып, ең әділ, ең дұрыс жолын таңдап ала білуі.

Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Рухани- адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды. Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа-қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да болашағы зор болмақ.

Қоғамдағы адамдар өз өмірлерін моральдық немесе этикалық оқшауланумен өткізбейді, олар белгілі бір рухани-адамгершілік дәстүрлер аясында өседі. Рухани-адамгершілік дәстүрлер қоғам азаматтары белгілі бір моральдық және азаматтық құндылықтарға ие болып, белгілі бір ізгіліктерді көрсеткен жағдайда ғана өркендей алады.

Қазіргі дәуірде технологиялар қоғамға барлық салаларда әсер етеді, сонымен қатар қоғам да ғылым мен технологияға ықпал етеді. Ғылым мен техниканың қарқынды дамуы және қоғамның күрделене түсуі де адамгершіліктің, құндылықтар, этика мен олардың қоғамға пайдасының маңыздылығына негіз болады. Адамгершілік көріністері

адамгершілік мінез-құлық әрекеттері арқылы анықталады, ал этика адамның сол мінез-құлқына теориялық, жүйелік және ұтымды көріністерін сипаттайды.

Құндылықтар сенім мен көзқарасқа байланысты қалыптасады және адамның мінез-құлқын басқарады. Адамгершілік, құндылықтар мен этика қоғамға, руханият пен мәдениетке қатты негізделеді (Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім және ғылым жөніндегі ұйымы, 1991).

Этиканың үш мағынасы бар. Біріншіден, этика әдетте адамгершіліктің синонимі ретінде қабылданады, әр парасатты адам ұстанатын және бір-біріне қатысты ұстануы талап етілетін әмбебап құндылықтар мен мінез-құлық стандарттары. Екіншіден, этика - бұл адамзаттың құндылықтары мен стандарттарының қайнар көздерін зерттейтін және оларды адамның жеке және әлеуметтік жағдайы теориялары шеңберінде табуға тырысатын философияның қалыптасқан саласы. Үшіншіден, кәсіби этика, және ол әмбебап емес және этикалық теория емес; жалпы кәсіппен айналысатындар ұстанатын арнайы жүріс-тұрыс ережелерін білдіреді. Кәсіби этика – бұл кәсіп тұжырымдамасының ажырамас бөлігі. Рухани-адамгершілік құндылықтар мен этикаға байланысты түсінбеушілік пен қате түсініктердің кең ауқымы қалыптасқан (Черчилль, 1982).

Адамгершілік тәрбиесінің мақсаты тұлғаның басқа тұлғалармен қарым-қатынас жасап, өз сезімдерімен бөлісуі, өзінің жеке міндеттері мен іс-әрекеттеріне жауапкершілігін қалыптастыруы. Мұғалімнің адамгершілігі дегеніміз екі жақты құбылыс. Біріншіден, мұғалім адамгершілік құндылықтарды кәсіби мінез-құлық арқылы танытатын тұлға екіншіден, студенттерге сол негізгі құндылықтарды және принциптерді үйрететін, оларды күнделікті іс-әрекеті мен шынай өмірінде көрсетіп отыратын тәрбиеші. Этика жауапкершілік, сенім және сенімділік қасиеттерімен тығыз байланысты. Этика әрқашан әділ, шыншыл, ашық және қоғамдағы басқалардың құқықтары мен жеке өміріне құрметпен қарауы керек.

Қоғамда көптеген құндылықтар жиынтығы бар. Мораль, құндылықтар мен этика әрқашан қоғаммен байланысты және өзара байланысты және саясаттың үнемі ықпалында болатын қоғамдық мәдениетке қосылады. 19 ғасырдан бастап ғылым мен технологиялық жедел жетістіктер болды; жаһандану қоғамға, ғылыми білім мен оқыту практикасына қатты әсер етуде. XIX ғасырға дейін ғылыми тәжірибелер ғылыми білімнің философиялық және метафизикалық аспектілерін бағалаумен бірге адамгершілік және діни құндылықтарға негізделді. Ол кезде қоғамдық іс-шаралар ғылыми тәжірибелермен бірге қолдау тауып отырды. Жағымды жағы ғылымның мораль мен жоғары құндылықтарды тәрбиелеумен қатар жеке адамгершілік және рухани эволюцияға әсер ететіндей жұмыс жасауына мүмкіндік беруінде болды. Бірақ бұл жүйемен салыстырғанда қазіргі жүйе ғылыми практиканы қолдай бермейді және айтарлықтай нашарлаған. Қазіргі идеологияны қолданып жүрген ғылым жеке адамның ішкі адамгершілік және рухани өрістеуі мен орындалуына қарсы әрекет етеді деп тұжырымдалды (Витц, 1996).

Мұндай қарама-қарсы идеология адамның өмір мен ізгіліктің сұлулығын бағалауын шектеуі мүмкін. Осылайша, адамгершілік пен құндылықтарды қолдайтын дені сау денде дұрыс ақыл-ойдың дұрыс бағдары мен негіздері бола алмайды.

350 жылдан астам уақыт бойына білім беру жеке адамдарға пайда әкелетін және қоғамға қызмет ететін жолға бағытталған (Хурд, 2000). Соңғы 4-5 жылдықта ғылыми білім мен ғылыми тәжірибенің бейнесі айтарлықтай өзгерді. 1980-1990 жылдар аралығында өмірлік оқу бағдарламасын құруға негіз бола алатын ғылыми-технологиялық сауаттылыққа байланысты әлеуметтік және жоғары деңгейлі ойлау қабілеттерін анықтауға көп күш жұмсалды. Қазіргі оқу бағдарламасы студенттерге адамның әл-ауқатына әсер ететін өзгерістерді жеңуге көмектеседі (Хурд, 1998), сондай-ақ мораль, құндылықтар мен этикаға тәрбиелейді.

Қазіргі кезде мұғалімдер соңғы бірнеше онжылдықта жүргізілген түрлі білім беру реформалары мен айтарлықтай зерттеулерге қарамастан үлкен мәселелерге тап болды. Ең

маңызды және алаңдатарлық мәселе студенттердің ынтасы мен ғылымға деген қызығушылығының төмендеуі, әсіресе нақты ғылымдарға қатысты (Баттерхэм, 2000; Чодхури, 2013, 2014; Киемер, Грешнер, Пехмер & Зайдель, 2015; Титлер, 2007). Соңғы жылдары студенттердің STEM (жаратылыстану, технология, инженерия және математика) пәндеріне деген қызығушылығы орта білім беру кезінде айтарлықтай төмендеді (Киемер және басқалар, 2015). Сонымен қатар, жаһанданған әлемдегі тез дамып келе жатқан технологиялық жетістіктер мен әлеуметтік өмірдегі күрделі мәселелер мораль, құндылықтар мен этикаға баса назар аударуды, оларды жетілдірілген оқу бағдарламасы мен оқыту практикасы арқылы ұсынуды қиындата түсуі мүмкін.

Құндылықтар мен этиканы студенттерге тікелей үйретуге болмайды (Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім және ғылым жөніндегі ұйымы, 1991), өйткені кейбір студенттер сезімтал болып, әр түрлі әрекет етеді. Адамгершілік пен құндылықтарды рөлдік ойын, драматургия, имитация, білім беру ойындары, пікірталастар, жобалар, топтық жұмыс, тәрбиелік сапарлар, сұхбаттасулар, миға шабуыл сияқты көптеген оқыту әдістері арқылы тәрбиелеуге болады; өлеңдер, әңгімелер, әндер, фотосуреттер, плакаттар мен ұрандарды қолдана отырып, ресурстарды пайдалануға да болады. Оқытудың басқа әдістері жобалық бағалауды, топтық жұмысты бағалауды, бақылау техникасын, сұхбаттасуды, тестілеуге дейінгі, тесттен кейінгі, жазбаларды және аудиовизуалды бағалауды қамтиды.

Соңғы кезде құндылықтарды қалыптастыру үдерісінде рөлдік ойындар, симуляция, имитация, жобалар кеңінен қолданылуда. Болашақ мұғалімдер бойында жаһандық мәселерді түсінетін, сыни ойлай алатын, топта жұмыс жасайтын, өз ойын қорғай алатын фасилитаторлар болуы керек. “MUN” немесе «Біріккен Ұлттар Ұйымы Моделі» жобасы осындай әдістердің бірі. Жобаның паспорты жасалып, тәрбие үдерісінде қолданыла бастады. Жоспар бойынша бірнеше әзірлік сабақтарынан кейін “College MUN Conference” ұйымдастырылды, конференция тақырыбы “COVID 2019” болды. Онлайн конференцияға 15 елден делегаттар қатысты, олар алдын-ала берілген тақырып бойынша зерттеп, MUN сессиясында сөйлейтін сөздерін әзірледі. Конференция онлайн режимінде, zoom форматында өткізілді. Конференцияға студенттердің қызығушылығы жоғары болды, әр елдің атынан сөйлеген студент сол елдегі пандемиялық жағдай жөнінде нақты, пайдалы ақпаратты ағылшын тілінде жеткізе білді, топтарға бөлініп өз ойларын талқылап, шешімдерін қабылдады. Бұл жоба студенттерге ізденуге, өз ойын жеткізе білуге, талқылауға, сыни ойлауға, топта жұмыс жасауға мүмкіндік береді, жаһандық проблемаларға өз ойларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Тәрбие сағаттарында жиі қолданылатын әдістерімнің бірі «миға шабуыл» әдісі, бұл әдіс бойынша «Күннің цитатасы» тақырыбында цитаталар беріліп, осы цитаталар туралы ойлар айтылады немесе эссе жазылады. Цитаталар қысқа да болса нұсқа, олардың танымдық, рухани құндылықтары жоғары.

Әдебиеттер тізімі:

1. Campbell, E. (2003). *The ethical teacher*. Maidenhead, UK: Open University Press/McGraw-Hill.
2. Batterham, R. (2000). *The chance to change: Final report*. Department of Industry, Science and Resources
3. Chowning J. T. (2005). How to have a success full science and ethics discussion. *The Science Teacher*, 72 (9)
4. Churchill L. R. (1982). *The teaching of ethics and moral values in teaching: Some contemporary confusions*.

Невпряга Г.А.

преподаватель, Костанайский колледж автомобильного транспорта,
Костанайская область,
г. Костанай, Казахстан

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ В КОСТАНАЙСКОМ КОЛЛЕДЖЕ АВТОМОБИЛЬНОГО ТРАНСПОРТА В УСЛОВИЯХ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

Түйін. Бұл мақалада автор қашықтықтан оқыту кезеңінде тәрбие жұмысын жетілдіру қажеттілігіне назар аударады. Болашақ жоғары білікті маманның тұлғасын қалыптастыру және қалыптастыру бойынша жұмыстың негізгі бағыттарын егжей-тегжейлі көрсетеді. Педагогикалық ұжымның осы бағыттағы жұмысының кейбір қорытындыларын шығарады.

Аннотация. В данной статье автор обращает внимание на необходимость совершенствования воспитательной работы в период дистанционного обучения. Подробно освещает основные направления в работе по формированию и становлению личности будущего высококвалифицированного специалиста. Подводит некоторые итоги работы педагогического коллектива в данном направлении.

Abstract. In this article, the author draws attention to the need to improve educational work during distance learning. It covers in detail the main directions in the work on the formation and formation of the personality of the future highly qualified specialist. Summarizes some of the results of the work of the teaching staff in this direction.

Ключевые слова: воспитательная работа, дистанционное обучение, студент, онлайн-мероприятие.

С древнейших времен воспитание является важнейшей функцией общества. Без передачи общественно-исторического опыта от одного поколения другому, без вовлечения молодежи в социальные и производственные отношения невозможно развитие общества, сохранение и обогащение его культуры, существование человеческой цивилизации.

Воспитательная работа в Костанайском колледже автомобильного транспорта рассматривается как одно из важных направлений деятельности учебного заведения по формированию и становлению личности будущего высококвалифицированного специалиста и интегрируется во все сферы деятельности.

Цель воспитательной работы колледжа: Разностороннее развитие личности обучающегося как гражданина республики Казахстан, обладающего глубокими профессиональными знаниями и навыками; культурного и социально-активного, с уважением относящегося к духовным ценностям и традициям, моральным устоям и нравственным ориентирам общества.

Исходя из разработанной и принятой в колледже Модели личности выпускника, задача каждого члена педагогического коллектива заключается в том, чтобы способствовать формированию конкурентоспособной личности, востребованной на рынке труда, социально адаптированной, творческой, способной к постоянному самообразованию и самосовершенствованию.

В колледже разработан план воспитательной работы, который включает в себя восемь основных направлений.

1. Воспитание нового казахстанского патриотизма и гражданственности, правовое воспитание. Это направление является одним из сложных. К большому сожалению, и патриотизм, и гражданственность сегодня не в приоритете для многих молодых людей. В нашем обществе произошла серьезная деформация **такого качества, как любовь к Родине, к своему народу.** Но, каждый из нас прекрасно понимает, что патриотами не рождаются, ими становятся. И Лидер нации в своей программной статье «Рухани жанғыру» – взгляд в будущее, напоминает, что «Особое отношение к родной земле, ее культуре, обычаям, традициям – это важнейшая черта патриотизма.» – Н. Назарбаев [1]

В данном направлении проводится многообразных мероприятий. Это пост в инстаграм «Моя малая Родина»; квест «Костанай – мой город»; заседание круглого стола с представителями правоохранительных органов; комплекс мероприятий ко дню памяти жертв политических репрессий и встреча с воинами афганцами; посещение музеев; тематические классные часы «Портрет лидера на фоне эпохи», «Слава, тебе, победитель солдат»; поздравительная программа к празднику Наурыз мейрамы; мероприятия по предупреждению дорожно-транспортного травматизма; полюбившийся всем конкурс «Жігіт сұлтаны».

Прижилась у нас акция «Приведи друга в колледж». В нынешнем учебном году, благодаря только этой акции, наше студенческое сообщество пополнилось на 250 человек.

2. Духовно-нравственное воспитание. Данное направление заставляет нас обратить серьезное внимание на истоки наши, на наше старшее поколение, которое обладает богатейшим опытом в формировании и сохранении морали, нравственности и духовности. Студентам интересны и бесконечно важны встречи с ветеранами труда, людьми очень интересными, умудренными опытом, могущими понять, дать дельный совет. Но, порой очень одинокими и нуждающимися, чаще даже не в материальной помощи, а в простом общении, желании поделиться своими знаниями с молодым поколением. Такие встречи с ветеранами труда у нас проводятся систематически. Это поздравления на день пожилого человека, посещение ветеранов труда и оказание им помощи в уборке жилья, приобретении медикаментов и продуктов, приглашение на классные часы, родительские собрания.

Продолжает работу клуб волонтеров. Участник клуба, Тюрин Никита, в областном конкурсе «Лучший волонтер – 2020» в номинации «Лучший волонтер в направлении ЧС (поиск без вести пропавших, работа в пандемию) занял 1 место.



Рис. 1. Лучший волонтер – 2020

С целью пропаганды ценностей независимого Казахстана и достижений обучающихся, студенты приняли участие в областном онлайн-челлендже, посвященном Дню Независимости Республики Казахстан.




Рис.2. Участник онлайн-челленджа, посвященного Дню Независимости РК

Традиционно проводится посвящение первокурсников в студенты, конкурс эссе «Простые истории человеческой дружбы», мероприятия ко дню толерантности», посещение музеев.

3. Национальное воспитание. Проживать в многонациональном государстве и легко, и сложно одновременно. Чтобы минимизировать эти сложности, мы ставим перед собой

важную задачу не только самому уважительно относиться к национальным традициям, обычаям, языку, но и научить этому других. В рамках национального воспитания проведено интересное мероприятие ко Дню языка «Язык – живая душа народа». В колледже работает разговорный клуб по развитию государственного языка для студентов в малых группах. Были проведены такие мероприятия, как олимпиада для студентов первых курсов по казахскому языку и литературе; викторина «Интересный мир казахского языка»; конкурс исполнителей «Жас канат»; конкурс плакатов «Тәуелсіздік Қазақстан»; конкурс сочинений «Молодая Родина - процветающее государство»; онлайн экскурсия в музей Ы. Алтынсарина; мероприятие «Наурызым – асыл айым»; конкурс плакатов «Наурыз тойы»; игра по станциям «Язык – живая душа народа»; «Абай – челлендж – поэтическая эстафета». Кроме того, в рамках перехода на латинскую графику в колледже проводятся общенародный республиканский и областной диктанты для преподавателей и студентов; в библиотеке оформлен стенд «Переход на латинскую графику».

4. Семейное воспитание предполагает тесную связь с родителями. Все начинается с семьи: уважение к старшим, порядочность, дисциплина, ответственность. Ко Дню семьи, в рамках мероприятия «Бакытты отбасы», был проведен конкурс семейных фотографий, на которых отражены индивидуальные семейные праздники, традиции, особенности отдыха и будней семьи студента. Студенты подготовили электронные газеты «Генеалогическое древо моей семьи». В колледже регулярно проводятся родительские собрания, с переходом на дистанционное обучение родительские собрания проводятся онлайн. Но это не делает их серыми и неинтересными. Скорее наоборот. Явка на такие собрания лучше: не нужно тратить время на то, чтобы добраться из поселка в город, на собрании часто присутствует вся семья. Родители активны, советуют, спорят, задают много вопросов. Работает клуб общения родителей. Проводится регулярное анкетирование родителей и студентов по вопросам дистанционного обучения.

5. Трудовое, экономическое и экологическое воспитание.

В рамках трудового воспитания в колледже особое внимание уделяется движению WorldSkills – самому масштабному соревнованию профессионального мастерства среди студентов колледжей, способствующему профессиональной ориентации молодежи и внедрению в систему отечественного образования лучших международных практик. 10 наших студентов стали победителями регионального конкурса. Среди них бывший выпускник ККАТ, а сегодня инженер-программист, Степанюк А., который принял участие в международном чемпионате Eurasia Skills по компетенции «Сетевое и системное администрирование» и занял 2 место.

С целью повышения уровня экономической грамотности регулярно проводятся встречи студентов с представителями банков и пенсионного фонда. Так, с целью поддержки и развития предпринимательской инициативы молодого поколения студенты нашего колледжа в декабре 2020 года приняли участие в республиканском онлайн-гранд турнире «Я предприниматель», представив бизнес-проекты по различным направлениям. Их работы заслуженно вошли в 10-ку лучших и получили 3 призовое место. Также студенты ККАТ приняли участие в областном конкурсе стартап-проектов, который проводился на базе Костанайского высшего экономического колледжа, где были отмечены грамотами и призами.

В рамках экологического воспитания проводятся экологические субботники «Чистый город-мой город».

6. Интеллектуальное воспитание, воспитание информационной культуры. В колледже функционирует 10 цикловых комиссий, которые ежегодно в рамках своих декад организуют различные мероприятия. В ходе каждой декады проводится до 20 открытых онлайн-уроков и внеклассных мероприятий: это олимпиады, конференции, круглые столы, конкурсы, викторины. Все мероприятия проходят в форме видеоконференций.

В колледже успешно работает дебатный клуб в рамках которого проводятся Дебатные турниры «Вперед, знатоки!».

Ведется серьезная научно-исследовательская работа. В текущем году под руководством 29 педагогов работают 40 студентов, которые в течение года активно участвуют в областных научно-практических конференциях. Так, в феврале 2020 года на базе колледжа КИНЭУ в XII научно-практической конференции «Жас ғалым -2020» 10 педагогов и 17 студентов приняли активное участие. Две научные работы заняли 3 место и несколько работ получили номинации такие как «Прикладное значение» и «Исследовательский подход».

7. Поликультурное и художественно-эстетическое воспитание нацелено на проявление творчества, сплочения и инициативы. Интересно прошла фотовыставка «Мир в объективе» среди студентов колледжа, запланирована поздравительная программа к Международному женскому Дню. Завершит учебный год, ставшее прекрасной традицией, торжественное вручение дипломов выпускникам колледжа по отделениям.

8. Физическое воспитание, здоровый образ жизни. Большая спортивно-массовая и туристическая работа воплощается в таких акциях как «Я выбираю жизнь!» и «Мы против СПИДа», в челлендже по пропаганде ЗОЖ, проведении тематических классных часов.

Команда преподавателей физической культуры под руководством Ромащенко Н.Ф. применяет самые новые технологии и прилагает максимум усилий, чтобы занятия были интересными и полезными даже в условиях дистанционного обучения. Так, весной был проведен первый онлайн-турнир по шахматам среди студентов колледжей Костанайской области, осенью в областных соревнованиях по национальной игре «тоғызқумалақ» и шахматам студенты нашего колледжа были призерами, заняв 1 и 2 общекомандные места. Вместе с онлайн-уроками, на регулярной основе были организованы спортивные викторины по различным видам спорта.



Рис. 3. Победители шахматного онлайн-турнира

Весь педагогический коллектив задействован в воспитательном процессе. Присутствует интеграция воспитательной работы во всех направлениях деятельности учебного заведения.

2021 год, по инициативе Туркменистана, ООН провозгласила Международным годом мира и доверия. Масштабно, глобально. Но, нужно помнить, что и мир, и доверие начинаются с малого: с семьи, с группы в колледже, с поселка, где родился, с города, куда приехал учиться. «От малой родины начинается любовь к большой родине – своей родной стране (к Казахстану).» – Н.Назарбаев [2]

Список литературы:

1. Назарбаев Н. А. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». Доступно на: https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya;
2. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 6 апреля 2020 года № 130 «Об утверждении Перечня документов, обязательных для ведения педагогами организаций среднего, технического и профессионального, послесреднего образования, и их формы».

Нұржанова Г.Қ.

казак тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы, Қостанай автомобиль көлігі колледжі,
Қостанай облысы,
Қостанай қ., Қазақстан

ТҰЛҒАНЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ – ҚОҒАМ БАЙЛЫҒЫ

Аннотация. В данной статье рассматриваются пути духовно-нравственного воспитания личности и расценивается как богатства общества.

Ключевые слова: воспитания, личность, чувства патриотизма, духовно-нравственных ценностей, духовного богатства, общества.

Abstract. This article examines ways of spiritual and moral education of the personality and regards as the wealth of society

Keywords: education, personality, feelings of patriotism, spiritual and moral values, the spiritual wealth of society.

Білім берудің қай түрі болмасын – тәрбие.

Л.Н. Толстой

Тәрбие – жеке тұлғаны мақсатты қалыптастыру кезеңі .В.Г. Белинский: «Тәрбие – ұлы іс, тәрбие арқылы адам тағдыры шешіледі» десе, Д.И. Менделеев: «Тәрбиесіз білім – есуастың қолындағы қылыштай» деген болатын. Тәрбиенің маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана Адам болып қалыптасады. Оған көптеген мысалдар келтіруге болады. Қазір ортамызда «Қиын балалар», жасөспірімдер, ата-анасы көңіл бөлмейтіндер, түрлі тағдырға душар болған жастарымыз көп. Біздің мақсатымыз – осы жастарды мүмкіндігінше жан-жақты тәрбиелеу.

М.М. Пришвиннің сөзін келтірсек, «Студент – жастарымыз дұрыс тәрбиеге наннан да артық душар». Егер жабайы аңдар адамға мейірімділік көрсетсе, адамдар неге бірін-бірі тәрбиелемеске? Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысы емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр.

Я.А. Коменский «Тәрбиені мойындамау – адамдардың, жанұяның, мемлекеттік және бүкіл әлемнің құруы» деген болатын. [2]. Ендеше, тәрбие – ауадай қажет. Студент жастарды гуманистік рухта тәрбиелеу алдымызға мынадай міндеттер қойды:

- студент жастарды оқыған шығармалардың басты кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінің жағымды жақтарына көңіл аударып, талдауға, түйін жасауға үйрету;
- оқылған мәтіндерден кейіпкерлерге берілген авторлық көңіл-күйді табу;
- студенттің сана-сезім, ақыл-ой қызметінің дамуына, қалыптасуына ықпал жасай отырып, шығармашылық қабілетін ашу, қозғау салу;
- студенттердің сабақтар бойынша алған білім, білік, дағдыларын одан әрі дамытып, тереңдету, өздігінен жұмыс істеу қабілетін ашу;
- студенттерді сөйлету арқылы кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыру, қорытындылау, бағалауға үйрету;
- студенттің өзін-өзі тануына, өзіндік менін оятуға бағдар беру.

Тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор екенін осыдан көруге болады.

Рухани бай адам – ең алдымен әділ, шыншыл, мейірімді, кешірімді, қанағатшыл, ақылды болады. Гуманист болу деген не? Ол қайырымдылықтан тұрады. Ал қайырымдылық қандай қасиет? «Мен өмірде неге қол жеткізіуім керек?» – деген сұраққа жауап берместен бұрын, «Мен қандай болуға тиіспін?». «Адам болу деген не?» – тәрізді сұрақтарға ойлануымыз керек. Мысалы, теректің «жақсы» өсіп-дамуына құнарлы топырақ, ауа-райының қолайлы болуы, т.б. жағдайлар әсер етеді. Ал өсімдіктің өсуіне кедергі келтіретін «жаман» жағдайларға: құрғақшылық, өсімдікті бүлдіретін зиянкестер, дауылдар жататыны белгілі. Дәл осы тәрізді адам үшін де жақсы мен жамандық алмасып келіп тұрады. Жақсы жағдайда адам бойындағы адамшылық қасиеттер өніп, адамның Адам болып қалыптасуына

көмектеседі. Жақсылыққа қайшы жамандық бар. Адам бойындағы жақсылық пен жамандық тек сыртқы жағдайлардың әсерінен ғана болып қоймайды, олар адамның ішкі жан дүниесінен де орын алады. Адамгершілік дегеніміз айналамызға қайырымдылық нұрын шашудан тұрады екен.

«Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: Әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық», – деп білемін дейді 38-ші қара сөзінде ұлы Абай.

Адамгершілік тәлімі жүрекке жан шуағын орнатып, бұрыннан бойымызда бар жақсы қасиеттерді дамытады. Жаман әдет пен теріс қылықтан тазарып, жаны таза, көңілі ақ, рухани сезімдерге бай адам болып қалыптасу – өзекті мәселе. Білім берудің негізгі мазмұны жеке тұлғаның дамуы болып табылады.

Адамның адам болуға лайықты және өмір сүре білуіне керекті басты қажеттіліктері:

- Денсаулық қажеттілігі;
- Өзін өзі қорғай алу және қауіпсіздік қажеттілігі;
- Ұжымда өзгелердің құрметіне ие болу және әлеуметтік ортада болу қажеттілігі;
- Өмірдің мәнін түсіну қажеттілігі;
- Өз мүмкіндігін іске асыра білу және өзіндік келбеті болу қажеттілігі;
- Даму үшін шығармашылық қажеттілігі;
- Атқарған ісінен қанағат сезімін алу, ішкі талпынысын іске асыру, көңіл-күйін

көтеріңкі ұстау қажеттілігі.

Қажеттілік тұлғаның қызығушылығынан пайда болады. Жүйелей келе, қажеттіліктерді тұлғаның дамуын басқаратын бағдарлама деп санауға болады. Студент қажеттілікті қанағаттандыру арқылы өзінің «меніне» қадам басады, алдына қойған мақсатына жетеді, яғни тұлға болып қалыптасады. Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең адамдарды толық қалыптасқан, мінезі тұрақты адам дейміз. [4] Мінездің тұрақтылығы адамның рухани-адамгершілік түсініктерінен туындайды. Ендеше, студенттерді рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың басты мақсаты.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі жан-жақты тәрбиенің аса маңызды бөлігі болуымен қатар, ол адамгершілік-қоғамдық дамудың жемісі, әрі қоғам өміріндегі өзгерістерге байланысты дамып жетіліп отыратын маңызды құбылыс. Рухани-адамгершілік тәрбиесі күрделі де қайшылыққа толы процесс. Сондықтан, адамгершілікке баулу дегеніміз – ол адамдардың үлкен бе, кіші ме, әрбір істеген ісін, сөйлеген сөзін, өзгелермен қарым-қатынасын ақылға салып, ар-ұят таразысынан өткізіп, біліммен ұштастырып, ең әділ, ең дұрыс жолын таңдап ала білуі.

Рухани-адамгершілік тәрбиесінің өзекті міндеті – өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі қоғамның алдында тұрған мақсат мүддесіне сай адамгершілік қасиеттердің тұтастығын тәрбиелеу. Заманауи білім берудің өзекті мәселесі де осы жас ұрпаққа – адамгершілік рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен оқытушылар шешуші роль атқарады.

Рухани-адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың жас ұрпаққа белсенді ықпалын, екінші жағынан – жас ұрпақтың белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, жас ұрпақ жетістіктерін зер салып талдау керек.

Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, сабақты оқыту ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу-тәрбие ісінде жоспарлы түрде іске асады. Оқытушылардың жеке тұлғалармен қоғамдық өмірдің құбылыстарымен танысу кезінде, олардың шығармаларымен,

туындыларымен танысу негізінде іске асады. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбек сүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүниені өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды.

Тұлға бойындағы мейірімділік, шыншылдық, адалдық сияқты рухани адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып жұмыстану, өзін-өзі басқаруына, жеке тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлу, өз ортасында еркін сөйлеп, өз ойын еркін айта алатын бәсекеге қабілетті, дарынды студенттерді тәрбиелеу мақсатында Қостанай автомобиль көлігі колледжі әр түрлі сыныптан тыс іс-шараларды жиі ұйымдастырады. Мәселен, жыл сайын өткізілетін қарттар күніне орай «Қарттар-асыл қазына» тақырыбындағы іс-шарада колледж студенттері қарттар үйіне барып өз көмектерін көрсетеді. Колледждегі волонтер топтары да қарттарымыздың керекті дәрі-дәрмектерін алуға, жеке отбасылық жағдайларына байланысты қажетті жұмыстарға, (мысалы, өз тобымнан Д-17 тобынан Кильевич Дмитрий мен Швидкий Никита, Балайдаров Арыстан, т.б) жыл бойы үздіксіз көмектесіп отырады. «Өзгені ойлаған-адамдықтың белгісі» – демекші қаладағы жалғыз басты қарияларға да көмек беруде жақсы жолға қойылған. Сонымен бірге жыл сайын «Барлық құрмет үлкендерге» атты мерекелік концерттен басқа, автобуста орын беріп, қала көшелерінде декұрмет ізеттерін көрсетіп отырады. Бірінші курс тобы студенттерімен өткізілетін «Жақсылық – жан азығы», «Кішіпейілділік – көңіл кеңдігі» атты іс-шараларында рухани-адамгершілік білім тұлғаның, студенттің бойына өзінің жарқын болашағына деген сенімділігін ұялатады. «Салауатты өмір – көтеріңкі көңіл» атты іс-шара (балалар үйіне, мүмкіндіктері шектеулі жандарға көмек) да жыл сайын өткізіледі. Бұндай қайырымдылық шараның берері мол, өйткені ол студенттерді адамгершілікке, қайырымдылыққа, кішіпейілділікке баулыса, тіл апталығы мен отбасы күніне арналған іс-шаралар өз ана тілінің қадір-қасиетін түсіне білумен қатар отбасы құндылықтарын сақтауға, ұлттық салт-дәстүрдің орынды көрсетілуі, студенттердің қызығушылығын арттыра түседі. (Студенттер өз отбастары туралы шағын бейнефильм түсіріп, эссе және фотоколлаждар жасайды.)

Рухани-адамгершілік тәрбиесі жастардың қоғамға, отбасына, білімге, Отанға, жер бетіндегі бейбітшілікке қатынасын қалыптастырады. Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға емес, адамгершілік құндылықтарға негізделеді. Колледжде көп жылдар бойы ұстаздық еткен оқытушылармен бірге жүргізілетін отырыстар мен қала мақтаншы атанған ұлы адамдармен өткізілетін жиі кездесулерде – ең әуелі адамгершілігімен, парасатының биіктігімен көрікті екеніне көз жеткізеді.

Рухани-адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды.

Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа – қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да болашағы зор болмақ. «Мен үш қасиеттімді мақтан тұтам», – депті Ақан сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым һәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым. Олай болса, жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу – адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты. Мақсатқа жету үшін сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай қасиеттерді бала бойына жас кезінен бастап қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайды. «Еліміздің күші – патшада, сәбидің күші – жылауында» демекші, біздің күшіміз, қорғанышымыз, сеніміміз – адамгершілігімізде болуы керек. Ол үшін Ақанның осы үш қасиетін бала бойына дарыта білсек-ұлы жеңіс болары анық.

Жалпы рухани-адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Әрбір жеке тұлғаның қоғамның сан салалы еңбек майданында өзінің игерген кәсібін, мамандығына сәйкес еңбек етіп, өзін еркін сезінуі отандық білім беру жүйесімен байланысты екені анық. Көп жағдайда сапалы білім алып, дәстүрлі ұлттық тәрбие көрген азаматтардың өз Отанын саналы түрде сүйіп, өз елінің бай да даңқты тарихына, оның жарқын болашағына

сеніммен карап, оған өзінің де қатысы бар екенін мақтанышпен сезіне алатынын қазіргі заманның алдыңғы қатарлы өркениетті мемлекеттерінің іс тәжірибесі, өнегелі дәстүрі көрсетіп отыр. Сол себептен еліміздің бүгінгі күрделі мәселелері де, жарқын келешегі де оның өркендеп дамуына қажетті сапалы білім алып, ұлттық дәстүрлі тәлім-тәрбие көрген жас маман-кадрларға байланысты екенін қазақ қоғамы терең пайымдай бастады. Мәселен, білім беру орталығы жеке тұлғаның қалыптасатын жері екені баршаға аян. Ол – жас ұрпаққа білім бұлағынан нәр алып, базалық білім жинақтауды негіздеп қана қоймай, одан әрі білім алуына бағыт-бағдар береді, рухани дамуының негізін қалайды, өз Отанына деген сүйіспеншілік сана-сезімін оятады. Демек, жас ұрпақтың ел-жұртына деген сана-сезімін қалыптастырудың бір жолы – білім беру мен тәрбие ісін бір-бірімен ұштастыра жүргізуде жатыр. Ұлтымыздың тілі мен таным түсінігін, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін, мәдени-әдеби рухани құндылықтарын насихаттап, солар арқылы жас ұрпақты тәрбиелеуде қазақ тілі мен әдебиеті пәні орасан зор қызмет атқарады. Әлбетте, жас ұрпаққа түрлі деңгейлік білім беру мен тәрбиелеуде қазақ тілі мен әдебиеті пәнімен қатар тарих, философия, педагогика, психология, мәдениеттану, саясаттану, әлеуметтану секілді т.б. пәндердің де маңызы ерекше. Дегенмен тіл мен әдебиет пәні басқа пәндерден гөрі жас ұрпақтың таным-түсінігін кеңейтуде орны ерекше. Өйткені ол жас ұрпаққа көркем эстетикалық тұрғыдан тереңірек әсер етіп, олардың отаншылдық сана-сезімдерін ұлттық рухани құндылықтар негізінде қалыптастырады. Мәселен, атамекенге деген сезім көркем әдебиеттің түрлі жанларында көркем бейнелер, көркем суреттеулер арқылы беріліп, жас ұрпақтың көркем-эстетикалық талғамын, ой-өрісін кеңейтеді. Мысалы, қазақ халқының эпостық жырларындағы батырлар бейнесі, олардың ел-жұрт үшін жан қиярлық ерліктері суреттеліп дәріптелуі атамекеніне деген сүйіспеншілік сана-сезімі оянып, қалыптасып, өркендеп өсіп келе жатқан ұрпақтың намысын жігерлендіріп, ерлік іс-әрекеттерге жетелейтіні сөзсіз. Сондықтан да жастар бойындағы адамгершілік сезімін қалыптастыруда аңыз-әңгімелер, дастандар мен жырлар, мақал-мәтелдері, қазақ ақын-жазушылары романдары мен повестерінің, өлеңдері мен поэмаларының т.б. берері мол. Мәселен, «Отан – оттан да ыстық», «Береке басы – бірлік», «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне үйір», «Көппен көрген ұлы той», «Бірліксіз тірлік болмас», «Ынтымақ болған жерде ырыс болады», «Елінді құрметтеу – өзінді сыйлау деген сөз» деген сияқты т.б. көптеген мақал-мәтел, нақыл, қанатты сөздер жас ұрпақты туған жер, атамекен, қоршаған ортаны сүюге тәрбиелейді. Жас ұрпақты отаншылдыққа, адамгершілікке тәрбиелеуде заманауи технологияларға негізделген білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін (бейнефильм көрсету) қазақ тіл мен әдебиет сабақтарында пайдалану студенттердің әлемдік бәсекеге қабілетті маман, ізгілік пен адамгершілік қасиеттерді бойына жинаған өзіне сенімді тұлға ретінде қалыптастыруда мәні зор. Бұл технология өскелең ұрпақты оқыту мен дамыту сапасын арттыруға үлкен мүмкіндік беріп қана қоймай, адамгершілігі мол, рухани жандүниесі таза, имандылығы жоғары, ізгілікке жаны құштар кемел азамат етіп тәрбиелеуде де үлкен рөл атқарады.

Қай заманда болмасын, жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі, үлгі алатыны тарихи жеке тұлғалар екені белгілі. Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари секілді ғұламалар еңбектерінің кеменгерлік сөздерінің жас ұрпақ тұлғасын қалыптастыруда мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы, ағартушысы Ыбырай Алтынсарин өзінің еңбектерін ана тілінде жазып, «бала тәрбиесі оның табиғи ортасы мен халқының салт-дәстүрі рухында тағлым болса, оның сана-сезімінің дамып, жетілуі-де ұлты мен халқына қызмет ететін көкірегі ояу, тұлға болып өседі» деп ой түйіндеген. Еңбекті сүю, үлкенді құрметтеу, мейрімділікке, кішіпейілдікке сияқты қасиеттерді жастарға түсінікті болатындай еңбектері арқылы жеткізе білді. Қазақ ағартушылығында, қазақ халқының мәдениеті тарихында орасан үлкен орын алатын ұлы, ақын ойшыл Абай Құнанбаевтың эстетикалық және этикалық мәселелер жөніндегі ой-пікірлері сол кездегі қоғамдық ойдың үлкен белесі болып табылады. Абай шығармашылығының негізгі өзегі – адамның адамгершілік, ар-ұяты, ақылдығы болып келеді.

Ұлттық тәлім-тәрбиеге көп көңіл бөлген педагог-ақын М. Жұмабаевтың артына қалдырған тәлім-тәрбиелік мұраларының негізгі тақырыптарның бірі де – бала тәрбиесі

мен тұлға мәселесі. Адам тұлға, кісі болуы үшін өзін сүйю, жақындарын сүйюмен шектелмей, жалпы адамзатты сүйюі шарт. Таза жүректі, халқын сүйген, ел мұқтажын ойлайтын, әділет пен адалдықты жақтаған адам ғана тұлға бола алады. Тұлға-сан қырлы, мазмұны да, табиғаты да күрделі, құпиясы мол әлеуметтік ұғым.

Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», – дейді. Демек, жасұрпаққа жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Қай заманда болмасын оқытушы алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, адамгершілігі мол саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің борышымыз, өйткені рухани- адамгершіліктің асыл қасиеттерін игерген тұлға – қоғам байлығы.

Болашақта ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі – бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселенің бірі. Олардың отансүйгіштік сезімін, білім мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, асқақ адамшылық және адамгершілік қадір-қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дағдыларын, ұнамды мінез-құлық нормаларын рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы қалыптастыру – үлкен қажеттілік екендігін еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев үнемі еске салады.

Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы жас ұрпақтың рухани байлығын арттыру. Қазақстан Республикасы жалпы білім беру тұжырымдамасында жеке тұлғаның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, рухани-адамгершілікті қалыптастыру, әрбір адамды дамыту үшін жағдайлар жасау міндетінің ерекше аталуы біз көтерген мәселенің қоғам талабынан туындап отырғандығын дәлелдейді.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі қоғамның барлық сатысында зерттеу нысаны болып отырғаны баршаға белгілі. Рухани-адамгершілік құндылықтар мәні, тәрбиелік маңызы туралы қазақ ғұламаларының, қоғам қайраткерлері мен ағартушы-педагогтарының ой-пікірлері мен көзқарастары бар. Бүгінгі таңда сұраныс қоғамдағы ізгілікке, руханилыққа бет бұрғызып, оқу-тәрбие жұмысын рухани-адамгершілік тәрбие негізінде ұйымдастырып, жас ұрпақтың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру қажеттілігін айқындап отыр.

Рухани-адамгершілік тәрбие – өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды.

Студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, білім беру болашағына жол сілтеу кезек күттірмес мәселе. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі-жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына, яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді.

Қай заманда болмасын оқытушы алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, адамгершілігі мол саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени – ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің борышымыз, өйткені рухани- адамгершіліктің асыл қасиеттерін игерген тұлға – қоғам байлығы.

«Адам бойында жақсы қасиеттер көп болса, оған бақ та, бақыт та қонады» деген сөзге сүйене отырып, жас ұрпақтың жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Бойында жақсы қасиеттері мол, жүрегінде адамгершіліктің асыл қасиеттері бар тұлға – біздің қоғамымыздың сарқылмас байлығы бола бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. – Алматы.
2. Әмірәлиев Ш. «Рухани байлық-өмірден». – Қазақстан мектебі, №11-12.1992 ж.
3. Буева Л.П. Духовность, художественное творчество, нравственность// Вопросы философии. –1996. – №2. – с.
4. Қожахметова К.Ж. Проект Концепции Духовно-нравственного воспитания школьников (педагогический и этнопедагогический аспекты). –Алматы, 2002.19 с.
5. Балтабаев М.Х. Үздіксіз білім беру жүйесінде оқушыларға рухани-өнегелі тәрбие берудің Концепциясы. –Алматы, 2002, -27 б.
6. Ұзақбаева С.А. Халықпедагогикасынегізіндеруханилыққатәрбиеелеу. –Алматы,-2003. -17 б.
7. Айтбаева А.Б. Адами құндылықтарды қалыптастырудағы діннің ролі.
8. «Әлеуметтік және экономикалық дамудағы діннің ролі» халық. ғылыми-практикалық конф. материалдары// Ғылыми-педагогикалық жинақ. –Алматы, 2009, 283-285 бб.
9. Айтбаева А.Б. Этномәдени құндылықтар – отбасы тәрбиесінің негізі. Жаһандану дәуіріндегі Қазақстанда білім беруді басқарудың проблемалары // Ғылыми-педагогикалық жинақ. –Алматы. 2010, №2.

ӘОЖ 37.03 : 372.881.111.1 : 371.33

Оспанова Ш.С.¹, Сабырова А.Б.², Ташенова А.К.³

¹ағылшын тілі мұғалімі, білім магистрі, Әл-Фараби атындағы ІТ лицей,
Көкшетау қ., Қазақстан

²ағылшын тілі пәнінің оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі,

³ағылшын тілі пәнінің оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі,
Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі,
Көкшетау қ., Қазақстан

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйін. Бұл мақалада ойын технологиясын қолдана отырып, ағылшын тілі сабақтарында рухани-адамгершілік тұлғаны қалыптастырудың мәселелері қарастырылады. "Рөлдік ойын" ұғымы, оның функциялары мен қазіргі білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес мектеп оқушыларын тәрбиелеу мен оқытудың байланысы талқыланады. Оқушыларға шет тілін оқытуда қолдануға болатын ойындардың қысқаша жіктелуі ұсынылады. Ойын әдістемелеріне біріктірілген әдістер оқушылардың лексикалық және грамматикалық материалдарды, оқытылатын тіл елдерінің мәдени құндылықтарын игеруге деген ынтасын арттырады, сонымен қатар коммуникативті, жалпы мәдени және ақпараттық күзінеттіліктерді қалыптастыруға ықпал етеді. Мақалада оқу процесін сәтті ұйымдастырудың критерийлері ұсынылған, ондағы міндеттердің бірі шығармашылық атмосфераны құру және ойынның барлық қатысушыларын тілдік контекстке тарту болып табылады. Шет тілінде сөйлеу негізінсіз адам өзін әлемдік лингвистикалық кеңістік аясында жүзеге асыра алмайды, яғни, білім алушыларды рухани-адамгершілік тәрбиелеу процесінде шет тілінің ерекше маңыздылығы атап өтілген.

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы, связанные с формированием духовно-нравственной личности на уроках английского языка с использованием игровой технологии. Рассматривалось понятие «ролевая игра», её функции и взаимосвязь с воспитанием и обучением школьников в соответствии с требованиями современных образовательных стандартов; предлагается краткая классификация игр, которые могут быть использованы при обучении школьников иностранному языку; приемы, которые интегрируются в игровые методики, тем самым повышая мотивацию обучающихся к освоению лексико-грамматического материала, культурных ценностей стран изучаемого языка, а также способствующих формированию коммуникативной, общекультурной и информационной компетенций. В статье предлагаются критерии для успешной организации учебно-воспитательного процесса, в котором одной из задач является создание творческой атмосферы и вовлечение всех участников игры в языковой контекст. Подчеркивается

особая значимость иностранного языка в процессе духовно-нравственного воспитания обучающихся, поскольку без основ иноязычной речи человек не может себя реализовать в рамках мирового лингвистического пространства.

Abstract. This article discusses issues related to the formation of a spiritual and moral personality in English lessons using game technology. The concept of «role-playing game», its functions and correlation with the education and training of pupils in accordance with the requirements of modern educational standards are considered; a brief classification of games that can be used in teaching students a foreign language is proposed; techniques that are integrated into game techniques, thereby increasing the motivation of students to master the lexical and grammatical material, cultural values of the countries of the studied language, as well as contributing to the formation of communicative, general cultural and information competencies. The article proposes criteria for the successful organization of the educational process, in which one of the tasks is to create a creative atmosphere and involve all participants in the game in the language context. The special importance of a foreign language in the process of spiritual and moral education of students is emphasized, since without the basics of foreign language speech, a person cannot realize himself within the framework of the world linguistic space.

Түйін сөздер: ойын технологиясы, мотивация, рухани-адамгершілік тәрбие, оқытудың заманауи әдісі, рөлдік ойын.

Әлемдік қауымдастықтың заманауи даму кезеңінде адамзат факторын жандандыру әлемдік прогрестің бір шарты ретінде талап етіледі. Бүгінгі білім берудің мақсаты – дүниетанымы кең, интеллектісі дамыған, білім деңгейі жоғары индивид қана емес, сонымен қатар, көп жағдайда қоғамның болашағы зияткерлік, саяси, мәдени деңгейінің дамуымен байланысты рухани тұлғаны қалыптастыру [1].

Білім беру – оқыту мен тәрбиенің тығыз байланысы. Бұл үрдіс ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, мынандай міндеттерді орындайды: оқушының рухани-адамгершілік, интеллектуалдық-танымдық, психологиялық, шығармашылық іскерлік сапаларын, өз бетінше оқу әрекетін, коммуникативтілігін, әлеуметтенуге бейімділігін, эстетикалық, экологиялық, этикалық, дене мәдениетін қалыптастыру. Бүгінгі таңда қоғам дамуының жаңа кезеңі басталды. Бұл қоғам менталитетінің өзгеруімен және жас ұрпақтың құндылық бағдарларымен байланысты.

Толыққанды және мәдени тұлға болу үшін білім алушылар мыңдаған жылдар бойы ата-бабалары жинаған рухани-адамгершілік құндылықтарды игеруі керек. Әлемдік мәдени кеңістікке кіретін қоғам мәдениетаралық коммуникация құралдарын іс жүзінде білуі және тиімді қолдануы тиіс. Жоғарыда айтылғандардың негізінде халықаралық кеңістікке қатысушылар үшін шет тілдерін білу үлкен рөл атқарады деп қорытынды жасауға болады. Сондықтан рухани-адамгершілік тәрбие өз нанымдарын әлеуметтік мораль компоненттерімен, жалпы қабылданған моральдық нормалармен салыстыруға көмектесетін сыни ойлау дағдылары қалыптасқан шет тілі сабақтарында белсенді түрде қалыптасады.

Жасөспірімдерді адамгершілікке тәрбиелеуде оларды өмірде кездесетін түрлі жағымсыз жағдаяттардан сақтау мәселесі ескерілуі қажет. Өкінішке орай кейбір ата-аналар күнделікті тірлік қамымен балалардың рухани қажеттіліктерін ескермей, екінші орынға ысырып жатады. Аға буынның міндеті – белсенді азаматтық ұстанымы бар, жауапкершілігі мол, отансүйгіш, иманды және бәсекеге қабілетті көшбасшы тұлға тәрбиелеу.

Сондықтан, жас өрендерге жақсы мен жаманды айыра білуді үйретіп, салауатты өмір салтын насихаттау керек, өзін-өзі жетілдіруге деген ынтасын ояту қажет, сондай-ақ, өзіне шешім қабылдатып, мақсатын айқындап, оны іске асыруға көмектескен жөн. Бұл ретте, ұстаздар қауымы ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне қатыстыру, олармен тығыз байланыс орнатуы тиіс.

Білім алушылардың оқу процесінен тыс уақытын адамгершілік асыл қасиеттерді игеруіне ықпал ететіндей бағытта ұйымдастыру қажет, бұл ретте, оқытушы тапқырлық танытқаны жөн. Мұндай іс-шаралар оқушыларға қызықты және оның жалғасын асыға күтетіндей дәрежеде өткізілуі керек. Оқу процесінен тыс пікірталастар ұйымдастыру, білім алушыларды мұражайға, театрға немесе классикалық музыка концертіне апару, театрландырылған қойылымдар – рухани-адамгершілік тәрбие берудегі таптырмас құралдар.

Театрландырылған қойылымдар жасөспірімдердің эстетикалық талғамын, қиялын, тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Олар рөлдерді сомдай отырып, кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын келтіреді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Мұндай іс-шаралар білімпаздардың шығармашылық, тамаша ойларға жетелейді. *Жағымды ойлар* – жақсылықтың бастауы. Өз тәжірибемде театрландырылған қойылымды студенттерге қазақ тілін меңгерту үшін қолданамын. Қазіргі таңда оқу орындарында көп *тілді меңгертуге аса* назар аударылуда. Алайда, мемлекеттік тілді дамыту, оның қолдану аясын одан әрі кеңейту және мәртебесін көтеру мәселесін қолға алып, қазақ тілін меңгертуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру жұмысын күн тәртібіне қою керек. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында «Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы», – деп атап көрсеткен. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген ұлағатты сөз бекер айтылмаған. Кейбір азаматтардың тілді шұбарлап, қазақ тілінің қолданылу өрісін тарылтатыны көңілге қаяу түсіреді, алдағы уақытта әдебиеттану мәселелері көтеріліп, әлемнің озық туындылары мемлекеттік тілге аударылатыны *жарқын болашаққа тағы бір қадам деп білемін*. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Өзінің биік, таза, рухани қасиетімен кітап – мәдениет пен руханиятты қорғауда теңдесі жоқ құрал» деген сөзі бар, әдебиетімізді жаңғыртып, тілімізді меңгерсек еңсесі биік, *парасатты ел боламыз*. Мемлекеттік тілді білу – мақсат, перзенттік парыз, Отан-анаға деген құрмет.

Мемлекеттік тілді меңгерту үшін:

1. Тілдік орта қалыптастыруды (соңғы курста білім алушы студенттерді Оңтүстік Қазақстанға тәжірибеге жіберу);

2. Қазақ тілінде бейнематериалдар шығарып, қазақ *тілін меңгертуге арналған лайфхактарды насихаттауды;*

3. *Қазақ тілінде* субтитрлері бар фильмдер мен мультфильмдерді көрсетіп, насихаттауды;

4. Білім алушыларды қазақ тіліндегі театрландырылған қойылымдарға (рөлдік ойындарға) тартуды ұсынамын.

Театрландырылған қойылым:

Ыбырай Алтынсарин (студент):

«Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық...

Армысындар, шырақтарым! Мен өз ісімнің 100 жылдан астам уақыттан кейін жалғасын тауып отырғанына ризамын. Білімдерін шыңдауға асық сіздердей азаматтарды көргеніме өте қуаныштымын. Ілім - жанып тұрған шырақ. Мемлекеттік тілді меңгерген әрбір азамат Ұлы дала елінің тарихын, мұрасын, тұрмысы мен салт-дәстүрлерін терең танып, Отанының өркендеуіне мол үлес қосады деген сенімдемін».

1-студент:

«Армысыз, Ыбырай аға, Сізді көргенімізге өте қуаныштымыз, Сіздің еңбек жолыңыз біз үшін үлгі-өнеге.

2-студент:

«Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды;
Айшылық алыс жерлерден,
Көзінді ашып-жұмғанша,

Жылдам хабар алғызды...», – деген өлеңіңізден адамзаттың көркі-білім, мәдениет екендігін ұғындық.

Ыбырай Алтынсарин (студент):

«Жарайсындар, қарақтарым! Жоғары ізгілік мұраттардың ең құндысы-руханилық. Өзін-өзі жетілдіретін тұлға үнемі ізгілік ұстанымдарын шыңдауға ұмтылады.

Рухани тәрбие арқылы ізгілік ұстанымдарды тұлға бойына сіңіріп, жеке тұлғаның ақыл-ойы мен іс-әрекеттерін жүрек арқылы ізгілік мұраттарға бағыттап, өмір даналығын түсінуге рухани көзқарас қалыптастырамыз. Өскелең ұрпақ бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды (руханилық, адамгершілік, қайырымдылық) сіңіру-тәрбиенің басты мақсаттарының бірі.

Жан-жақты дамыған жеке тұлғаның маңызды көрсеткіштерінің бірі – жоғары деңгейдегі ойлау әрекеттері. Оқу шығармашылық сипатқа ие болса, онда оқу дамытуға бағытталады. Дамыта оқыту барысында оқытушы білім алушының ойлау әрекеттерінің даму заңдылықтарын біле отырып арнайы педагогикалық әдістер арқылы оқушылардың ойлау және танымдық әрекеттерін қалыптастыруға бағытталған мақсатты жұмыстарды жүзеге асырса, мұндай оқыту проблемалық оқыту деп аталады. Проблемалық оқыту мақсаты – оқушыларды өздігінен жаңалық ашып, шешім қабылдауға бағыттау. Сабақ барысында оқушылар өздері тұжырымдар ұсынып, оған дәлелдемелер келтіріп, өз пікірін жүйелі, нақты жеткізуге үйренеді. Оқушының дұрыс ойлау әрекеті жетекші орында. Дұрыс ойлау арқылы оқушы өзінің оқудың қай сатысында тұрғанын бағалай алады.

Проблемалық жағдаят – белгілі бір қызықтыратын мәселе туралы кедергіге тап болған кезде оны түсіндіре алмау, оны шешуде өзіне кейде белгісіз әдістермен, өзі білетін білімді қолдану арқылы шешу. Педагогикалық жағдаяттар үйренетін объектінің мәнін ашып, оқушы әрекетін белсендіретін түрде ұйымдастырылады. Мысалы:

Оқытушы:

Адамгершілік бастауы неде?

1-студент: Адамгершілік бастауы – рухани тәрбие.

2-студент: Адамгершілік амандасудан басталады.

3-студент: Адамгершіліктің бастауы – имандылық, ізеттілік пен сыпайылық, қайырымдылық, әдептілік.

Оқытушы:

Жол бойында қарт кісіні көрсеңіздер не істейсіздер?

1-студент: Жолды кесіп өтуге көмектесемін.

2-студент: Такси шақырып, қажет жеріне жеткізіп саламын.

Оқытушы:

Автобуста, қоғамдық орындарда мүмкіндігі шектеулі жандарды көрсеніздер не істейсіздер?

1-студент: Орын беремін.

2-студент: Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған орынды көрсетемін, қажет болған жағдайда көмектесемін.

Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Өскелең ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Біздің міндетіміз – бүгінгі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, рухы мықты парасатты тұлға тәрбиелеп өсіру. Рухани-адамгершілік тәрбие беру арқылы өскелең ұрпақтың бойына сүйіспеншілік, сыйластық, кішіпейілділік, төзімділік, қайырымдылық сынды құндылықтарды дарытамыз, тұлғаның қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатының дамуына, яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеміз.

Оқыту барысында оқу процесінен тыс іс-шараларды ұйымдастыру, проблемалық оқыту технологиясын пайдалану тиімді, біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, білім алушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, білім алушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді. Білім беру әдістемесіне тың өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Трубецкая О.К. Балалардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалай жетілдіруге болады // Сынып жетекшінің анықтамалығы №12, 2012 ж.
2. «Бастауыш мектеп» – №2, 2006 ж. //Баланы тәрбиелеудің басты қағидалары, 30-31 б.
3. Білім. Таным. Тәрбие. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. №1, 2016 ж.
4. <https://qazaqstan.tv/news/135530/>
5. <https://tilalemi.kz/article/487>
6. <https://bilimsite.kz/adistemelik/592-adamgershilik-ruhani-tarbienin-manyzdylygy.html>

УДК 372.41

Тарбака Ж.

Қараөткел ауылы №2 орта мектебі,
Ақмола облысы,
Целиноград ауданы, Қазақстан

**РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІНІҢ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ
МАҢЫЗЫ**

Аннотация. Адам бойында адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеп көрсетуде. Жас ұрпаққа ғылыми білім берумен қатар оларды адамгершілік-рухани жағынан нағыз адам етіп қалыптастыру – қазіргі ұстаздар алдындағы келелі мәселелердің бірі болмақ. Осыған орай өзіміздің көп жылғы тәжірибеде алдыма келген шәкірттерімізмен қатар ата-аналарымызмен де ұлттық құндылықтар мен мақсатқа бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізіп отырамын. Ал бұл мақсаттар инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамыту, мектеп мән мәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, жүзеге асыруды сонымен қатар тәжірибемен өзара байланысуды көздейді. Сондықтан да бастауыш сынып ұстаздарының басты мақсаты – рухани-азаматтық құндылықтарды жеке тұлға бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару болмақ.

Аннотация. Сама жизнь доказывает, что никакие глубокие знания не могут заменить нравственных ценностей, их место особо важно в жизни каждого человека. Передача научных знаний подрастающему поколению, формирование их в нравственно-духовном плане, как настоящих людей – это одна из проблем современных педагогов. В связи с этим, на своем многолетнем опыте, наряду со

своими учениками и родителями, систематически провожу работу, направленную на достижение национальных ценностей и целей. А эти цели направлены на развитие навыков, необходимых для внедрения инноваций и лидерства, формирования и реализации национального сознания через школьный контекст, а также на взаимодействие с практикой. Поэтому главной целью учителей начальных классов является воспитание духовно-гражданских ценностей в духе личности и их духовного достояния.

Abstract. Life itself proves that no deep knowledge can replace moral values, their place is especially important in the life of every person. The transfer of scientific knowledge to the younger generation, the formation of them in moral and spiritual terms, as real people-this is one of the problems of modern teachers. In this regard, on my long-term experience, along with my students and parents, I systematically carry out work aimed at achieving national values and goals. And these goals are aimed at developing the skills necessary for innovation and leadership, the formation and implementation of national consciousness through the school context, as well as interaction with practice. Therefore, the main goal of primary school teachers is to educate spiritual and civic values in the spirit of the individual and their spiritual heritage.

Жақсы мінез бен ақыл күші біріксе – бұлар адамгершілік қасиеттер.

Бібырай Алтынсарин

Рухани-адамгершілік тұлғаны қалыптастыру бойынша тәуелсіз мемлекетімізде білімнің маңыздылығы жоғары бағаланып, оған барынша жан-жақты қолдау көрсетілуде. Өскелең елдің айбынды болашағы жас ұрпақтың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін, белсенділігін арттыру, оқу-білімге деген құштарлығын ояту, бала бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды дамытып отыру бүгінде әр ұстаздың басты міндеті болуы тиіс. Адам бойында адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеп көрсетуде. Жас ұрпаққа ғылыми білім берумен қатар оларды адамгершілік-рухани жағынан нағыз адам етіп қалыптастыру – қазіргі ұстаздар алдындағы келелі мәселелердің бірі болмақ. Осыған орай өзімнің көп жылғы тәжірибеде алдыма келген шәкірттеріммен қатар ата-аналарыммен де ұлттық құндылықтар мен мақсатқа бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізіп отырамын. Ал бұл мақсаттар инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамыту, мектеп мән мәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, жүзеге асыруды сонымен қатар тәжірибемен өзара байланысуды көздейді. Сондықтан да бастауыш сынып ұстаздарының басты мақсаты – рухани-азаматтық құндылықтарды жеке тұлға бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару болмақ.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі негізінде оқушылардың оқу материалын меңгеруі тек таным аясын дамытып қана қоймайды, сол сияқты ұйымшылдық, дербестік, шыдамдылық, іскерлік, еңбексүйгіштік, тәртіптілік сияқты тұлғалық қасиеттері мен сапаларын қалыптастырады.

Оқу мен тәрбие егіз ұғым, бір-бірінен бөліп алуға болмайды. Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқушыны тәрбиелеуді қысқа мерзімді сабақ жоспарындағы «Мәңгілік ел» идеясы құндылықтарын пән мазмұнымен үйлестіре жоспардың әрбір кезеңіне кіріктіру қажет. Ұлттық тәрбиенің көздері – ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге өсиеті бар мақал-мәтелдер және туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары арқылы әрбір сыныптың қазақ тілі, ана тілі, математика, дүниетану, бейнелеу өнері, дене шынықтыру және тағы басқа сабақтарында кеңінен қолданудың маңызы зор. Мысалы: математика сабағында ақыл-ой қабілетін дамытатын ойындармен, дүниетану сабағында табиғи денелерді қолдануды және хайуанаттар дүниесін елестететін, ән-күй сабағында түрлі әуендермен, дене шынықтыру сабақтарында ұлттық ойындармен, ал еңбекке баулуда нақышты ою-өрнектермен және т.б. танысады. Осылайша мектеп қабырғасында тұлға бойындағы адами ізгілік қасиеттер, ой-танымдары мен әлеуметтік қатынас дағдыларының іргесі беки түсетіні анық.

Білім беруге деген жаңа көзқарас тұрғысынан оның сапасы да жаңаша пайымдалуда. Бұл негізінен білімнің төрт сипатын біртұтас қарастыра отырып, оның ішінде білімнің

құндылық ретіндегі және білімнің нәтиже ретіндегі қырларына аса мән берумен байланысты. Осыған орай білім жүйесінің соңғы нәтижесі оқушының жеке пәндер бойынша алған білім, білік, дағдылары емес, оларды пайдалану арқылы қалыптасып дамытылатын өмірлік дағдылар, құзырлықтар болып табылады.

Қорыта келгенде, кез келген елдің бірлігі мен өркендеуі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды сақтағанда ғана мығым болмақ. Баланың бойына мейірімділік, адамгершілік, әдептілік сынды қасиеттерді сіңіріп, туымызды желбірететін, ұлан-байтақ жерімізді қорғайтын патриотты тәрбиелеу біздің міндетіміз болып табылады. Әрине, бұл – Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан ізгілікті іс-әрекеттің орындалуына және біліктілікті арттыру қызметі арқылы барынша үлес қосу. Сана сезімі биік, дүниетанымы мол, парасаттың, мәдениеттің, салт-дәстүрдің құндылығын түсінген жас ұрпаққа бұл мақалада ұлттың алдағы кезеңдегі жүріп өтер бағыт жолы айқындалып көрсетілген.

Рухани мәселе адамның санасын күрт өзгерту, сайып келгенде, қоғам жаңғыруының ең күрделі, ең қиын саласы болып табылмақ. Бала бойына адамгершілік тәрбиесін сіңіру мақсатында жалпы педагогтардың іс-тәжірибесінде қолданылып жүрген әдіс-тәсілдердің барлығы осының айқын дәлелі. Өздеріңізге белгілі қазіргі жаһандану үрдісінде елімізде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу басты назарда болып отыр.

Ал адамның жан қазынасын, адамгершілік болмысын қалыптастыруда кей адамдардың түрлі жағдайлармен бір-бірін түсінбеуі де сіз бен бізді толғанырады. Өйткені біз сол қоғамның ішіндеміз, яғни оның мүшесіміз. Иә, бұның бәрі шындық десек артық болмас. Бәсекеге қабілетті ұрпақты жан-жақты қылып тәрбиелеу үшін алдымен жан қазынасының негіздерінің бірі, сенімділік пен шындықтың бастауына үңілу керек сияқты.

Оқыту, білім беру, тәрбиелеу – баланың ішкі жан – дүниесінің біртіндеп дамуына әсер ететін, түрткі болатын, жағдай жасайтын, оларды іске асыратын сыртқы факторлар екені анық. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – бүгінгі мектеп қабырғасында отырған бүлдіршіндер екені мәлім. Олардың қамын ойлау баршамыздың парызымыз. Кез- келген мектептің мақсаты мен мұраты өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер мен жер байлықтарын ысырапқа салмай игере білетін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін етене таныстыру қажет.

«Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне апат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие» – деп Әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі- тәрбие.

Ұрпаққа берілетін ең өзекті идеясына халықтың адами қасиеттері тұғыр болуы тиіс. Қай халық болсын өзіне ғана дараланып тұратын ерекшелігінің бірі-тәрбие.

Тәрбие – мәңгілік және адамзаттық... Бұл ерекшеліктер ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа мирасқа қалып отырады. Осы заманғы адамгершілік тәрбиесі жекелеген бағыттарға емес, адамгершілік құндылықтарға негізделеді. Адам – ең әуелі адамгершілігімен, парасатының биіктігімен көрікті.

Мәдениеті жоғары адам айналасындағылармен қарапайым қарым-қатынаста болады. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – адамгершілік – рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз – өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Рухани – адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан – тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді.

Адамгершілік – бұл рухани тәрбие. Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, отанын, елін, отбасын сүйуге үйретеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз-өзін сыйламайды.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі – өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Оқушыларды рухани – адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Негізгі міндет – балалардың жақсы әдет, мінез-құлқын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Рухани-адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», – дейді. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Рухани адамгершілік білім беру – жас ұрпақтың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы адамның қоғамда өз орнын табуына, қабілет – дарынының ашыла түсуіне, ақыл-парасатын дамытуына яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді.

Адамгершілік тәрбиесі оқушыларды адамгершілік ұғымы, принциптері, мінез-құлық нормалары жайындағы біліммен кемелдендіреді. Оқушылар оларды оқып үйренумен шектелмей, оқу, тәрбие, еңбек процесінде іске асырғанда адамгершілік олардың сеніміне айналады. Адамгершілік қатынастар моральдық нормалармен өлшенеді. Моральдың негізгі міндеті – адамның мінез-құлқын тәрбиелеу, осы арқылы олардың бойында әдеп сақтау қатынастарын қалыптастыру, адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттеу.

Адамгершілік тәрбиесі оқушылардың моральдық сенімдерін, жағымды мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастырады. Әл-Фараби “Адам өз өмірінің қожасы, сондықтан өз бағытын өзі жасауы керек. Ол не нерсеге де ұқыптылықпен қарап, жиған-тергенін орынсыз шашпай, кез келген адамға сырын ашпай, өзінің мақсат мүдделері жөнінде достарымен ғана бөлісіп отыруы керек. Осылайша өмір сүрген адамның ғана ар-ожданы таза болады” деген

Бүгінгі таңдағы Қазақстан жайында оқушылардың рухани азаматтық сезімін қалыптастырудың, адамгершілікке негізделген ұлтаралық береке, бірлікті, ынтымақтастықты, бейбітшілікті нығайтудың маңызы зор. Осыған байланысты оқу-тәрбие үрдісінде оқушыларды отансүйгіштікке, ерлікке, адалдыққа, елін, жерін қорғауға, шыншылдыққа тәрбиелеу қажет. Қазіргі жағдайда рухани-азаматтық тәрбиенің өлшемдік көрсеткіштері:

- Өзін-өзі мемлекеттің азаматы ретінде сезінуі;
- Отанына деген сүйіспеншілік сезімінің болуы;
- Мемлекеттік рәміздер мен халықтың дәстүрлерін білу;
- Халықтың өткен тарихын білудің қажеттілігі;
- Қазақ халқының әдет-ғұрыптарын сақтау, мәдениеті мен дәстүрлерін зерделеу қажеттілігі болып табылады.

Тәрбиенің жалпы негізі рухани-азаматтық құндылықтары болуы керек.

Рухани-азаматтық құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынас кезінде бала бойына дариды.

Ал мұғалімнің басты мақсаты – өзіндік рухани азаматтық құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту. Мектептегі, сабақтан тыс уақыттағы біздің ісімізді жалғастыратын жеке тұлға болып табылатын оқушыларды рухани-адамгершілікке, азаматтық жүйеге тоғыстыру.

Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады.

Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге, рухани-адамгершілік әдетке, азаматтық мәдениетке баулу керек Сонда жас ұрпақ елі үшін елең қағар азамат, имандылық қасиеттерді жақсы білетін азамат болып қалыптасады.

Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары ережелерінен тұрады.

Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл-сананың, сезімдердің, мінез- құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады.

Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды. Сананың қалыптасуы – ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген. «Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң – қаларсың ұятқа...»

«Жаман дос, жолдасын қалдырар жауға» – деген мақалдардан көруге болады. Мақал-мәтелдер, жұмбақ, айтыс, өлеңдер адамгершілік тәрбиенің арқауы. Үлкенді сыйлау адамгершіліктің бір негізі. Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс-әрекет барысында, әр түрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар арқылы беріледі.

Адамгершілік-адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады.

Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттерімен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады.

Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің қоғам алдындағы борышымыз. Қазір қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа ұрпақты – жаңа адамды тәрбиелеуді талап етеді. Қоғам талабы – заман талабы. Өйткені «Әр адам – өз заманының баласы». Сол себепті адамды заман билейді, заманына сай заңы туындайды.

Адамгершілік тәрбиенің, адам бойында осы жақсы қасиеттердің болуы, жанұяға, өскен ортасына байланысты. Бала ісінің дұрыс екенін қоштап, оң бағыт беріп, теріс жерін дереу

жөндеп, демеп жіберу ата-ана мен тәрбиешіге жүктелер міндет. “Адам бойында жақсы қасиеттер көп болса, оған бақ та, бақытта қонады” деген сөзге сүйенсек, жағымсыз қылық-қасиеттер болса одан арылту қажет. Көптеген қайырымды істер жасап, жақсы мінез-құлықтарды өн бойыңа жинап, ақылдылық танытсаң, міне адамшылдық болғаны.

Қорыта келгенде, уақыт талабынан туындап, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер баланы тәрбиелеуде осы заманның талабына сай үйлесімді деңгейді қайта құруды міндеттейді. Тәрбие мен оқу егіз дегендей «Тәрбие бар жерде ғана сапалы білім саналы ұрпақ болады» деген дана халқымыздың мақал сөзі де айқын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Білім. Таным. Тәрбие. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. №1, 2016 жыл.
2. «Қазақстан кәсіпкері» журнал №10, 2010 ж.
3. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 12.04.2017ж.
4. /bilimainasy.kz/13-02-07-2/

УДК 372.881.111.1

Таскенова А.Б.

тілдер кафедрасының оқытушысы, педагогикалық ғылымдар магистрі,
Қостанай педагогикалық колледжі,
Қостанай к., Қазақстан

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕ ПЕДАГОГТЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ КӘСІБИ ТАЛАПТАР

Түйін. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде заман талаптарына сай білім беру технологияларын жетілдіру үшін педагог мамандар оқытудың әлемдік жетістіктерін, ең тиімді әдіс-тәсілдерін зерттеп, тәжірибе жүзінде сынап, оны практикамызға енгізіп, жұмыс істеп келеміз. Оқытудың бірнеше әдісін салыстыра қарастыру арқылы әр оқытушының өзінің мүмкіндігі мен бейімділігіне қарай білім берудің жаңа технологияларын таңдап, сұрыптап, қолданып отырады.

Аннотация. Сегодня в целях совершенствования современных образовательных технологий в системе образования учителя работают над изучением мировых достижений, наиболее эффективными методиками обучения, апробируют их на практике, применяют на практике. Сравнивая несколько методов обучения, каждый учитель выбирает, выбирает и использует новые образовательные технологии в соответствии со своими способностями и предпочтениями.

Abstract. Nowadays, in order to improve modern educational technologies in the education system, we are working to study the world achievements of teaching professionals, the most effective methods of teaching, test them in practice, put them into practice. By comparing several teaching methods, each teacher selects, selects and uses new educational technologies according to their abilities and preferences.

Түйін сөзер: технологиялар, құзыреттілік, білім беру компоненттері, коммуникативтік, кәсіби маман, сарапшы, дамытушылық, тәуелсіз, тұлғалық, шеберлік.

Бүгінгі орта білім берудің оқу бағдарламалары баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу әрекетіндегі ыңғайы мен икемділігін, материалды кеңінен меңгеру үшін оқудың, жазудың, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыда өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұған қоса жаңартылған бағдарламада дағды мен құзырет беру компоненттері және тәрбие беру жұмыстары күшейтілген. Бұл, біріншіден, білім беруді заман талабына сай жаңа мазмұнда ұйымдастыру мәселесімен тікелей байланысты. Екіншіден, білім беруді жаңарту оқушылардың білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда, функционалдық дағдыларын немесе құзіреттілігін қалыптастырумен байланысты. Орта білім беруде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін оқытушы жаттығулар немесе тапсырмалар орындатқан жағдайда немесе түрлі мәтіндер оқытқанда, оларды өмірмен байланыстыра отырып, оқушылардың оқуға деген сауатын қалыптастыруға жақсы көңіл

бөлген жөн. Үшіншіден, білім беруді жаңарту Елбасы жолдауындағы «Мәңгілік Ел» идеясына сәйкес оқу-тәрбие үрдісін оқушылардың патриотизмін, мораль мен адамгершілік нормаларын, ұлтаралық келісім мен төзімділігін, физикалық және рухани дамуын, заңды құрметтеуін қалыптастыру. Төртіншіден, білім беруді жаңарту оқу-тәрбие процесіне заманауи әдістемелер мен технологияларды қамтамасыз ету және оқытушылардың өмір бойы жаңа әдістемелер мен технологияларды оқыту барысында үздіксіз пайдалануы.

Білім беруді түрлендіруде, білім процесін реформалауда зерттеуші оқытушы мен көшбасшы оқытушы жаңа формация оқытушысы ретінде орталық тұлға болып табылады. Нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіндегі педагогтің кәсіби құзыреттілігінің теориялық негізін айқындау үшін, терминнің анықтамасына тоқталсақ. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: құзыреттілік және құзырет ұғымдары пайдаланылып келеді. Біріншісі, С. Ожегов сөздігі бойынша, белгілі бір кәсіби қызметке байланысты, «қандай да болсын мәселеден хабардарлық, беделділік», ал екіншісі, «қандай да бір істі жүргізетін жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс-әрекет етуге, бір нәрсені істеуге құқықтылық шеңбері» деп көрсетілген. Методикалық терминдер сөздігінде «Құзыреттілік – қандай да бір оқу пәнін оқыту үдерісінде қалыптасатын білім, білік, дағдылар жиынтығы, сонымен қатар, қандай да бір қызметті орындай алу қабілеттілігі», – делінген. Дұрыс ұйымдастырылған әдістемелік пен оның кәсіби дамуға бағытталған жұмыстары ғана жаңашылдық кепілі болады. Сол себепті, мұғалімдерді кәсіби біліктілігін арттыруда педагогтардың өздеріне бағытталған іс-әрекеттерін жаңаша ұйымдастыру өте маңызды.

Жаңартылған білім беру мазмұнының мақсаты мен міндеттеріне тоқталатын болсақ, бала тұлғасының дамуы мен өзіндік дамуы үшін барлық білім беру субъектілерінің мәнділігін ескеруге мүмкіндік беретін тұрғыда қарастырылады. Оның ішіне: тұлғалық, азаматтық, коммуникативтік, әлеуметтік, технологиялық және басқарушылық компоненттері кіреді.

Сарапшы рөліндегі педагог – баланың даму мәселесі бойынша кәсіби талаптарды игерген маман болуы керек. Сол себепті кәсіпқой маман дегеніміз өз пәнін жетік біліп қана қоймай, әрбір қатынасушының педагогикалық үдерістегі орнын білуі керек. Оқушылардың оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыра алуға қабілетті болып, оның нәтижелерін алдын-ала болжамдап көре білуі тиіс, болуы мүмкін ауытқушылық-тарды дер кезінде түзете алуы, яғни құзыретті тұлға болуы керектігіне назар аударылады. Оқушы мен оқытушының субъектілік қарым-қатынас жағдайын жүзеге асыратын ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары:

- баланың белсенділігін, өзіндік қажеттілігі мен қызығушылығын

ынталандыратын, тұлғалық мәні мен өмірлік, практикалық бағдарын қамтамасыз ететін және негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыратын жағдайларды жүзеге асыратын дамытушылық ортаны құру;

- тәуелсіз тұрғыда іс-әрекет түрі мен мазмұнын, жұмыс істеу орны мен әріптесін таңдауға, нәтижені алып қолданудың іс-әрекеті мен тәсілін бағалауға, тұлғанаң рухани-адамгершілік саласы мен қоғамдық маңызды бағдарын қалыптастыруға құқылы болуы;

- баланың өзіндік іс-әрекет жоспарының мақсатын, мазмұнын, тәсілдерін, формасын, орнын таңдауға және сол іс-әрекеттегі нәтижесін, әріптесін, тұлғалық жетістігін, перспективасын, рефлексиясын бағалауға мүмкіндік беретін білім беру үдерісін ұйымдастыру.

Қорытындылай келе, педагогтың іс-әрекетінің нәтижесін зерттеулер мен зерделеуге сүйене отырып, бүгінгі оқытушы оқу процесін тиімді ұйымдастыра білетін, кәсіби құзыреттіліктерді білім оядарында пайдаланатын маман иесі болуы керек, Яғни, оқытушы теорияны жақсы меңгерген, ұдайы ізденіп, өзінің пәндік, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік білімін, мәдениет дәрежесін үнемі арттырып отыруы, коммуникативті қарым-қатынасқа түсе алатын, қоғамдық ортада өзін ұстай алатын, өз мамандығын жақсы көретін, біліктілігі жоғары, кәсіби шеберлігін ұдайы ғылымға негіздей отырып дамытатын болуы шартты.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. - Астана, 2016 г.
2. Асомолов А.Г. Движущие силы и условия развития личности / Психология личности -2 с. 1999 г.
3. Нестеров В.В. Педагогическая компетентность. Учеб.пособие. - Екатеринбург, 23-188 с.

УДК 372.881.1

Тастенова Р.М.

учитель английского языка, средняя школа имени Досова,
Ақмолинская область,
с. Катарколь, Казахстан

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ ДЛЯ РАЗВИТИЯ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ НА УРОКЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Түйін. Бұл мақалада мен «мәдениетаралық құзыреттілік», «ойын оқыту технологиялары», «педагогикалық технология» сияқты ұғымдардың мағынасын қарастырамын, мысал ретінде мәдениетаралық құзыреттілікті дамытудың дәстүрлі тәсілдері мен инновациялық педагогикалық технологияларын келтіремін. Мәдениетаралық құзыреттілікті тиімді қалыптастыру әдістерінің бірі ретінде жалпы білім беру деңгейінде ағылшын тілі сабағында қолданылатын ойын және жобалық оқыту технологиялары қарастырылады.

Аннотация. В данной статье я буду рассматривать смысл таких понятий как «межкультурная компетенция», «игровые технологии обучения», «педагогическая технология», приведу в качестве примера традиционные подходы и инновационные педагогические технологии для развития межкультурной компетенции. В качестве одного из методов эффективного формирования межкультурной компетенции рассматриваются технологии игрового и проектного обучения, используемые на уроках английского языка на ступени начального общего образования.

Abstract. In this article, I am going to consider the meaning of such concepts as “intercultural competence”, “game learning technologies”, “pedagogical technology”. Examples will be given for traditional approaches and innovative pedagogical technologies for the development of intercultural competence. As one of the methods for the effective formation of intercultural competence the technologies of game and project learning used in English lessons at the level of primary general education are considered.

Ключевые слова: межкультурная компетенция, педагогическая технология, технологии игрового обучения, технология проектного обучения, изучению иностранного языка, ученики.

Мы живем в XXI веке, в мире где происходят значительные изменения, с расширением международных контактов, развитием общества и образования, также происходят изменения с процессами глобализации и интеграции, которые сталкивают людей с необходимостью общения с представителями других культур. В соответствии с требованиями государственного образовательного стандарта среднего общего образования обучающийся по окончании учебного заведения должен уметь общаться на иностранном языке, это означает, обучающийся должен владеть определенным набором знаний, умений и навыков. Среди всех межкультурная компетенция отвечает за овладение информацией, связанной с культурными особенностями страны, как своей так и страны изучаемого языка. Под межкультурной компетенцией понимается умение применять межкультурные знания в процессе общения в условиях диалога культур. Под межкультурной компетенцией понимается совокупность знаний, умений и способностей, способствующих успешному взаимодействию представителей разных культур.

При этом, мы учителя английского языка в общеобразовательных школах замечаем, есть наблюдения что ученики, имея определенный словарный запас и умения использовать базовую грамматику английского языка на практике, преодолевая языковой барьер автоматический отвечая заученные реплики друг другу не всегда понимают о чем говорят. Находясь в диалоге, употребляют фразы, необходимые реплики для обмена информацией, но взаимопонимание в результате не достигают.

В наше время нужны новые знания, методы преподавания, формы чтобы завлечь, заинтересовать ученика, чтобы уроки проходили интересно. Английский язык открывает перед учащимися перспективу знакомства с культурой, традициями англо-говорящих стран, создает предпосылки бережного отношения к культуре своего народа, лучше узнать свой язык, сравнить его с английским языком, это будет способствовать взаимопониманию, контакту, общению между людьми и странами.

Чтобы мотивировать учащихся к дальнейшему овладению языком, для успешного развития межкультурной компетенции на уроках иностранного языка мы учителя используем различные педагогические технологии. Например: технологии игрового обучения, здоровьесберегающие технологии – физкультминутки, технологии коммуникативного обучения – знакомство школьников с миром зарубежных сверстников, с достопримечательностями Лондона, праздниками и традициями Великобритании, технология «Диалог культур». На своих уроках я стараюсь использовать метод сотрудничества, интегрирование с другими учебными предметами: английским и казахский язык, английский и география. Стараюсь создать благоприятную психологическую атмосферу.

Прежде чем приступить к анализу наиболее эффективных технологий развития межкультурной компетенции, рассмотрим понятия «педагогическая технология». По мнению М.В.Кларина «педагогическая технология означает системную совокупность и порядок функционирования всех личностных инструментальных и методологических средств,используемых для достижения педагогических целей».

Любая педагогическая технология имеет:

- четкую и логически обоснованную систему предписаний этапов и целей обучения
- характеристику способов взаимодействия и деятельности участников образовательного процесса
- возможность переноса на новые условия
- наличие системы диагностики, которая обеспечивает достижение поставленных целей.

После изучения различных технологий можно сказать что на уроках иностранного языка в начальной школе для развития межкультурной компетенции наиболее эффективным будет использование следующих технологий: технологий игрового и технологии проектного обучения.

По мнению психологов Выготский Р., Жуковская И., технология игрового обучения является наиболее эффективной для развития межкультурной компетенции, так как игровые приемы обеспечивают высокую степень проявления обучающимся познавательной самостоятельности. Также стоит отметить, что во время игры происходит переход обучающегося в атмосферу изучаемого языка, обучаемый становится на позицию субъекта деятельности и общения. Язык это часть культуры любого народа мира. Поэтому обучать английскому языку нужно с помощью изучением культурных особенностей англоязычных стран. Подтверждается эффективность формирования межкультурной компетенции с помощью игровых технологий.

Есть некоторые игровые формы которые можно использовать на уроках иностранного языка в начальной школе: имитационные игры, в ходе которых обучающиеся могут оценить свою способность к работе в команде, могут показать лидерские, деловые качества; ролевые игры, в ходе которых участники входят в роль в тех или иных персонажей, что способствуют ученикам формировать умения смотреть на мир глазами другого человека; деловые игры, в процессе игры, где дети могут раскрыть свои потенциал, презентовать себя, научиться занимать активную жизненную позицию, определиться с выбором будущей профессии.

Рассмотрим игру “Bang, bang!” на уроке иностранного языка в начальных классах. Цель данной игры является в том, чтобы активировать знания учеников о культуре страны изучаемого языка и помочь развитию скорости реакции и мышления учеников. Смысл игры “Bang, bang!” заключается в том что, в начале урока учитель делит класс на две команды ковбоев, после чего по одному игроку из каждой команды выходят,эти игроки складывают пальцы в виде пистолета. Учитель зачитывает вопросы о культурных особенностях страны изучаемого языка из заранее пройденных тем. Тот из игроков, который первый отвечает на вопрос правильно, говорит своему сопернику: “Bang, bang!” “пораженный” участник

присаивается на корточки, а победитель продолжает состязаться с новым противником. Выигрывает тот ковбой, который правильно ответит на большее число вопросов.

Технология проектного обучения также является эффективной при развитии межкультурной компетенции на уроках английского языка, так как ее цель состоит в том, чтобы каждый ребенок в классе имел возможность проявить себя, а именно мог продемонстрировать творческие способности, используя при этом приобретенные знания в лексике, грамматике, уметь выражать свое мнение, аргументировать его, а также прислушиваться к мнению других людей. Учитель в данном случае играет роль помощника, он действует на определение проблемы, на решение которой будет направлен проект, помогает при освоении новых видов деятельности, разработке алгоритма действия и определении конечного результата, который может быть представлен как рисунок, аппликация, стенгазета, плакат, буклет, концерт, спектакль, игра, викторина, интервью и т.д. Для примера использования проекта «Прогноз погоды на выходные». Эта работа проводится после того как дети изучают слова на тему погода. В начале урока, учителю необходимо создать проблемную ситуацию, например детям можно сказать что герой урока хочет пойти на прогулку в горы в выходные дни, но не знает какая будет погода. А задача детей состоит в том чтобы, обсудить, где они могут узнать, какой будет погода на выходных в стране, в которой живет главный герой. После обсуждения, учитель предлагает обучающимся разделиться на группы для того, чтобы поработать с разными адаптированными для детей младшего школьного возраста источниками информации. Потом дети оформляют результаты своих исследований в виде схем или сводных таблиц, а затем составляют прогноз погоды на выходные на изучаемом языке. Когда работа над проектом считается законченной, ученики защищают его, после чего сравнивают полученные результаты, делают выводы и проводят взаимную оценку работ.

Итак, подводя итоги можно сказать, что термин “межкультурная компетенция” не имеет четкого определения, но большинство ученых подразумевает под ним совокупность знаний, умений и способностей, которые обеспечивают успешное взаимодействие между представителями различных культур. В связи с тем что, высокий уровень овладения межкультурной компетенцией позволяет обучающимся быстрее приспосабливаться к жизни в современном обществе, которое сталкивает людей с необходимостью сотрудничества с представителями разных культур, следует начинать ее формирование на начальном этапе обучения иностранному языку. Применение на уроках иностранного языка игровых и проектных технологий обучения, по нашему мнению, является наиболее эффективным при развитии межкультурной компетенции, так как технологии игрового обучения обеспечивают высокую степень проявления обучающимся познавательной самостоятельности, а также позволяет им перейти с позиций объекта обучения на позицию субъекта деятельности и общения. Технология проектного обучения, в свою очередь дает школьникам возможность продемонстрировать творческие способности, научиться выражать свое мнение, аргументировать его, а также прислушиваться к мнению других людей.

Использование педагогических технологий способствует расширению знаний обучающихся о культуре, страницах истории, традициях родной страны, представлений о достижениях собственной и иноязычной культур в развитии общечеловеческой культуры, включению учеников в диалог культур, способствует повышению мотивации изучения английского языка.

Список литературы:

1. Сафанова В.В. Изучение языков международного общения в контексте диалога культур и цивилизаций. Воронеж, 1996.237 с
2. Рогова Г.В. Методика обучения английскому языку на начальном этапе в средней школе. Просвещение 2000, 232 стр.
3. Супрунова Л.Л., Тарасова О.А. Педагогические технологий в инновационном образовании. 2011 интернет ресурсы. (google, yandex)

Ташенова А.К.¹, Сабырова А.Б.², Оспанова Ш.С.³

³ағылшын тілі пәнінің оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі,
²ағылшын тілі пәнінің оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі,
Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі,
Көкшетау қ., Қазақстан

³ағылшын тілі мұғалімі, білім магистрі, Әл-Фараби атындағы ІТ лицей,
Көкшетау қ., Қазақстан

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТҰРҒЫДАН ТӘРБИЕЛЕНУІ

Түйін. Берілген мақалада білім алушының бойында білім беру үдерісінің аясында рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастырудың жолдары сипатталған. Соның бірі, ағылшын тілі сабақтарында заманауиақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып білім алушыларды тәрбиелеу. Мақалада ағылшын тілі сабақтарында білім алушыларды рухани-адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеуде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың үлесі туралы баяндалған. Аталған мақалада рухани-адамгершілік білім берудің мақсат-міндеттері анықталып, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың сабақта табысты іске асырудың мүмкіншіліктері туралы айтылған.

Аннотация. В данной статье описаны пути формирования духовно-нравственного воспитания обучающихся в образовательном процессе. Один из них – обучение учащихся с использованием современных информационных и коммуникационных технологий на уроках английского языка. В статье раскрывается роль современных информационно-коммуникационных технологий в духовно-нравственном воспитании школьников на уроках английского языка. В данной статье определены цели и задачи духовно-нравственного воспитания, а также обсуждаются возможности успешной реализации информационных и коммуникационных технологий на уроках.

Abstract. The given article describes the ways of formation of spiritual and moral education of learners in the educational process. One of them is teaching learners using modern information and communication technologies in English lessons. The article reveals the role of modern information and communication technologies in the spiritual and moral education of schoolchildren in English lessons. This article defines the goals and objectives of spiritual and moral education, and also discusses the possibilities for the successful implementation of information and communication technologies in the

Түйін сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, рухани-адамгершілік тәрбие, шетелдік мәдениет, батыстық құндылықтар

Білім беруді модернизациялау жағдайында мәдениетке қатынас барысында тек өзіне ғана емес, басқа адамдарға, оның ішінде басқа ұлттарға деген ізгілік қатынасқа негізделген оқушылардың жеке басын рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі ерекше маңызға ие болады. Рухани-адамгершілік құндылықтардың қалыптасуы адамның бүкіл өмірінде дамиды, бірақ ең сезімтал кезең – баланың бастауыш сыныптан негізгі кезеңге өтуі. Себебі дәл осы 11-12 жаста олардың жедел түрде жетілуі жүреді. Осы жаста балалар жақсы жаққа бағытталады, жағымды мінез-құлық үлгілеріне сәйкес болуға, өздеріне ұнайтын бейнеге еліктеуге тырысады. Сондықтан дәстүрлі мәдени мінез-құлық үлгілерін балалар оңай қабылдайды. Бұл жастағы бала өзінің мүмкіндіктерін біледі, талаптарға бағынуға дайын, басқа көзқарасты қабылдауға қабілетті. Сонымен бірге «бұл жастың рухани-адамгершілік құндылықтарды иемденуге деген сезімталдығы 5-сынып оқушыларының психикалық құбылыстардың озбырлығы, танымдық процестердің спецификалық сипаты, іс-әрекеттің ішкі жоспары, жетістікке жетудің саналы мақсаты және мінез-құлықты ерікті түрде реттеу сияқты жас ерекшеліктеріне байланысты; тәжірибені жалпылау, рефлексия, адамгершілік сезімдерін интенсивті қалыптастыру, үлкендерге деген шексіз сенім, өзін-өзі бағалау, құзыреттілік сезімі, танымдық қажеттіліктің үстемдігі, өзіндік сана-сезімін дамыта отырып, ойын мен еңбекті ажырата білу, еңбекті тәуелсіз, жауапты қызметке бөлу қабілеті»[3, 59 б.].

Біздің ойымызша, қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) оқушылардың жеке басын рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге едәуір үлес қосады. Олардың талассыз артықшылығы мыналарға байланысты:

- біріншіден, оларды қолданудың өзектілігі қоғамның технократизациясының күшеюімен байланысты;

- екіншіден, АКТ-ны білім беру үдерісінде қолданудың шексіз болғаны соншалық, бар педагогикалық зерттеулерде оқытудың жаңа әдістері, формалары мен құралдарын талдауға уақыт жоқ;

- үшіншіден, ең бастысы, білім беру процесінде заманауи АКТ-ны қолдану студенттердің оқу пәндеріне деген қызығушылығын едәуір арттырады, оларды игеруді тиімдірек етеді, ал мазмұны жағынан толығырақ етеді. Нәтижесінде, білім алушының ішкі әлемін рухани-адамгершілік құндылық мазмұнымен толтыруға жағдай туғызатын білім кеңістігін тұтас ұйымдастыру міндеті туындайды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы адамды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу келесі міндеттерді шешуі керек:

- ✓ олардың ұлттық мәдениеті арқылы әртүрлі мәдениеттермен таныстыру, шетелдік мәдениетке баулу;

- ✓ мектеп оқушыларының этикалық, жалпыадамзаттық құндылықтарды игеруін қамтамасыз ету.

- ✓ өзін-өзі тану және өзін-өзі таныту, өзін-өзі тану, рухани-адамгершілік бағдарларға көзқарас үшін жағдайлар жасау. Бұл міндеттерге жету үшін ағылшын тілі сабағында сәтті қол жеткізуге болады [8].

Абайдың жиырма сегізінші қара сөзінде: «Ей, мұсылмандар! Біреу бай болса, біреу кедей болса, біреу ауру, біреу сау болса, біреу есті, біреу есер болса, біреудің көңілі жақсылыққа мейілді, біреудің көңілі жаманшылыққа мейілді – бұлар неліктен десе біреу, сіздер айтасыздар: құдай тағаланың жаратуынан яки бұйрығынша болған іс деп». Осы қара сөздегі қасиеттердің қайсы оң немесе теріс? Өз бойымыздағы жақсы қасиеттерімізді бөлісе отырып, мына өз бойындағы теріс қасиеттерінен өңсіз, әлсіз болып тұрған ағашымызды жандандырайық. Ол үшін білім алушылар жақсы мінездеме жазылған парақшаларды жапырақтарға жабыстырады [4].

Тапсырма:

«Жаяу жүргіншілер өткелі бойымен қозғала бастаған бесінші сынып оқушысы үшін қай көлік қауіпті?»



Сурет 1. Жаяу жүргіншілер жолы.

Бұл тапсырма арқылы білім алушылар математика мен физика заңдарының іс жүзінде қолданылу барысын, яғни бағалауға және денсаулығына жағымсыз салдардан аулақ болуына қалай «көмектесетінін» көреді.

«Жай бөлшектер» тақырыбындағы сабақта төмендегідей тапсырманы беруге болады: Жай бөлшектерді **өсу ретімен** орналастырсаң, **бөлшек** туралы жазған **ғалымның атын** білесің.

«Адам деген бөлшек. Оның алымы – басқалармен салыстырғанда – адамның жақсы жағы; бөлімі адамның өзін-өзі бағалауы. Өз алымын – өзінің жақсы жағын арттыру адамның еркінде емес, бірақ әрбір адам өзінің бөлімін – өзі туралы пікірін кеміте алады, сөйтіп осы кеміту арқылы кемелділікке жақындай түседі»

Толстой Л.Н.

$\frac{1}{12}$	$\frac{3}{4}$	$\frac{1}{4}$	$\frac{2}{3}$	$\frac{5}{12}$	$\frac{7}{12}$	$\frac{1}{2}$
Т	Й	О	О	Л	Т	С

«Дене бетінің ауданы» тақырыбындағы сабақта «Сфералық сегменттің бетінің ауданын анықтау формуласын алу үшін сабақты былайша бастауға болады: «1961 жылы 12 сәуірде Кеңес үкіметінде бортында адам бар әлемдегі алғашқы ғарыш кемесі «Восток» ғарышқа ұшырылды. Ұшқыш-ғарышкер – КСРО азаматы, ұшқыш, майор Гагарин Юрий Алексеевич болды». Оқушылар бұл оқиғадан хабардар, бірақ олар бұл жағдай бүкіл әлемде қандай қуаныш тудырғанын білмейді. Бұл таңғалуды мәнерлі оқу арқылы жеткізуге болады. Енді оқушылар Ю.А. Гагаринның геометрия сабағына, атап айтқанда «Шар беті және оның бөліктері» тақырыбына қандай қатысы бар? Дөп ойлауы мүмкін. Олардың ойларын «Ю.А. Гагарин ғарышта Жер бетінің қандай бөлігін көрді? деген сұрақпен бөлуге болады. Оқушылардың математикалық білімдері жеткіліксіз болса да, бұл сұрақ оларды қызықтырады. Әрі қарай, сфералық сегменттің беткі ауданын есептеуге болатын формуланы шығарумен айналысамыз. Оқушыларды Ю.А. Гагарин ғарышта болған уақытта көрген Жер бетінің ауданын табуға шақыру арқылы қызықтыруға болады Гагарин сабақтың басты кейіпкеріне айналды. Оларды шешіп, қажетті формулаларды ала отырып, оқушылар қызықты зерттеу процесіне түседі [5].

Аталған тапсырмаларды мен өз тәжірибемде, студенттерім практикаға барған кездерінде қолданып жүр және осы тапсырмаларды әріптестіме де пайдалануға ұсынамын.

Әрбір сабақта білім алушыларға тек білім беріп қана қоймай, олардың қалыптасып келе жатқан ой санасының жоғары рухта байыта білуге, ойы алғыр, қиялы ұшқыр білім алушы тәрбиелей білуге ерекше мән беруіміз керек. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін мұғалім ең алдымен өз пәнін, өзі сабақ беретін ғылымды, оның негізін, қазіргі жағдайдағы күйі мен дамуындағы басты кезеңдерін, басқа ғылыммен байланысын, өмірдегі орнын жетік меңгеруі керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. М.Ө.Искаков, С.Н.Назаров. Математика мен математиктер жайлы әңгімелер. - «Мектеп баспасы». -2000
2. Абай Құнанбаев. Қара сөздер. – Алматы: Өнер. -2010
3. Оспанбекова Г.К. Математиканы оқытуда білім алушыларды рухани – адамгершілік дамыту мен тәрбиелеу әдістері. Баяндама тезисі. //Абайдың рухани – адамгершілік мұрасы білім алушыларға патриоттық және азаматтық тәрбие берудің негізі ретінде. Алматы, 2020. Б.301-305
4. Амирова К.Ж. Математика сабағында білім беру үрдісін ұйымдастыру. Баяндама тезисі. // Жаңартылған білім беру мазмұны: негізгі аспектілері мен перспективасы» I Республикалық ғылыми практикалық конференция. –Казтипограф-2019. Б.6-10
5. Шаяхметова Б.К. Математиканы оқытуда практикалық мазмұны бар тапсырмаларды қолдану. //«ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНЕ ЕНДІРУ – САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ» республикалық ғылыми-әдістемелік конференция.- Талдықорған, 2020. Б.417-420

УДК 377.5

Ұлыбаева А.О

«Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімі, «Георгиевка орта мектебі» КММ,
Шығыс Қазақстан облысы,
Қалбатау а., Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ

Түйін. Ертеңіне лайық ұрпақ тәрбиелемеген елдің келешегі жоқ десек, сол ұрпақты тәрбиелеудегі ұстаз еңбегі – ұлы еңбек. «Ұстазын сыйламаған елдің ұрпағы азады», — дейді халық даналығы. Осыған байланысты шығармашылық, ізденіс деген әр ұстаздың алдында тұрған үлкен міндет деп ойлаймын. Мектеп оқушыларының шығармашылыққа қызығуын қалыптастыру өте маңызды, күрделі және көп салалы дей келе, бұл мақалада оқушылардың бойынан шығармашылыққа деген қызығушылықты арттырудағы технологиялар туралы баяндалған.

Аннотация. Если говорить о том, что страна, не воспитавшая достойное поколение, не имеет будущего, то труд учителя в воспитании этого поколения – это великий труд. "Поколение страны, которое не уважало своего учителя, страдало", – гласит народная мудрость. В связи с этим считаю, что творчество, поиск-это большая задача, стоящая перед каждым учителем. Формирование интереса школьников к творчеству очень важно, сложное и многопрофильное, в данной статье рассказывается о технологиях повышения интереса учащихся к творчеству.

Annotation. If we say that a country that has not brought up a decent generation has no future, then the work of a teacher in educating this generation is a great work. "The generation of the country that did not respect its teacher suffered," says popular wisdom. In this regard, I believe that creativity, search-this is a big task facing every teacher. The formation of students' interest in creativity is very important, complex and multidisciplinary. This article describes the technologies for increasing students' interest in creativity.

Түйін сөздер: Шығармашылық қабілетті дамыту жолдары мен технологиялары, оқушылардың қызығушылықтарын арттыру әдістері.

Оқушының шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғандығын «шығармашылық теориясын» жасауға деген көптеген ізденістердің болғандығынан байқауға болады. Сондықтан шығармашылық педагогикасының негізгі мақсаты – бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сана, рухани сапа қалыптастыру және дамытуда тың жолдар мен соны шешімдер іздестіру болып табылады. «Шығармашылық» сөзінің төркіні этимологиясы «шығару», «ойлап табу» дегенге келіп саяды. Демек жаңа нәрсе

ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек. Философиялық сөздікте «шығармашылық қайталанбайтын тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет», – деп түсіндіріледі. Ал көрнекті психолог Л.С. Выготский «шығармашылық деп жаңалық ашатын әрекетті атаған». «Шығармашылық әрекет дегеніміз – адамның қандай бір жасаған жаңалығы, яғни қандай да бір зат немесе танымал сананың немесе сезімнің құрылымы» деп жазады В.С. Выготский.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «Педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көздеген деңгейден төмен емес білім алуын қамтамасыз етуге **жеке шығармашылық қабілеттерін дамуы үшін жағдай жасауға міндетті**» делінген. Мектепте алған білім баланың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беріп оны өнімді, шығармашыл, өзіндік ойлауға үйретуі тиіс. Баланың қабілеттерін дамыту мәселесі өзінің тамырын адамзат тарихының тереңінен алады. Ежелгі грек ғалымы және философы Сократ өз оқушысының дамуына үнемі қамқорлық жасап отырған. Бүкіл бір халықтың ұстазы ұлы Абай өзінің қара сөзінде бала өмірге келгендегі қабілеттері әрі қарай дамытуды, шындауға қажет ететінін, сонда ғана олар пайдаға асатынын жазған. Ал, назардан тыс қалған қабілеттер бара-бара жойылып, жоқ болатынын айтқан.

Сонымен қатар, сабақ беру процесінде оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулудың маңызы зор. Жазба жұмыстары олардың танымдық белсенділіктерін, ойлау жүйесін арттыруға көмектеседі. Жазба жұмыстарынан әр баланың өзіндік көзқарасын, эстетикалық және адамгершілік танымы, эмоциясы, пікірі, талдау, қорытындылау, салыстыра білу және одан қорытынды жасау қасиеттері байқалып тұруы қажет деп ойлаймын, – деп жазған болатын.

Оқушы шығармашылығы практикалық әрекеттер, ізденімпаздық арқылы дамиды. Шығармашылыққа үйрететін сабақтар – жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушыға ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық қатынас сақталады. Мұғалім бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады. Менің ойымша, әрбір педагог сабақтан тыс уақытта оқушылардың шығармашылығын дамытатын әр түрлі кездесулер, іс-шаралар ұйымдастыру қажет. Іс-шара барысында, әрбір балаға өзіндік ойын, көзқарасын білдіруге мүмкіндік беру керек. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді.

Уақыт талабына сай оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін, оқытуды жаңа ақпараттық технологиясын пайдаланған жөн. Шығармашылыққа үйрету үшін мынандай жағдайларды ескерген жөн. Мұғалім оқушылардың оқуға ынтасын оятып, олардың қабілетінің дамуына жол ашу, алғашқы уақыттан бастап-ақ әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, ынтасы мен бейімділігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығын ескере отырып, жұмыс істеу бағытын, жоспарларын жасау керек. Шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасып, ұстазы берген ақпаратты, іс-әрекет тәсілдерімен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оқушы барлық іс-әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет білігін ұштай түседі.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттері ашылу үшін белсенді формалар мен әдістерді қолдану керек: әңгімелесу, пікірталас, ойындар, тартыстар, жорықтар мен сайыстар, сұхбат, байқаулар, олимпиадалар, бақылаулар, шығармашылық еңбек, жобалар, дербес сабақтар. Оқушылардың қабілеттеріне қарай әрбір баланың ойын оятып, ойландыруға, талдау жасауға, салыстыруға жетелейтін жеке шығармашылық тапсырма береміз. Осындай әдістерді жиі пайдалану оқушылардың шығармашылыққа баулуына, шәкірт бойындағы талант көзін ашуға, тілін байытып, қиялын ұштаумен өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Ұстаз еңбегі – оқушы білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі – әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өмірді, әлемді танып білуге қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сездіре білуінде жатыр.

Оқушылардың қызығушылығын арттырып отыру үшін ұстазы сабақ үстінде, сабақтан тыс уақыттарда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып отыруы тиіс. Олар мынадай: Тақырыпты терең ұғындыру, түсіндіру; сабақта немесе сабақтан тыс уақыттарда әр түрлі тақырыптарда пікірталас тудырып отыру; логикалық ойлауын жетілдіретін тапсырмалар беру; ойларынан тест тапсырмаларын құрап келу, есеп құрау, ертегі құрау, ертегілерді сахналау, шағын мәтіндер құрау, өлең жолдарын құрау; қиялдау арқылы сурет салғызу; ана тілі сабақтарында мінездеме беру; авторлар туралы толық мағлұмат жинау, реферат жазу; әр түрлі тақырыпта сайыс, пікірталас өткізіп, алған әсерлеріне шығармалар жазу; сабақ үстінде қосымша тапсырмалар беріп, орындауын қадағалау.

Осындай әдіс-тәсілдерді үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Бала бойындағы қабілетті ашу – оқушыны шығармашылық бағытта дамуына жете мән беруі болып табылады.

Бала мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастағы сезім байланысын орнатып, үйлесімділікке қол жеткізуге Ш. Амонашвалидің мұғалімдерге берген кеңесін де басшылыққа алуға болады. Ол: «Педагогикалық процесте баламен тіл таба білу, яғни балаға өз ойын, талғамын, көңіліндегісін айтуға мұрсат беру тәрбиешіден көп шеберлікті талап етеді. Осынау қарым-қатынаста бала жанының қозғалысы ұстаз жанының қозғалысымен үйлесім тапқан кезде бала өз бойындағы табиғи дарынын ашады, ал мұғалім өзінің шығармашылық жігер қуатының жемісін көруге мүмкіндік алады. Басқаша айтқанда, бала шығармашылығы мұғалім шығармашылығымен ұштасып кетеді. Мұндай жағдайда рухани тұтастық пайда болады» – дейді.

Шығармашылықпен айналысқан оқушының ойы жүйрік, тұғыры биік азамат болып қалыптасады. Ана тілімен қатар қазақ тілі сабағы да сөзбен жүргізілетін жұмыс сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға, шығарма жазуға көмектеседі. Сөздік жұмысы оқушыны бір жағынан ойлауға жетелесе, екінші жағынан қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін арттыруға, белсенділікке ынталандырады. Мектеп табалдырығын аттағаннан бастап барлық оқу материалдарын игеруге мұғалім бар күш жігерін салады. Оқушылардың есепті басқа амалмен шығаруға, материалды өз бетінше баяндауға, және т.б. жұмыстарды жасауда мұғалім қолдау беріп, ерік берсе, ол оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда оқудың ықпалын күшейтеді. Оқу бағдарламасының материалдарын дұрыс меңгере алмаған оқушы нашар баға алатыны белгі. Ондай оқушыларды кемітпей, олардың қажетті деңгейінде білім алуына мұғалім өз немесе жалпы педагогика практикасындағы әдіс-тәсілдерді қолданады. Мектепте сынып оқушыларын ғылыми сфераға кірістіру, баланың ойлауын, сөйлеуін, қиялын өзгертеді. Әр жас кезеңіне белгілі бір жетекші әрекет тән болғанына қармастан осы жаста басқа әрекет жоқ деуге болмайды.

Оқушылар оқу әрекетінде дағдылар мен іскерліктерін қалыптастырады. Осы периодтағы оқушылардың ойлауы дамиды да бұл оның ары қарай ғылыми білімдерге, ғылыми дамуына, теориялық ойлауына жол салады. Осының бәрі оқушының бойындағы шығармашылық қабілетін қалыптастырып, дамытуға ықпал етіп, күнделікті өмірге үйренуі, оқудағы өз бетімен болжам жасаулары сияқты қасиеттерін жинақтайды.

Зерттеушілер оқушылардың алдында тұрған қиындықтар қатарын атап көрсетеді. Бұл қиындықтар өмір режимін, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасқа байланысты туатынын айтады.

Сонымен, қабілетін қалыптастыруда, олардың жас ерекшеліктерін ескермеуіміз қажет. Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастырып дамытуда, олардың психикалық, физикалық мүмкіндіктерін елеп ескеруіміз қажет. Сөз жоқ, кейбір оқушыларға шығармашылық пәндер ұнаса, енді біріне ұнамайды. Сондықтан, сабақтың қызығушылығын арттырып отырудың маңызы зор. Мұғалім баланы дамытудағы ең басты тұлға екенін білеміз, өйткені алғаш мектеп табалдырығын аттаған баланың, жанұядан, құрбы-құрдастарынан басқа басты тұлға, үнемі оқушымен бірге болатын мұғалім оқушысына сызып, жазып, сурет салдырып қана қоймай, оқытады, тәрбиелейді. Мұғалім оқушы бойында «шырақ» жағады.

Сол «шырақты» сөндірмес үшін, оны үнемі дамытып отырады. Мысалы, математикада әр түрлі амалдармен есеп шығару және құрастыру, ана тілі пәнінен мәтінге ат қою, шығарма жаздырту, суреттеу және т.б. мұғалімнің басшылығымен жүзеге асады. Сондықтан, оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастырғанда, сабақты қызықты, дәстүрлі оқытудан тыс әдістерді пайдаланып оқытқанды тағы да мұғалім басшылыққа алады. Мұғалімнің жасаған өзгерістері мен әдістеріне өз бетімен жұмыс, ойындар арқылы оқыту, конкурстар, жарыстар арқылы оқыту т.с.с. жатқызуға болады.

«Мұғалімнің–адамтанушы», «Мұғалім-психолог» деп босқа айтылмайды, өйткені, оқушының психикасын танып-білу арқылы, оның шығармашылық қабілетін қалыптастырып, дамытуға көмектеседі. Әр оқушының бір нәрсеге немесе бірнеше нәрсеге қабілеті болады. Сол қабілеттерді уақытында тауып, дамытуда мұғалім басты рөл атқарады.

Оқушының шығармашылық іс-әрекетінің қалыптасуының негізгі кезеңдері:

1. Айқын және дұрыс қойылған мақсат.
2. Қосымша мәліметтер іздеу, күш салу.
3. Уақытша мәселені қозғамау.
4. Интуицияны ояту.
5. Нәтижені жан-жақты тексеру.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту кезінде оған кері әсер ететін кедергілердің де бар екенін әр уақытта есімізде ұстаймыз.

Ондай кедергілер:

1. Оқушының әлеуметтік жағдайының болмауы.
2. Психологиялық жағынан ойлау, қиялдың төмен болуы. Өз күшін есенбеуі, жалқаулығы.

3. Денсаулығының нашарлығы.

Сондықтан мұғалім өз пәнін үйрету барысында әр оқушыны зерттеп, олардың өміріндегі осындай кемшіліктері болса, оны алдын-ала анықтау керек. Қорыта келгенде, әр баланың шығармашылық қабілетін арттыруға арналған жұмыстар оның ойлау мүмкіндігінің ең жоғары деңгейіне дейін жету керек. Күн өткен сайын ол деңгей биіктей береді де, жүйелі, жұмыс нәтижесінде оның дамуы жоғары дәрежеге жетеді.

Шығармашыл бала өзінің құрбыларына қарағанда көптеген көзге түсетін қасиеттермен ерекшеленеді. Сол қасиеттердің ең негізгілерін атап өтейік:

1. *Білімпаздық – білгіштік - танымдық қажеттілік.*

Бұл ұғымбарлық балаларға тән, мейлі ол шығармашыл болсын, болмасын, әр бала білімқұмар, көпжаңалықты қажет еткіш болады. (Л.И.Божович, Л.А.Венгер, А.Л.Запорожец, Н.С.Лейтес)

2. *Мәселеге аса сезімталдық*

Ешкім көрмеген, байқамаған жерде мәселені табу – шынайы дарынға ғана тән аса маңызды қасиет. (Д.Гилфорд, В.Лоуэнфелд, А.Н.Лук, А.М.Матюшкин, К.Осборн)

Шығармашыл балаға тән қасиеттердің ішінде ең маңызды орын алатын осы қасиет. Платонның айтуы бойынша таным – жай нәрсеге таңқалудан басталады. Шығармашылыққа бала дұрыс бағытталған педагогикалық жұмыс барысында үйренеді.

3. *Дивергентті түрдегі тапсырмаларға бейімділік*

Дивергентті түрдегі тапсырмалар дегеніміз – бағыттылығы бойынша жан-жақты, шығармашылық тапсырмалар. Бұл тапсырмалардың ерекшелігі мұнда дұрыс жауаптар көп. Сол жауаптардың ішінен ең ыңғайлысын, дұрысын табу керек. Шығармашыл бала басқа тапсырмалардан гөрі дивергентті тапсырмаларды шешкенді ұнатады

4. *Ойлаудың оригиналдылығы*

Бәріне белгілі, қоғамда қабылданған идеялардан ерекше, жаңа идеяларды ойлап табу қабілеті – ойлау оригиналдылығы деп аталады. Бұл қабілет баланың қарым-қатынасына, тәртібінде, ойлауында, барлық дерлік әрекетінде байқалады. Оригиналдылық бала салған суреттерде, жазған шығармаларда және де барлық балалық әрекеттерінде байқалады.

5. Ойлау иілгіштігі

Шешім қабылдауды тез және оңай орындай алу қабілеті, ассоциативтік байланыстарды орната алу дегеніміз – ойлау иілгіштігі деп аталады. Ой иілгіштігінің жоғары деңгейі – сирек кездесетін құбылыс, сондықтан ол өте дарынды балаларға ғана тән. Ойлау иілгіштігі баланың тәжірибесіне байланысты (білім, дағды, іскерлік көлеміне және т.б.), барлық толығымен өмір тәжірибесімен анықталмайды.

6. Ақыл-ой нәтижелілігі

Бұл сапаны өте көп мөлшердегі идеаларды өңдеуге қабілет деп таниды. Дарындылықтың жарқын көрінісі болып табылады. Ойлар көп болған сайын оларды таңдауға, дамытуға, терең зерттеуге деген мүмкіншіліктер де көп болады, бұл дарындылықта шығармашылықтың дамуына ықпал болады.

7. Болжам жасауға қабілеттілік

Шығармашыл балалар өзінің құрдастарына қарағанда болжам жасауға қабілетті болып келеді. Болжам жасауға қабілеттілік барлық балаларға тән. Бірақ шығармашыл балаларда бұл қабілет жарқын көрінеді, олардың болжам жасауы тапсырмаларды шеш убарысында ғана емес, сонымен қатар өмірлік шынай жағдайларда да көрінеді

8. Қызығушылықтар және бейімділік

Шығармашыл балалардың қызығушылықтары мен бейімділіктері де басқа балаларға қарағанда ерекше. Мұндай балалардың қызығушылығы кең болғандықтан оның қабілетін қандай сала болса да әрқашан дамытып, қолдап отыру қажет. Сондықтан да балаларды шығармашылыққа тәрбиелеу мақсатында мұғалімнің сабақтағы әдіс-тәсілдері ерекше маңызды.

Қорыта келгенде, оқушыларды шығармашылыққа үйрету әр мұғалімнің шеберлігіне, іскерлігіне, тапқырлығына байланысты жүзеге асады. Шығармашылыққа үйретем деп балаларды шамадан тыс жүктеу де дұрыс емес. Әр баланың өз ерекшелігін, қабылдауын, тіпті көңіл-күйін де ескеріп отыру қажет. Шығармашылық жұмысқа әсіресе бала қиялының орны ерекше. Бұл жөнінде М. Жұмабаевтың айтқан тамаша пікір бар: «Баланың атаға тартуы рас болса, сиқырлы даланың баласы – қазақ баласы қиял құмар болуға тиісті» Сондықтан да қиял-құмар балалардың қиялын ұштау, дамыту біздің ұстаздардың қолында екені белгілі.

Оқушы бойында шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен-күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, сыныптан-сыныпқа көшкен сайын оқушының ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, оқушы дүниетанымы арта түсері анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Тағлымы. - Алматы.: 1991
2. Ананьев Б.Г. Формирование одаренности. Склонности и способности - Ленинград.:1972.-268 б.
3. Бабанский Ю. Педагогика. - Москва: 1978,-317 б.
4. Вготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. - Москва.:1991. - 90 б.
5. Ильина Т. Педагогика.- Алматы.: 1977.-484 б.
6. Кабанова М. Психология развития знаний и навыков у школьника.- Москва.:1982. -3 65 б
7. Ұстаздық шығармашылық Б.А. Тұрғынбаева Алматы, 2007 ж
8. Қоянбаев Ж.К. Педагогика. - Алматы.: 2001.-384б
9. Мухина И.С.// Возрастная психология- Москва.:1998.-454 б
10. Петровский В.Д. Общая психология. - Москва: 1977. - 477 б
11. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту Б.А. Тұрғынбаева Алматы, 1999 ж.
12. Щадринов В.Д, Психология деятельности и способности человека. - Москва.:1996.-318 б.
13. Харламов И.Т Педагогика. - Алматы.:1996. - 414 б.
14. Бастауыш білім журналы № , 2004 ж.
15. Бастауыш сыныпта оқыту журналы № 1, 2, 2008 ж.
16. Мен және бәрі, бәрі, бәрі Алматы, «Аруна», 2006 ж.
17. Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері, Алматы, 2004 ж.

18. Бастауышмектеп журналы, № 1, 2006 ж.
19. Оқушыларғатілдіменгертужолдары Алматы «Ана тілі», 1997 ж.
20. Шешендіксөздер С. Негимов Алматы, «Ана тілі» 1997 ж.

ӘОЖ 372.881.111.1

Хамзина А.Т.
ағылшын тілі пәні мұғалімі, №9 мектеп-гимназиясы,
Ақмола облысы,
Щучинск к., Қазақстан

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйін. Бұл мақалада қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы – адамның рухани-адамгершілік құндылығына анықтама беріледі. Рухани-адамгершілігі дамыған тұлғаны тәрбиелеу үдерісінде ағылшын тілі сабағында ойын технологияларын, топтық және жұптық жұмыстар, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға байланысты мәселелер талданған. Ойын түрлері қазіргі заманғы білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес мектеп оқушыларын тәрбиелеу мен оқытумен байланысы қарастырылған. Сонымен қатар, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай бастауыш сыныптан, жоғарғы буынға дейін ағылшын тілі пәнінің тақырыптары тереңірек, ауқымды және күрделене түсетіні аталады. Толеранттылық, заманауи отбасы, қайырымдылық, материализм және ұлттық мәдениеттің проблемалары анықталады, мектепте ағылшын тілі сабағында оқушының адамгершілік тәрбиесіне ықпал ететін әдістер мен тәсілдер анықталған. Сонымен қатар оқушылардың лексикалық-грамматикалық материалды, моральдық-этикалық нормалар мен мақсатты елдерінің мәдени құндылықтарын игеруге деген ынтасын арттыратын, сонымен қатар коммуникативті, жалпы мәдени және ақпараттық құзыреттіліктердің қалыптасуына ықпал ететін әдістер ұсынылған. Оқушыларға рухани-адамгершілік білім беру үдерісінде шет тілінің ерекше маңыздылығы атап көрсетілген, өйткені шет тілінің негізінсіз адам өзін әлемдік лингвистикалық кеңістік шеңберінде жүзеге асыра алмайды. Автор өзінің «SMART» серіктестігі жобасы аясында өткізілген кіріктірілген ашық сабағын үлгі ретінде мақалаға енгізген.

Түйін сөздер: шет тілі, рухани-адамгершілік тәрбиесі, қарым-қатынас, коммуникативті құзыреттілік, өз елінің және оқылатын тілдің мәдениеті.

Аннотация. В данной статье дается определение духовно-нравственным ценностям человека, как единственный способ воспитать гражданина в соответствии с обществом. Анализируются вопросы, связанные с использованием игровых технологий, групповой и парной работы, информационно-коммуникационных технологий на уроках английского языка в процессе воспитания духовно-нравственно развитого человека. Виды игр рассматриваются в связи с обучением школьников в соответствии с требованиями современных образовательных стандартов. Также отмечается, что в зависимости от возраста учеников темы английского языка становятся сложнее. Обозначены проблемы толерантности, современной семьи, благотворительности, материализма и национальной культуры, выявлены методы и приемы, содействующие нравственному воспитанию учащегося на уроке английского языка. Также существуют методы, повышающие мотивацию студентов к изучению лексического и грамматического материала, морально-этических норм и культурных ценностей целевой страны, а также способствующие формированию коммуникативных, общекультурных и информационных компетенций. Подчеркивается особая важность иностранного языка в процессе духовно-нравственного воспитания учащихся, ведь без основы иностранного языка человек не может реализовать себя в мировом языковом пространстве. Автор включил в статью в качестве примера интегрированный открытый урок, проводимый в рамках нового проекта «SMART».

Ключевые слова: иностранный язык, духовно-нравственное воспитание, общение, коммуникативная компетентность, культура страны изучаемого языка.

Abstract. This article provides a definition of a person's spiritual and moral values as the only way to educate a citizen in accordance with society. The article analyzes issues related to the use of gaming technologies, group and pair work, information and communication technologies in English lessons in the process of educating a spiritually and morally developed person. The types of games are considered in connection with teaching students in accordance with the requirements of modern educational standards. It is also noted that,

depending on the age of the students, English topics become more complex. The problems of tolerance, modern family, charity, materialism and national culture are identified, methods and techniques are identified that contribute to the moral education of a student in an English lesson. There are also methods that increase the motivation of students to study lexical and grammatical material, moral and ethical norms and cultural values of the target country, as well as contribute to the formation of communicative, general cultural and information competencies. The special importance of a foreign language in the process of spiritual and moral education of students is emphasized, because without the basis of a foreign language, a person cannot realize himself in the world linguistic space. The author included in the article as an example an integrated open lesson conducted within the framework of the new project "SMART".

Keywords: foreign language, spiritual and moral education, communication, communicative competence, culture of the country of the target language.

«Болашақта ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі – бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселенің бірі. Олардың отансүйгіштік сезімін, білім мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, асқақ адамшылық және адамгершілік қадір-қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, салауаттылық дағдыларын, ұнамды мінез-құлық нормаларын рухани-адамгершілік құндылықтар арқылы қалыптастыру – үлкен» деп атап көрсеткен тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2030» жолдауында.

Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы адамның рухани байлығын арттыру. Қазақстан Республикасы жалпы білім беру тұжырымдамасында жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, рухани-адамгершілікті қалыптастыру, әрбір адамды дамыту үшін жағдайлар жасау міндетінің ерекше аталуы біз көтерген мәселенің қоғам талабынан туындап отырғандығын дәлелдейді. Оның үстіне қоғамдағы рухани құндылықтардың табиғаты, мәні және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеулердің адамгершілік пен руханилық мәселелерімен тікелей байланысты қарастырылып, осы кезге дейін күн тәртібінен түспеуі біздің мәселеміздің өзектілігін арттыра түседі. Өйткені, оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселелері көптеген ғылыми зерттеулерге арқау болған.

Адамгершілік – адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүйуге үйретеді. Рухани тәрбие – өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды.

Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу кезек күттірмес мәселе. Негізгі міндет – балалардың жақсы әдет, мінез-құлқын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

«Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі» – деп Ы.Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туғанынан басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал, үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Осы мақсатта мектептегі балаларды адамгершілік сана-сезімін оятып, жағымды мінез-құлқын қалыптастыруда көптеген оқу пәндерінің ішінде шет тілі пәні ерекше орын алады. Оның өзіндік ерекшелігі – оқу барысында оқушылардың шет тілін қарым-қатынас құралы, жаңа және пайдалы ақпарат алу құралы ретінде пайдалану дағдылары қалыптасады. Өзге елдің өмірін, әдет-ғұрыптарын, дәстүрлерін және ең алдымен тілін зерттеуде оқушылардың азаматтық, патриоттық, адамгершілік қасиеттері оянады.

Алайда, оқушылардың дүние тануын кеңейтетін, ойлау қабілетін дамытатын тартымды да, қызықты сабақты қалай ұйымдастыруға болады? – деген сұрақ туындайды. Оның бірден-бір жауабы – сабақты жүйелі түрде түрлендіріп әр-түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану. Оқушылардың шет тілінде сөйлеуін, шет тілінде оқуға деген ынтасын арттырып,

белсенділігін көтеретін – **ойын**. Ойын балалар үшін әр уақытта ойын болғандықтан, ойын элементтері бар сабақ оларды қызықтырады. Ал мұғалім үшін ойын – дидактикалық әдіс, оқыту, білім беру. Ойын оқушылардың белсенділігін арттырады, мұғалім мен оқушының арасындағы психологиялық кедергіні бұзып, теңдік сезіледі. Ұялшақ, жасқаншақ оқушылар ойын барысында белсенді серік болуға мүмкіндік алады. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқада әрекеттерін айқындайды. Ойын арқылы оқушы неге үйренеді?

- Қисынды ой қабілетін дамытады
- Өздігінен жұмыс істеуге үйренеді
- Сөздік қоры байиды, тілі дамиды
- Зейіні қалыптасады
- Байқампаздығы артады
- Өзара сыйластыққа үйретеді
- Ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды.
- Бір – біріне деген оқушы сенімі артады достыққа, ынтымақтастыққа баулиды
- Сабаққа қызығушылығы артады.

Ағылшын тілі сабағында ойнатылатын ойындардың сан алуан түрлері бар. Олар: үстел үсті ойындары, дидактикалық ойындар, қозғалыс ойындары, іскерлік ойындар, интеллектуалдық ойындар. Сабақтағы ойынның орны, оған бөлінетін уақыт мөлшері оқушылардың білімінің деңгейімен, оқу материалының жеңіл не қиындығымен, сабақтың мақсаты мен мүмкіндігімен т.б байланысты. Менің сабақ барысында пайдаланатын бір ойын түрін үлгі ретінде алып отырмын: «Interviewing an interesting person». Бір оқушы танымал атақты адамның (саясат қайраткері, әнші, актер, спортшы, т.б) ролін ойнайды. Сыныптастары әртүрлі сұрақтар қоя отырып, оның кім екендігін табуы тиіс. Сұрақтар былай болуы мүмкін: What's your hobby? What kind of meal/ sport/clothes/ do you like? Are you a man or a woman? Are you married or a single? т.б. Мұғалім әр сабағында ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету арқылы олардың білімге ынта-ықыласын, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Бастауыш және орта буын оқулықтарында кездесетін «About myself», «My family», «My house», «My pets», «Holidays», «My country» тақырыптары өзіне, жақындары мен үй жануарларына қамқор болу, ата-анасына деген сүйіспеншілік, достық, еңбексүйгіштік, үлкендерге көмектесу, тәртіптілік, жанашырлық, елге деген сүйіспеншілік, туған жердің мерекелері мен дәстүрлерін білу, сондай-ақ алғыс айту сияқты қасиеттерді қалыптастырады.

7-11 сыныптардың ағылшын тіліндегі тақырыптары тереңірек, ауқымды және күрделене түседі: «School life», «Friendship», «Unforgettable places», «Traditions and customs», «Sport in our life», «Art», «Future professions», «Youth», «Countries and nationalities» and etc. Бұл күрделі және адамгершілікке бағытталған тақырыптар барысында оқушылардың адамгершілік, өзге ұлтқа деген құрмет, жеке сезімдері қалыптасады.

Ағылшын тілі сабағында оқушының рухани-адамгершілік тәрбиесіне ықпал ететін әдістер мен тәсілдерге **топтық жұмысты** ажыратуға болады. Топтық жұмыс жасау, шет тілі мұғаліміне сабақта “тілдік орта” құруға ықпал етеді, яғни шет тілінде сөйлеуге оқушыларды біршама жақындатады. Ынтымақтастық оқытудың түрлі нұсқалары бар. Олардың бірі Student Team Learning (STL, топпен оқыту) болып табылады. Джон Хопкинс университетінің ғалымдары осы жұмыс түрін зерттеумен айналысқан. STL тәсілінің мәні топтық мақсат құру. Ол барлық қатысушылар арасындағы өзара байланыспен аркашан ұштасып, топтың әрбір мүшесінің өзіндік жұмысын көздейді. Топтың жетістігіне ерекше назар аударылады. Оқушылар бірге оқып, ізденеді. STL мынадай 3 ұстанымдармен қиысады:

- «марапаттаулар»;
- әр оқушының дара(дербес) жауапкершілігі;
- әрбір оқушының жетістікке жетуге теңдей мүмкіндіктері бар;

Сыныптағы оқушыларды топтық жұмысқа үйрету үшін, жұмысты тиімді және бірге жасаудың «құпиясын» ашатын ескертпелер беру қажет.

Мысалы:

Есте сақтаңыз: топтық жұмыс – жарыс емес, бір-біріне көмек беру мен бір-бірін қолдауға негізделген, білімге деген ұмтылыс,

Болуыңыз қажет:

- Сыпайы;
- Мейірімді;
- Ұйымшыл;
- Тәртіпті;
- Әдепті және сыныптастар жаңсақтығына сабырлы болыңыз;

Болмауыңыз қажет:

- Ұрыспаңыз;
- Бір-біріңіздің сөзіңізді бөлмеңіз;
- Жолдастарыңыздың қателеріне қуанбаңыз;
- Уақытынан бұрын «дұрыс жауаптарына» қарамаңыз;
- Бір-біріңізбен даусыңызды көтеріп сөйлеспеңіз (сыныпта жалғыз емессіз)

Осы ескертпелерді ескеріп, топтық жұмысты тиімді пайдаланған кезде, оқушылардың бір-бірімен сөйлесу, жоғары сенім арту, өзара әсер, қолдау, оқушылардың қорларды тиімді пайдалануы, өзара көмек сияқты қарым-қатынас қалыптасады.

XXI ғасырда жаңа белсенді педагогикалық оқыту құралын пайдалану, оқушыларды ынталандыратын технологияларды қолдану заман талабына айналды. Қазіргі балалардың жастайынан компьютерге деген құштарлығын ескерсек, **ақпараттық-коммуникациялық технологияларды** оқу үдерісінде қолдану қуатты құрал болып есептеледі. Өкінішке орай, біз мектеп оқушыларын республикамыздан тыс жерлерге экскурсияға апара алмаймыз және белгілі бір театрлар мен мұражайларға бара алмаймыз, бірақ қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың арқасында бұл мүмкін болды. Интернеттің арқасында біз сабақ үстінде Британ мұражайына, Эрмитаж мұражайына және Тейт галереясына виртуалды экскурсия жасап; Үлкен театр мен Шекспир театрындағы қойылымдарды және т.б.тамашалап, оқушылардың ой-өрістерін кеңейте аламыз. Сонымен қатар оқушылар өздеріне компьютерді қолдану арқылы ұсынылған тапсырмаларды пассивті түрде қабылдамайды, презентациялар, жобаларды дайындау үшін электронды материалдарды жинау, өңдеу және жүйелеу процесіне белсенді қатысады. Сонымен, 5-сынып оқушылары «I like my school», «My pets», «Traditions in my family», «Let's travel together» тақырыптарында презентациялар жасайды. 10-сынып оқушылары «Fast food», «Teenagers in Great Britain», «School uniform» тақырыптары бойынша тиісті презентациялар әзірледі. 8-сынып оқушылары «How to break the ice», «Tasty traditions», «New images for you» тақырыптарында өз жобаларын қорғады. Ағылшын тілі сабағында қолданылған ақпараттық коммуникативті технологиялар оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге, пәнге деген қызығушылығын арттыруға, мектепте алған білімін күнделікті өмірде жасқанбай қолдануға септігін тигізеді.

Мектебімізде 2018-2019 оқу жылынан бері «SMART» серіктестігі жобасы іске асырылуда. Бұл жобаның мақсаты бастауыш, орта және жоғары буын арасындағы ынтымақтастықты арттыру, үш буын мұғалімдері бірлесіп оқушылардың білім сапасын арттыру. Осы «SMART» серіктестігі жобасының аясында бастауыш, дене шынықтыру және ағылшын тілі пәні мұғалімдері бірігіп, «Smart 8» серіктестігін құрып, жұмыс жасаудамыз. Үлгі ретінде ағылшын тілі пәні бойынша, «Holidays» тақырыбында 5-сыныппен өткізілген кіріктірілген ашық сабағымыздың жоспарын ұсынбақпын. Бұл сабақтың мақсаты ағылшын елінің Жаңа жыл мерекесі мен өз еліміздің Наурыз мерекесін салыстырмалы түрде өткізілу дәстүрін көрсету, өзге елдің салт-дәстүрлерін құрметтеуге, өзіміздің салт-дәстүрлерімізді қадірлеп, сақтауға тәрбиелеу. Кіріктірілген сабақ болғандықтан бастауыш сынып мұғалімі өзінің актерлік шеберлігін танытып, Санта Клаус кейпінде келіп, оқушыларды ағылшын елінің мерекесімен таныстырды. Дене шынықтыру пәні мұғалімі қазақтың ұлттық ойындарын еске түсіріп, оқушылармен «аударыспақ» ойынын ойнады. Жоғарыда аталған әдіс-тәсілдердің барлығы сабақта тиімді қолданып, сабақ ойдағыдай өтті.





Lesson plan

Unit of a long term plan: Holidays	School: School-gymnasium №9
Date: 10 th of December	Teacher name: A.T.Khamzina
CLASS: 5	Number present: absent:
Lesson title	Holidays
Learning objectives(s) that this lesson is contributing to (link to the Subject programme)	L8 understand supported including some extended talk on an increasing range of general and curricular topics S5 give an opinion at sentences level on a limited range of general and curricular topics UE6 use preposition basic personal and demonstrative pronouns have to on a limited range of familiar general and curricular topics US5 use question including tag questions to seek agreement and clarify meaning on a limited range of familiar general and curricular topics
Level of thinking skills	Medium Order Thinking Skill
Lesson objectives	All learners will be able to: ❖ Listen to the text about holidays and answer the questions ❖ Make sentences in a right order Most learners will be able to: ❖ Make up sentences about holidays speak your opinions Some learners will be able to: ❖ Write many information about holiday
Assessment criteria	Understanding how can use Present Simple in their writing works
Values links	To be organized, patient and respect culture
Cross-curricular links	Primary classes, PE

Plan

Planned timings	Planned activities (replace the notes below with your planned activities)	Resources
Start 6 minutes	<p>Greeting: Teacher and learners stand in a semicircle. T- Good afternoon, Children!</p> <p>Warm up. Миға шабуыл. Ok. Listen to the poem and say what season it is about.</p> <p>Today you will have unreal lesson. You will work in two groups. On your desks you see sheets of papers, your task is to assemble the puzzles from these pieces and you know the names of your groups. 1st group “Christmas” 2nd group “Nauryz” How do you think what about we will talk today? What will be the theme of our lesson? So, let us guess. You must solve puzzle Look at these symbols. Each symbol has its own letter. You should put the letters in right order. So, today's our new theme is about holidays, they are Christmas in Great Britain and Nauryz in Kazakhstan.</p>	<p>Pictures holiday slides</p> <p>Presentation about holiday</p> <p>Who is quicker Answer the question</p>
Middle 5 minutes	<p>1. Watching video What about these videos? What did you see?</p> <p>2. New words:</p>	<p style="text-align: center;">A.T.Khamzina</p> <p>https://www.dailymotion.com/video</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=ZP1baaHjP3c</p>

2-3 minutes	<p>Ind. Task-1. Read the texts</p> <p style="text-align: center;">Christmas</p> <p>Christmas is celebrated on the 25th of December. On this day people celebrate the birth of Jesus Christ. It is the most colourful and merry holiday. People decorate cities, towns and their houses with coloured lights and large Christmas trees. Over the end of the bed children hang stockings. Children believe Father Christmas (Santa Claus) will come and fill them with presents. On Christmas many people go to the church. After that they have a holiday dinner. Christmas meal is really traditional – roast turkey, roast potatoes, Christmas pudding, pies, tea with cakes.</p> <p style="text-align: center;">Nauryz</p> <p>Nauryz is Kazakh traditional holiday. It is Kazakh New Year. It is celebrated on the 22nd of Nauryz. People clean their houses, yards and plant trees before Nauryz. They prepare traditional Kazakh food, such as Nauryz kozhe, boursak, beshbarmak, etc. On this day people play traditional Kazakh games. They are asyk atu, at zharys, kyz kuu, etc.</p>	Slide 5
5-7 minutes	<p>Task 2: Correct the sentences</p> <ol style="list-style-type: none"> December 30th is Christmas. _____ Children hang their boots over the bed. _____ Nauryz is Kazakh traditional game. _____ A lot of people celebrate Christmas at a concert. _____ Asyk atu, at zharys, kyz kuu are the British food. _____ <p>The sound of bells</p> <p>Santa Claus- Hello children! How are you? I'm glad to see you. And you?</p> <p>Santa has brought some tasks:</p>	S.D.Muhamedjanova Colored balls with questions on the Christmas tree http://download-sounds.ru/jingle-bells/ J.D.Kojabai
7-8 minutes	<p>Task 3</p> <p>Answer the questions:</p> <ol style="list-style-type: none"> When is Christmas? What do children do before Christmas? Why do children hang stockings over the bed? Who is Santa Claus? What do people do before Christmas? 	Revision of prepositions and words
2 min	<p>Warming – up Jingle bells</p> <p>Knocking of stick Kydyr Ata is coming</p> <p>- Ырыс оң болсын! Ақ мол болсын! Қайда барсаң бол болсын! Армысыңдар құрметті оқушылар, қонақтар! ...</p>	Work with poster

5min	Task 4 Make a diagram. 1st group – about Christmas 2nd group – about Nauryz	
2min	Kazakh traditional game Conclusion Make cards for your friends and write your wishes.	
2min	Descriptors: A learner: <ul style="list-style-type: none"> • Reads all the words • Makes right order 	
End 2 minutes	Evaluation tree  <div style="display: flex; flex-direction: column; align-items: center; margin-top: 10px;"> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; margin-bottom: 10px; display: flex; align-items: center;">  - very good </div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; margin-bottom: 10px; display: flex; align-items: center;">  - so-so </div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; display: flex; align-items: center;">  - bad </div> </div> <p>Home task is. ... Goodbye!</p>	

Қорыта келгенде, ағылшын тілі сабағында түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы біз өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, көкірегі ояу, ізденімпаз, өзіндік шығармашылық жұмыспен айналыса алатын, жан-жақты жетілген, рухани-адамгершілігі мол жас ұрпақ дайындай аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030 «Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі және әлауқатының артуы» атты Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы, 1997 ж.
2. Өтебаева Ә.Т. Рухани-адамгершілік тәрбие берудің қазіргі кездегі маңызы // Білім. 2007
3. Мектептегі шетел тілі. Республикалық әдістемелік журнал. №6.2011, Кулмырзаева, А.Х. Ағылшын тілі сабағында ойын элементтерін пайдаланудың тиімділігі /А.Х. Кулмырзаева
4. Павлова Е.А. Приобщение школьников к духовным ценностям в процессе нравственного воспитания на уроках иностранного языка // Образование – 2013. – №11.
5. «Сыныпта ағылшын тілі сабағындағы топтық және жұптық жұмыстар» курстық жұмыс. п.ғ.к. профессор, Ж.М. Байгожина. Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты.
6. <https://core.ac.uk/download/pdf/49212656.pdf>

СЕКЦИЯ II

УДК 377

Абдиханова К.О.

психология және жекеленген әдістеме пәндерінің оқытушысы,
Қостанай педагогикалық колледжі,
Қостанай облысы,
Қостанай қаласы, Қазақстан

БОЛАШАҚ КӘСІБИ МАМАНДАР ДАЯРЛАУДАҒЫ ЖАҒЫМДЫ АХУАЛ ТҮРТКІ ТУҒЫЗУ ҚҰРАЛЫ ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПӘНІМЕН КІРІКТІРІЛГЕН САБАҚТАР РЕТІНДЕ

Түйін. Мақалада болашақ мамандарды даярлауда өзін-өзі тану пәнімен кіріктірілген сабақтар өткізу, жалпыадамзаттық тұлғалық дамудағы ықпалы туралы жазылған.

Түйін сөздер: адамзаттық құндылықтар, рухани білім, өзін-өзі тану, кіріктірілген сабақ, кіріктірілген, білімді ізгілендіру, болашақ кәсіби маман.

Abstract. The article regards one of the most effective ways of personal development is the conduct of integrated lessons on the subject of self-cognition in professional training of future specialists.

Keywords: human values, spiritual knowledge, self-knowledge, integrated lessons, integrated, humanization of knowledge, future professional

«Ізгілік ғылымын түсінбегендерге кез-келген ғылым әрдайым зиян келтіреді»

М.Монтень

Еліміз өркениетті елдер қатарына қосыламыз деп қарыштап қадам басып жатқан тұста, білім жүйесіне де тың өзгерістер енуде. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және жалпыадамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасау» делінген. [1, 5]

Қазақстанның әлемдегі барынша дамыған және бәсекеге қабілетті елдердің қатарына кіру стратегиясының шешуші басымдықтарының бірі – осы заманғы білім мен озық ғылымды дамыту болып табылады. Білім беруді дамыту векторы адам мен адамзаттың толыққанды өмір сүруінің басты шарты ретінде алынған руханилықпен анықталатын өмір сапасын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл мәселені шешудегі бүгінгі күні оқытушының басты мақсаты – өзіндік рухани-адамгершілік құндылықтарын білім алушының бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір білімгерді жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарын дамыту. Осыған орай, білім беру ұйымдарында өзін-өзі тану пәнін оқытудың маңызды мәселелерінің бірі ретінде пәнді интерграциялаудың тәрбиелік мәнін ашып көрсетудің жолдарын қарастыру болып табылады. [1, 2]

Барлық пәндерді мәңгілік бүкіл адамзаттық құндылықтар негізінде алуан түрлі құбылыстарды бірлікте қарастыра отырып, тұтастай білім беруде жалпы адамзаттық құндылықтардың негізгі түп қазық болуы, яғни берілетін білім біртұтас, жүйелі болуы көзделеді.

Колледжде психология пәнін оқыту үдерісін интеграциялау тек жағымды және ізгі әдістерді қолдану көзделеді. Өзін-өзі тану сабақтарындағы жағымды ойлау, жағымды күйге келу әдісін қолдану арқылы: тәртіп, өзін-өзі қадағалау, денсаулық, зейін қою, ақылдың байсалдылығы, ес, интуиция, басқаларға деген сүйспеншілік, ішкі тыныштық орнатуға баса назар аудару қажет. Бүгінгі қоғамда білім беруде сыртқы білім: интеллектуалды, сыртқы дүниені зерттейді, кітаби білімге негізделген, қалауларды оятады, дүниеде күн көру үшін қажет деп есептейді, интеллектіні дамытады, ақыл мен тәнге қарасты мәселелерді шешіп, мұндағы білім берудің мақсаты ақпарат берумен шектеледі. [3, 51]

Ал рухани білім берудің яғни, ішкі білімнің маңыздылығы: ішкі рухани-адамгершілік қасиеттерді ашады, адамның, студенттің ішкі дүниесін зерттейді, өмірлік тәжірибеге негізделеді, әрбір адамның жүрегінде жасырынған жалпыадамзаттық құндылықтарды

айқындайды, білім беруді өмірлік мақсаттармен байланысты қарастырады, интуицияны дамытады және ақылмен ойлап, жүрекке жүгінетіндіктен тәрбиелік ықпалы күшті және өмірлік дағды қалыптастыруда маңызды болмақ. Осыған орай, өзін-өзі тану пәнінің мазмұны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде интеграциялануы білім беру мен тәрбиені біртұтас, әр тарауы, әр тақырыбы бойынша болашақ ұрпақтың бойында рухани адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпыадамзаттық құндылықтарды, ұлттық құндылықтармен ұштастыра отырып, адамгершілік қағидалары мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын болашақ педагогтің тұлғасын қалыптастыруға бағытталған мазмұн ұсынылғандығымен құнды. [6, 10]

Интеграция (лат. *integratio* – қалпына келтіру, толықтыру, *integer* – тұтас, бүтін) – экон. субъектілерді біріктіру, олардың арасындағы байланыстарды дамытып, өзара ынтымақты іс-қимылды тереңдету Илья Романович. Гальперин

Наталья Фёдоровна Виноградова «оқу іс-әрекетін жетілдіру үдерісін аяқтау, әр түрлі мұғалімдер стилі мен пәндік оқытуға біртіндеп бейімдеу, интеграцияланған курстар есебінен білім беруді жалғастыру қажет деп» түсінік береді.

Өзін-өзі тану пәні мен басқа пәндермен интеграциясы – ықпалдастық, кіріктіру, біріктіру, шоғырландыру, деген мағынаны білдіреді. [5, 8]

Кіріктірілу – бұл бір оқу материалының әр түрлі саладағы жалпы білімдермен тоғысуы, бір-бірімен етене араласып кетуі. Кіріктірілген сабақтар студенттерге әлем туралы, заттар мен құбылыстардың өзара байланыстары туралы біртұтас мағлұмат береді, олар құрылысы бойынша белгілі қалыпқа сыймайды, сондай-ақ, оқу сағаттарын барынша үнемді пайдалануға мүмкіндік береді. Осы тектес сабақтарда студенттердің бейнелі ой-өрісі дамып, шығармашылық мүмкіндіктері ашылады. Кіріктірілген сабақтардың құрылымы нақтылығымен, сыйымдылығымен, орамдылығымен, сабақтың әр сатысындағы оқу материалының логикалық өзара келісімімен, материалдың зор ақпараттық мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Сондықтан өзін-өзі тану пәні мен өзге оқу пәндерінің инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы өзара сабақтасып, ықпалдасуын қажет етеді. Оқу пәндерінің өзара ықпалдасуы пәнаралық байланысты дамытуды ғана емес, ол сонымен қатар әр пәннің өзіндік мақсаты мен міндетінің айқындала, толығы түсуін де қамтамасыз етеді. Сол себепті үздіксіз білім беру жүйесін тұтас қамтитын және болашақ 12 жылдық білім беру жүйесіне негізгі пәндердің бірі ретінде ендірілгелі отырған «Өзін-өзі тану» мен басқа да пәндерді ықпалдастыру кіріктіруді тиімді деп санауға болады. Қазіргі кезде көп айтылып жүрген интеграция, яғни салалас пәндердің өзара ықпалдасуы, кіріктірілуі олардың мазмұндық, құрылымдық, ғылыми-теориялық, лингво-семантикалық және жалпыпедагогикалық аспектілерінің кірігуімен ерекшеленеді.

Кіріктірілген пәндердің өзара байланысын төмендегідей белгілеріне қарай сипаттауға болады:

- ықпалдасу негізділігінің пәндік мазмұнға, оқыту нысаны мен әдістеріне сәйкестігі;
- білім мазмұнын сұрыптауда білім, білік дағдыларының құндылықты бағдарлы мәнділігін сақтау ұстанымының ескерілуі; студенттердың компетенттілігін, тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологиялық әдіс-тәсілдердің жиынтығы болуы қажет. Қай пән болмасын кіріктірілген сипатта қызмет ете алатындықтан «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын өзге пәндермен ықпалдастыруда пәнаралық, пәнішілік байланыстар мен студенттің іс-әрекеттік қызметін арттыруға баса назар аударылады. [6, 12] Бейсенбаева Аида Аршабекқызы оқу-тәрбие үдерісінде пәнаралық байланыстың, жаһандық білім беру кеңістігіндегі ғылым мен практика интеграциясының негізі мәселелерін қарастырады. Ғалымның пікірінше: «Білімді ізгілендіру – ұлттық және әлемдік мәдениетке, рухани құндылықтарға мән беру, тұлғаның рухани мәдениетін қалыптастыруда кез келген халықтың төл мәдениетін, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениет құндылықтарын түсінудегі оқу пәндері рөлінің өсуін қамтамасыз ету т.б. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру мен мектептегі басқа пәндерді интеграциялаудың

дүниетанымдық негіздері әлемді және адамды тұтас түсінумен анықталады. Олар тек биологиялық және әлеуметтік табиғатқа ие емес, сонымен бірге жоғары рухани негізде түсіндіріледі. Ол қоршаған ортада өмір, қозғалыс, даму, тәртіп, үйлесім ретінде көрініс береді; ал адамның санасында мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар ретінде көрінеді.

Интеграциялау үдерісі өзара байланыстылық және өзара толықтыру негізінде жүйенің бұрын ажырап кеткен бөлшектері мен элементтерін біртұтас жүйеге біріктіру болып табылады. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білімнің басқа пәндермен интеграциясы – ол, ең алдымен мектептегі білімді жандандыру, оның рухани-адамгершілік болмысын жарыққа шығару, ол – біртұтас білім, барлық пәндерді мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жинақтау және саналуандылықтың біртұтастығын көре білу. Мәңгілік құндылықтар білім берудің ошағына айналуы керек, басқаша айтқанда, біз оқытатынымыздың барлығының біртұтас екендігін көрсетуіміз керек. Өзін-өзі тану – біртұтастықты, адами және руханилықты қамтамасыз ететін метапән болып табылады. [5, 10]

Интеграциялаудың 2 түрі: сыртқы интеграция – өзін-өзі тану пәнінің әдістемелік тәсілдерін қолдану болса, ал ішкі интеграция – ұлы ғалымдардың өмірінен және ғылымның даму тарихынан шабыттандыратын мысалдар келтіру, қазіргі ғылымның жаңалықтарымен таныстыру, әр оқу пәнінің мазмұнынан жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау арқылы оқу пәндерінің құндылықтық әлеуетін күшейту. Яғни сабақтан студент терең оймен шығып, өзіне қажетті білімді алумен қатар санасының бір деңгейлері оянып, мейірімділік, қанағат, қарапайымдылық, жанашырлық сияқты адами қасиеттердің өзінде бар екендігіне көзі жетіп, оны әрі қарай дамытуға талпынуы қажет. Интеграциялаудың қарапайым мысалдары: А.И. Гончаренко «Жүрек кеңістігі жоғарғы сананың негізі ретінде» еңбегінен: «...Бізде екі тәндік байланыс бар: жүйке және жүрек, екі сана: біріншісі – жүректің санасы, екіншісі – мидың санасы. [4, 7] «Өзін-өзі тану» білімін басқа пәндермен кіріктіру – бұл білімді жандандыру, рухани-адамгершілікті бойға дарыту, жалпы адамгершілік қасиеттер негізінде барлық пәндердің жиынтығы. Басқа сөзбен айтқанда, біз нені үйретеміз, соның бәрі білімнің түп қазығы бола отырып, өмірлік құндылыққа айналуы тиіс. Мұғалім өз пәні арқылы студенттерді қалай рухтандырады? Мұғалім немен шабыттанады? Бұл сұраққа жауап беруде мен рухани-адамгершілік құндылықтарды пәнмен кіріктіру мысалдарымен бөліскім келеді, яғни психология сабағында қалай жүзеге асырамын?

Ықпалдастыру жолдары:

1. Ғылымдардың даму тарихы мен ұлы ғалымдардың өмірінен шабыттандыратын мысалдар келтіру;

2. Қазіргі ғылыми жаңалықтармен таныстыру;

3. Әрбір оқу пәндерінің мазмұнынан жалпы адамзаттық құндылықтарды анықтау.


Өзін өзі тану рухани адамгершілік білім беруді ықпалдастыру ең алдымен беріліп отыран білімді жандандыру, яғни оның рухани адамгершілік мәнін айқындап беру.

Бұл психология пәнінде мәңгілік бүкіл адамзаттық құндылықтар негізінде және алуан түрлі құбылыстарды бірлікте қарастыра отырып, тұтастай білім беру болып табылады.

Білім беруде жалпы адамзаттық құндылықтар негізгі түп қазық болуы керек яғни балаларға берілетін білім біртұтас, жүйелі болуы тиіс.

Өзін-өзі тануды оқыту үрдісінде, күнделікті тәжірибеде қолданылып жүрген тиімді әдістемелік тәсілдерге тоқтала кетсем: «Босаңсу» – сабақтың бас кезінде қолданылатын әдістемелік тәсіл. Мұғалім балалармен бірге, барлығы бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасайтын шеңбер жасайды, әр түрлі ән айтып, өлең оқиды. «Босаңсудың» педагогикалық мәні – әрбір бала өзіне таныс үлкен достық шеңберіне қабылданғанын сезінеді, өзіне сенімі артып және өзгелердің де сеніміне ие болады. [6, 13] «Өзіммен-өзім» – бұл тәсіл баланың өзін және өзінің жүрегін тыңдай білуіне септігін тигізеді. Ол баланың сезімі мен эмоциясын, жалпы рефлексияға қабілеттерінің дамуын ынталандырады. Осы тәсіл балаларға жайлы әсер етеді, олардың қиялын дамытады, топтағы мінез-құлыққа жағымды ықпал етеді және әдетте, материалды жаңадан түсіну барысында пайдаланылады. Осы мақсаттарды жүзеге асыру барысында мұғалімнің сөзімен қатар, сондай-ақ аудиоқатарлар (классикалық музыка, табиғат

дыбыстары және т.б.) қолданылады. «Жағдаяттар кезінде ойлану» – балалардың нақты өмірлік жағдаяттарды бағалай білу қабілеттерін дамытуға, өзінің ойы мен ісіне, әрекеттеріне жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал ететін әдістемелік тәсіл. Жағдаяттарды талқылай балалардың ойлауға бейімділіктерін, өзін және өзгелерді бағалауға икемділіктерін, қоршаған әлеммен жағымды өзара әрекеттестікті құра білу іскерліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.



Сурет 1. Өзін өзі тану сабағының құрылымы

«Бейнематериалдар көру (фильмнен, мультфильмнен, үзінділер және т.б.)» – оқу ақпараттарын жеткілікті көрнекілік нысанда ұсынуға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсіл. Айқын көркем бейнелер балалардың өтілген материалдардың мазмұнын қабылдауы мен меңгеруін күшейтеді. «Сергіту сәті» – шаршағанды ұмыттыруға, жалығуды болдырмауға, денеге түскен күшті төмендетуге қажетті өзін-өзі тану сабақтарының компоненті. Сергіту жаттығулары бір әрекеттен басқа әрекетке ауысуға бағытталған қысқа ойындар түрінде жүргізіледі. Осы тәсілді қолдану топта жақсы көңіл-күй тудырады, ұқыптылықты, реакция жылдамдығын дамытады, ұжымға топтасуға ықпал етеді. «Жүректен-жүрекке» шеңбері – әдетте, оқу сабағын аяқтайтын, бір-бірімен пікір алмасу, бір-біріне тілек айтуды қарастыратын және педагогтың әрбір баланың эмоционалдық жай-күйін, олардың сабақ тақырыбын түсіну дәрежесін анықтауына мүмкіндік туғызатын әдістемелік тәсіл. [3, 51] Ойымды қорытындылай келе, білім беру ұйымдарында барлық пәндерді оқытуды олардың мазмұнын рухани тәрбиемен сабақтастыра, интеграциялап оқытудың маңызы зор екендігіне көз жеткіздік. Бұл пәнді оқу арқылы адам өзінің мінез-құлқы мен қоршаған ортаға қарым-қатынасын жақсы жаққа қарай өзгерте алады. Сол арқылы өзгені де өз арнасына тарта алады. Әлемде болып жатқан барлық жақсылыққа жаршы бола алады. Ал ол жақсылықты жасаған адам қалған мың адамға үлгі болады. Өзін-өзі тану жаратылыстану және гуманитарлық бағыттағы барлық пәндермен тығыз байланысты интеграциялап өткізудің тәрбиелік, тағылымдық маңызы зор. Білім беру ұйымдарында өзін-өзі тану пәнін интеграциялау арқылы ақиқатқа жетуде риясыз сүйіспеншілікпен қызмет етуге, дұрыс іс-әрекет жасауға баса назар аударатын болса жас ұрпаққа тағылымды тәрбие, үлгілі өнеге беруге болатыны, өзін-өзі тәрбиелей отырып жүрегінде ішкі тыныштық орнату арқылы ешкімге, ешқашанда қиянат жасамауға үйрету басты ұстаным болып қалады. [6, 4]

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының бірінші Президенті – Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы: «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол». – Астана.
2. Дәдебаев Ж.М. Әуезов. – Алматы,
3. Тарихи тұлғалар / Құрастырушы: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: Алматы кітап, 2009.
4. Мукажанова Р.А, Омарова Г.А. Мектепте «өзін-өзі тану» пәнін оқыту әдістемесі: мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: ННПООЦ «Бөбек», 2013.
5. «Өзін-өзі тану: махаббат пен шығармашылық педагогикасы». Халықаралық педагогикалық оқулар материалдары. Алматы, 2012.
6. Мукажанова Р.А, Омарова Г.А. «Өзін-өзі тану» және басқа оқу пәндері. Мазмұны мен әдістерін біріктіру мүмкіндіктері: мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құрал – Алматы: ННПООЦ «Бөбек», 2013.

УДК 37.034

Абдраимова А.Б.¹, Ахметова А.С.²

¹п.ғ.к., «Өзін-өзі тану» РАББ тренері, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы «Ақмола облысы бойынша ПҚ БАИ» Ақмола облысы, Көкшетау қ., Қазақстан.

²«Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімі, Зеленобор мектеп-гимназиясы, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Қазақстан

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПӘНІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Түйін. Мақалада адам өміріндегі ең басты жалпыадамзаттық құндылықтарды (ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау) оқушылардың бойына сіңірудің маңызды үлгісі болатын мұғалім бойындағы рухани адамгершілік қасиеттерді дамыта білуі туралы жазылған.

Түйін сөздер: адами құндылықтар, рухани білім, өзін-өзі тану, кіріктірілген сабақтар, интеграцияланған, білімді ізгілендіру, болашақ маман

Abstract. The article describes how a teacher can develop spiritual and moral qualities, which are an important example of the assimilation of the most important universal values in human life (truth, love, right action, inner peace, non-violence).

Keywords: human values, spiritual knowledge, self-knowledge, integrated lessons, integrated, humanization of knowledge, future professional

«Адам-ол әлем тәрізді, сол әлемді тани білігің келсе әуелі өзінен баста»

Абай Құнанбаев

Адамгершілікті дамыту, тәрбиелеу, адамды жетілдіру мәселелері әр уақытта қоғамды толғандырып отырды. Бүгінде бүкіл әлем жалпы адамзаттық құндылықтарды дамытудың жаңа білім беру бағдарламаларын іздеу үстінде. Бала тәрбиесіне әсер ете алатын мұғалімнен басқа кім, бұл проблеманы олардың қызметінде басты рөлге айналдыруы керек. Міне, сондықтан да мұғалімнің мақсаты баланы адамгершілік пен этика қағидаларымен таныстыру, адамгершілік идеялар мен құндылықтар тұжырымдамаларын қалыптастыру болып табылады.

«Өзін-өзі тану» – бұл баға жетпес рухани қазынаға ие, оны танып білу әр адамды рухани-адамгершілікке, бақытты және қуанышты, мейірімді және дана ететін ерекше пән. Бағдарлама балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, адамгершілік және рухани қасиеттерін дамытуға негізделген. Балалар – бұл біздің болашағымыз. Біз барлығымыз және әрқайсымыз ұлдарымыз бен қыздарымыздың қандай таңдау жасайтынына – олар жақсылық жолына түсе ме, адамдарға пайда әкеледі ме, әлсіздерге көмектеседі ме, сыртқы әлеммен үйлесімді өмір құрып және жасап сүреді ме, немесе олар жойылу жолына түсуін

қадағалауымыз керек. Дұрыс таңдау жасау үшін оларға өзін-өзі тану сабақтары көмектеседі. Өйткені, ол сабақтарда біз оларға тәрбиенің маңызды факторы болып табылатын жалпыадамзаттық құндылықтар туралы айтамыз. Алдымен сұраққа жауап берейік, құндылық деген не? Барлық балалар бұл сөздің мағынасын түсінеді ме? Құнды жеке тұлға үшін жағымды мәні бар объектілер, құбылыстар, қасиеттер, шарттар деп айту әдетке айналған. Т. И. Петракованың құндылықтарының жіктелуі бар: табиғи, жүре пайда болған және абсолюттік.

Табиғи құндылықтар – бұл құндылықтар, жанның табиғи күштері мен қабілеттері, яғни ақыл, сезім және ерік.

Жүре пайда болған құндылықтар – бұл интеллектуалды және адамгершілік дамудың адам бойына сіңірген құндылықтары, мысалы: сыпайылық, құрмет, жауапкершілік, жомарттық және т.б. Жүре пайда болған құндылықтар өмір бойы өзгереді.

Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар – бұл уақыт өте келе өзгермейтін және шектеулі адамдар үшін маңызды емес, бірақ бүкіл адамзат үшін маңызды нәрсе. Бұл абсолюттік құндылықтар жалпыадамзаттық құндылықтар деп те аталады.[1]

Жалпыадамзаттық құндылықтарды адамның құрылымымен байланыстыра отырып, келесі деңгейлерге бөлінеді:

Физикалық деңгей

Эмоционалды деңгей

Ақыл-ой деңгейі

Ажырату деңгейі

Рухани деңгей

Шындық – өзгеріссіз қалады, негізгі өмірлік ұстаным: бүкіл жаратылысқа енетін рухани принцип, бүкіл ғаламға тән. Ол уақыттың өзгеруіне ұшырамайды – өткен, қазіргі және болашақ.

Әділ мінез-құлық дегеніміз – ар-ожданның ішкі дауысына сәйкес әрекет ететін, міндет пен міндеттілікке сәйкес келетін мінез-құлық.

Махаббат – бұл риясыз және сөзсіз сүйіспеншілік; бұл өмірді жасайтын және қолдайтын қуат.

Ішкі тыныштық-бұл ақылдың керемет тыныштығы, адамның терең табиғаты.

Зорлық-зомбылық ешкімге зиян тигізбейді, оймен де, сөзбен де, іспен де.

Шындық, менің ойымша, өзін-өзі танудағы ең қиын ұғымдардың бірі. Шындық біз үшін әдеттегі процестер мен заттар да жатыр. "Шындық" ұғымы адамның өз тағдырын білуі, өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысы тұрғысынан қарастырылады. Қоршаған әлемді біле отырып, адам үнемі шындықты іздейді. Бірақ шындықты білу үшін не қажет? Менің ойымша, бұл ең алдымен адамның рухани сұлулығына арналған, өйткені шындықты біле отырып, біз өзімізде келесі қасиеттерді дамытамыз: тек жақсы және қажет нәрсені айту; адамда тек жақсылықты көру, қарапайымдылық, оптимизм, өзіне адал болу, өзіне сену, жауапкершілік, адалдық және т.б.

Махаббат – бұл көптеген нәрселерге қолданылатын жан-жақты ұғым. Туғаннан бастап адам біреуді жақсы көреді.

Риясыз махаббат – бұл жақындарға деген қамқорлық пен сүйіспеншіліктен, қоршаған әлемге, жануарларға және өзіне деген сүйіспеншіліктен тұратын мозаика. Мұндай сезімдер жойылуға емес, қоршаған шындықты жасауға әкеледі. Қабылдау арқылы сіз өзіңіздің армандаған өміріңізді жасай аласыз және өмір сүре аласыз. Өз жаныңның әр талшығымен осы әлемді сүюді үйренуге ұмтылмай, шың бақытты болу мүмкін емес. Өміріңіздің әр күнін қолданыңыз және осы әлемді сүюді үйреніңіз, сонда ол сізге жауап береді.

Өзімшілдік махаббат-егер адам басқа адамды, Құдайды, әулиені немесе басқа біреуді жақсы көретін болса, өзара жауапты махаббатты күтеді. Махаббаттың бұл ең көп таралған түрі, шын мәнінде, біреуге немесе басқа нәрсеге емес, өзіне деген сүйіспеншілікті білдіреді. Өзімшіл махаббат уақыт өте келе тез жоғалады. Өзара сүйіспеншілік – адамгершіліктің өлшемі, адам бақытының шарты, рухани сұлулықтың көрсеткіші.

Әділ мінез-құлық дегеніміз – іс-әрекетте көрсетілген шындықты білу. Әділ мінез-құлықтың негізі өзіне де, басқа адамдарға да, табиғатқа да зиян келтірмеу принципі болып табылады. Ол үшін табиғат, мораль және мемлекет заңдарын білу және құрметтеу, сондай-ақ ата-аналарға, қоғамға және т.б. қатысты өз міндеттерін орындау қажет. Сіздің іс-әрекеттеріңізді талдап, оларды жасаған кезде ар-ұждан үніне жүгіну қажет. Сыртқы әлемде тыныштық табудан маңызды ештеңе жоқ. Тыныштық өзі – күш. Ішкі тыныштық кезінде адам сыртқы әлемге қуаныш пен қызығушылықпен кіре алады. Кішкене тыныштық болса да, сіз сыртқы әлемді басқара аласыз. Қайда жүрсеңіз де, сіз өзіңіздің тыныштығыңызды өзіңіз жасайсыз. Егер сіз адамдарға ішкі тыныштық бере алмасаңыз, өйткені сізде ондай тыныштық жоқ болса, сіз тек алаңдаушылық пен агрессивтілікті білдіресіз. Күш қолданбау зиян тигізбеуді ғана емес, басқалардың азаптарын жеңілдету үшін шаралар қабылдауды білдіреді.

Өзіне күш қолданбау.

Өзіне күш қолданбау – бұл сезімге қарсы зорлық емес:

Өтірік айту, дөрекілік – тілге қатысты зорлық-зомбылық;

Жаман сөйлеуді тыңдау – құлаққа қиянат жасау;

Әр нәрседен жаман көру – көзге зорлық;

Жағымсыз иістерді жұту – мұрынға қарсы зорлық-зомбылық;

Жаман істер жасау – денеге зорлық көрсету.

Сондай-ақ, нәзік зорлық-зомбылық бар. Мысалы, біз баланың өз жолымен жүруіне жол бермейтін кезде. Әр адам жеке тұлға болып туады. Әр бала – тұқым. Ал тұқым қазірдің өзінде қандай ағаш болатыны туралы ақпарат алып жүр. Біз не істесек те, егер алма тұқымы болса, одан шие өсіре алмаймыз. Сіз көп энергия жұмсай аласыз, бірақ одан ештеңе шықпайды. Оның табиғаттын өзгертудің шамадан тыс әрекеттері арқылы сіз тұқымды жай ғана жойып жібере аласыз. Содан кейін жеміс бермейтін, өмірден ләззат алмайтын түсініксіз және анық емес нәрсе өседі.

Ата-аналар қандай да бір себептермен баланың тағдырын өзгерту олардың қолында екеніне сенімді. Баланы күн сайын 4 сағат скрипкада ойнау арқылы музыкант болуға мәжбүрлей алады. Суретшіден- оқуына ақша төлеу арқылы заңгер шығаруға.

Сондай-ақ, көптеген аналар үшін бұл қыздың тағдырын ең қорқынышты болжау деп айтуға болады. Егер қыз тек әйел мен ана болу үшін туылса. Бұның несі қайғылы? Егер біз балаларды жеке тұлға ретінде өз сабақтарымыз бен әлеуетімізбен қабылдайтын болсақ, бұл мүмкін емес. Бірақ біз көбінесе балаларымыздың қызығын көргіміз келеді. Біз олармен мақтанғымыз келеді. Мереке күндері олар ең әдемі болып, ең ұзын өлеңдерді оқығандарын қалаймыз. Біздің балаларымыз өсіп, ең беделді мамандық иелері болғанын. Біздің мерейтойымызда (60 жас) – барлық әдемі киінген балаларды, немерелерді қатарға тұрғызып, олармен мақтанғымыз келеді. Біз бұл баланы біз жасадық деп ойлағанды ұнатамыз. Бірақ бұл мүлдем олай емес. Бала ананың құрсағында өскенде, оған Құдай көмектеседі. Егер біз, әйелдер, жасушалардың қай уақытта бөлінетінін, жүректің соғуын және шаштың өсуін бақылайтын болсақ, адамзат жойылып кетер еді. Балалар біздің меншігіміз емес және олар бізге ләззат алу үшін келмейді. Біздің мақсат – бағбан болу. Уақытында суару, тыңайту, арамшөптен арылту. Кейде, егер өскін қисық кеткен болса, оны кесіп тастау. Бірақ балада талантты көргенде, біз оны дамытуға көмектеспейміз. Егер көркемдік таланты бар балаға бояулар мен қылқаламдарды сатып алмаса, оны үйірмелерге апармаса және жетістіктері үшін мақтамаса – ол ешқашан суретші бола алмайды. Көбінесе біз қазіргі балалар оқығысы келмейді деп шағымданамыз. Бірақ біз сонымен бірге барлық балалар қызығушылық танытатынын, жаңа нәрселерді үйренуге, айналасындағы әлемді зерттеуге ұмтылатындығын білеміз. Неліктен оқығысы келетін балалар мектепте оқығысы келмейді? Бұл сұраққа ұлы гуманист Шалва Александрович Амонашвили қарапайым жауап берді: «Балалар білімге құштар, бірақ олар тірі білімге құштар». «Білім беру арқылы біз қоғамда адамгершілік-рухани құндылықтарды жандандырғымыз келеді, сондықтан әр адам өзінің туа біткен қабілеттерін толық жүзеге асыра алады және сол арқылы біздің мемлекетке ғана емес, сонымен бірге жер бетіндегі барлық адамдарға да пайда әкеледі». [2]

Өзін-өзі тану сабақтарында оқушылар өздерінің ішкі әлеміне талдау жасайды және өз іс-әрекеттеріне баға береді, өздерінің «мен» шегінен шығу жолдарын іздейді, өз ойларын, сөздері мен іс-әрекеттерін түсінеді, зерттейді, талдайды. Сонымен қатар, олар өздерінің он қасиеттерін жақсартады және жағымсыздарды жеңеді. Сондай-ақ оқушылар өз тұлғаларына шығармашылықпен қарайды: бұл сабақтар өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру мақсатында өзі туралы сенімді білім алуға бағытталған. Сайып келгенде, оқушылар жақсылық, сұлулық, бостандық, өмірдің мәні, шындық, адамның өзін-өзі бағалауы, лайықты өмір салты, жалпы адамгершілік сияқты жоғары адами құндылықтардың толық анықтамаларын алады. Мұның бәрі өзін-өзі тану сабақтарында жалпыадамзаттық құндылықтарды тәрбиелеуге қол жеткізуге көмектеседі. Өзін-өзі танудың негізгі идеясы: «Әлемге ашық болыңыз, сонда әлем Сіз үшін ашылады». Өзін-өзі тану – өзгерудің кілті. «Өзін-өзі тану» пәнінің негізін құрайтын руханилық үш негізгі өлшемнің-зияткерлік, этикалық және эстетикалық бірлікте көрінеді.

«Өзін-өзі тану» сабақтарының ерекшелігі-сабақтарда мұғалім мен оқушы арасында ашық диалог жүргізіледі, әлеуметтік-рөлдік ойындар мен тренингтерде адами қарым-қатынастар әлемі зерттеледі, өмірлік бақылаулармен алмасу жүреді, Отанға, қоғамға қызмет ету дағдылары дамиды.

Біз, ата-аналар мен мұғалімдер, білікті бағбандар, қамқор және дана, бағыттаушы болуымыз керек, сонымен қатар балаларымыздың ішкі әлеуетін көрсетуге және ашуға жеткілікті орын беруіміз керек. Ежелгі қытай мақалы бар: «Егер сіз бір жылға алға қарасаңыз – тұқым отырғызыңыз. Егер сіз 10 жылға алға қарасаңыз – ағаш отырғызыңыз. Егер өмір бойы алға қарасаңыз – жастарды дамытыңыз». [3]

Қорытындылай келе, И.Канттың әйгілі сөзін келтіргім келеді: «Екі нәрсе әрқашан жанды жаңа және одан сайын күшейетін тосынсый мен қорқынышқа толтырады, біз олар туралы неғұрлым жиі және ұзақ ойланатын болсақ – бұл менің үстімдегі жұлдызды аспан және мендегі моральдық заң».

Әдебиеттер тізімі:

1. Жалпыадамзаттық құндылықтар (5-11 сынып). Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. /ӘкімбаеваЖ.Ж., Хожамуратова С.Г./– Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2014.
2. Роль учителя в программе нравственно-духовного образования «Самопознание», Алматы, 2013.
3. Халықаралық педагогикалық оқулар материалдары. «Өзін-өзі тану: Махаббат пен шығармашылық педагогикасы». - Алматы, 2012.

УДК 37.035.6

Абжанова А.К.

мектепке дейінгі тәрбие кафедрасының оқытушысы, Қостанай педагогикалық колледжі,
Қостанай облысы,
Қостанай қаласы, Қазақстан

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. Бұл мақалада өскелең ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру мәселелері қарастырылады. Тәуелсіз еліміз үшін болашақ ұрпағымыздың рухани бай, өз елінің салт-дәстүрлерімен кеңнен сусындаған тұлға болып тәрбиеленуінде, рухани-адамгершілік мәселелерінің маңыздылығы жөнінде айтылған.

Түйін сөздер: рухани құндылықтар, жеке тұлға, мәдениет, салт-дәстүр.

Аннотация. В данной статье освещаются вопросы духовно-нравственного воспитания подрастающего поколения. Для независимой страны важно, чтобы наше будущее поколение воспитывалось духовно богатое, обогащенное традициями и обычаями своей страны, заботилось о важности духовно- нравственных вопросов.

Ключевые слова: духовные ценности, личность, культура, традиции.

Abstract. This article highlights the issues of spiritual and moral education of the younger generation. For an independent country, it is important that our future generation is brought up spiritually rich. For an independent country, it is important that our future generation is brought up spiritually rich, enriched by the traditions and customs of their country, and cares about the importance of spiritual and moral issues.

Keywords: spiritual values, personality, culture, traditions.

Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі.

Бібырай Алтынсарин

Тәуелсіз Қазақстан үшін жалпы адамзаттық мәселе, рухани бай тұлғаны қалыптастыру мәселесі өзекті сипатқа ие болып отыр. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік-рухани қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеу үшін, жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік ұстанымдарды, әділдік пен өзара көмекті ғұмыр бойы мұрат тұтуға бет бұруы қажет. Қазіргі қарыштап дамыған елде, ең алдымен, ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріліп отырғаны белгілі. Себебі ұлттың бүгіні де, болашағы да өскелең ұрпаққа байланысты. Осы тұста барлық білім ошақтарының алдына қоятын басты мәселелерінің бірі – **өркениетті, азаматтық-адамгершілік** қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық құндылығын жоғалтпаған, бәсекеге түсе алатын биік, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Тәрбие – қоғамдық үздіксіз үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның қарым-қатынасындағы басты жүйе. Оның негізі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жеке қасиеттерін қалыптастыру. **Рухани-адамгершілік тәрбие** қоғам өмірінің нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген тұлғаның өзіндік санасын дамыту, этикалық ұстанымдары мен оның моральдық қасиеттерін және мақсатын қалыптастыру үшін жағдай туғызуды көздейді. «Адамгершілік» – адам бойындағы «ізгілік», «сыйластық», «инабаттылық», «кісілік» сөздерімен мәндес. Халықтық педагогикада адамның жағымды мінез-құлықтарын осы ұғымдардан таратады. Мінез-құлық пен қарым-қатынастағы келесі әрекеттерді атап өтуге болады: адамды сыйлау, ар-ұятын сақтау, мейірімділік таныту, кішіпейілділік көрсету т.б. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани-адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан – тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктіктерін зер салып талдау керек. Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады.

Әр баланың жеке басы – оның моральдық дамуы үшін қамқорлық жасау – бүгінгі күннің және алдағы күндердің талабы, оған педагогтың күнделікті көңіл бөлуі талап етіледі.

Тәрбиенің негізгі міндеті – қоғамның қажетті талаптарын әрбір баланың бойында борыш, намыс, ар-ождан, қадір-қасиет сынды биік адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру.

Қазіргі таңда елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени жаңалықтарға байланысты оқу үрдісін ұлттық сипатта ұйымдастыру – **заман талабы**. Әр халықтың өзіне тән дәстүрі, оның білім беру мәдениеті осы оқу-тәрбие үрдісіне тікелей байланысты. Қазақ халқы – өзінің бай тарихи мұрасын, өнері мен тілін, салт-дәстүрін, әдеп-ғұрпын, рухани-адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Сондықтан оқу – **тәрбие үрдісінде қолданылатын әдіс-тәсілдер**, деректер ұлттық психология ерекшеліктерін ескеру қажет.

Халқымыздың ғасырлар бойы ұлан-байтақ жерін сыртқы жаулардан қорғауда ерлігімен көріне білген батырлары мен қолбасшыларын, халқының сөзін сөйлеп, ел қамын ойлаған шешен – даналарын мақтан еткен. Отанымызды қорғау, шежіреге толы тарихын білу, тілі мен дәстүрін сақтау, зерттеу – азаматтық борышымыз. Сондықтан бар халық

мақсаты өзінің өскелең ұрпағына тәрбие беруде күнделікті тұрмыс кәсібін ұлттық арнада ұйымдастырып, рухани- адамгершілік тағылымымен ұштастыра білген.

Рухани-адамгершілік тәрбие – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез-құлықтағы адами тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жалпы азаматтық тәрбиенің құрамдас бөлігі. Адамгершілік тәрбиенің бүкіл жүйесі гуманистік мазмұнға толы, рухани негізде жеке адамның жан-жақты дамып жетілуіне бағытталған.

Адамгершілік тәрбие мәселесі негізінен ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, тәрбие берудің әдістемелік жолдарына негізделеді.

- **Ұлттық дәстүрлер арқылы оқу-тәрбие** үрдісінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру.
- **Ұлттық дәстүрлер** арқылы адамның психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, дамыту.
- **Салт-дәстүрлер** негізінде, ұлттық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, рухани-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу.

Ізгілік отбасынан бастау алады, оған ата-ананың берген тәрбиесі, тұрмысы ықпал етеді. Халықтық мақал «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» адамгершілік тәрбиенің негізгі отбасында қалыптасатынын көрсетуде. Халық, жанұя құндылықтарын ауызша халық шығармашылығы арқылы тапсырады, мысалы, аңыз ертегілерді, ырымдарды, салттарды қолданады, дін арқылы, әртүрлі қоғамдық ұйымдар арқылы т.б. Халық ауыз әдебиеті адамгершілік-эстетикалық тәрбие беруде баланың ой-өрісін дамытады. Олардың тіл байлығы және шексіз шешендік мүмкіндіктерін арттырады.

Атақты педагог В.А. Сухомлинский; «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ляззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жасбаланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық деп атап көрсеткен. Руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-зі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Рухани-адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды. Сананың қалыптасуы – ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген. Мәселен: «Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң – қаларсың ұятқа...», «Жаман дос, жолдасын қалдырар жауға».

«Жақсы сөз – жарым ырыс», – деп адам қасиетін білдірсе,

Ұлық болсаң – кішік бол, – деп кішіпейілділікті,

Әдепті бала – арлы бала,

Әдепсіз бала – сорлы бала, – деп көрегендікті,

Шешеннің тілі ортақ,

Шебердің қолы ортақ, – деп адам бойындағы өнер жалпы халықтың қазынасы екендігін уағыздайды. Мақал бойындағы тапқырлық пен өткірлік, дәлдік қазақтың тәлім-тәрбиелік құралы ғана емес – дауға да тоқтам салған қаруы болған. Балалардың мінез-құлқы, бойындағы шынайы қасиеттері туралы берілген жаңылтпаштар, жұмбақтар да баланың зерделеуге қабілетін жетілдіреді.

Елімізде рухани-адамгершілік тәрбиені жетілдіру мемлекеттік міндет деңгейінде көтеріліп отыр. 2002 жылы еліміздің бірінші ханымы Сара Назарбаева өсіп келе жатқан ұрпақты адамгершілік-рухани тұрғыда дамыту бойынша «Өзін-өзі тану» атты кең ауқымды

білім беру бағдарламасын ұсынды. Автордың ойынша, даналықтың шыңы, ол – махаббат, ал бақыт құпиясы, ол – адамның өзін-өзі тануы, бақыт пен өмірлік табысқа жетуі үшін шексіз мүмкіндіктерін аша алуы. Әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын ортасы бар екенін ескере отырып, балалардың білімге, ғылымға деген ынтасын арттыру, олардың ақыл-ой қабілетін, диалектикалық дүниетанымын, өмірлік мақсат-мүддесін айқындауға, жеке басының қасиеттерін дамытып оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектесу оның өміріндегі үздіксіз оқу-тәрбие процесінің ғана жемісі болып табылады.

Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беруде уақыт талабына сай болу С.А. Назарбаеваның «Өзін-өзі тану» атты білім жобасының негізінде оқу жоспарына жаңа пәннің енгізілуінің қажеттілігін айқын аңғартып отыр.

ҚР Білім және ғылым министрлігімен «Өзін-өзі тану» пәнін 2010-2011 оқу жылынан бастап балабақшалар, жалпы білім беру мекемелері және жоғары оқу орындарының бағдарламаларына енгізуге шешім қабылданды. Бағдарламаның негізі – балалардың жеке дара ерекшеліктерін ескерумен қатар олардың адамгершілік және рухани сапаларын дамыту өзіндегі қасиеттің шығармашылық және танымдық белсенділігін ынталандыруға, балаларға мейірімділік, адалдық, шыншылдық, сұлулық, рахымдылық мінез-құлық дұрыстығы арқылы үйлесімді жан-жақты дамыған адам қалыптастыруға бағытталған.

Өзін-өзі тану – нағыз адам болудың сыры мен қырын үйрететін пән. Нағыз адам болу – Отан алдындағы борышыңды өтеу, адами қарым-қатынасың, қоршаған ортамен үйлесімділігі. Пәннің мақсаты – білім алушының өзін дұрыс түсінуіне, дарындылығы мен қабілеттерін дамытуға, өмірдің мәнін ұғынуға және өмірден өз орнын таба білуге көмектесу. Өзін-өзі тану адамның бойында өзін сыйлай білуін, ойын еркін жеткізуін, өмірдің қиын жағдайында дұрыс жол табуға, жеке шешім қабылдауға және өз тағдырына жауапкершілікпен қарауға үйретеді.

Жасөсірімдерді адамгершілікке тәрбиелеуде өмірде кездесетін түрлі жағымсыз жағдаяттардан сақтану мәселесі де ескерілуі қажет. Көбіне көптеген отбасыларда күнделікті тірлік қамымен балалардың рухани қажеттіліктері ескерілмей, екінші орынға жылжиды. Бала дұрыс, адамгершілік іс- әрекеттерді, салауатты өмір салтын, жақсы мен жаманды айыра білу, өзін-өзі жетілдіруге деген ынтасын қалыптастыруы керек, қажет кезде өз бетімен шешім қабылдап, дұрыс таңдау жасауы үшін кішкентайынан өз дегенін іске асыруға баулу керек. Ал бұл дағдылардың барлығы жанұяда қалыптасады. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ата- ананы оқу-тәрбие үрдісіне қатыстыру, олармен тығыз байланыс орнату мәселесі негізгі мәселе болуы тиіс. В.А. Сухомлинский: «Егер баланы тәрбиелеген дәрежеге жеткізудің сәті түссе, адамгершілік тәрбие жеке адамды жетілдіруге тиімді ықпал жасайды» дей отырып, «Егер біз балаға қуаныш пен бақыт бере алсақ, ол бала дәл сондай бола алады», – деген болатын. Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең адамдарды толық қалыптасқан, мінезі тұрақты адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның рухани-адамгершілік түсініктерінен туындайды.

Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа – қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да болашағы зор болмақ. «Мен үш қасиеттімді мақтан тұтам», – депті Ақан сері.

Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым һәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым.

Бұл үш қасиет әркімнің өз құдайы. «Өз құдайынан айырылған адам бос кеуде, өлгенмен тең» деген екен. Шындығында бұл ақиқат. Олай болса, жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу – адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты. Мақсатқа жету үшін сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай қасиеттерді бала бойына жас кезінен бастап қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайды.

«Еліміздің күші – патшада, сәбидің күші – жылауында» демекші, біздің күшіміз, қорғанышымыз, сеніміміз – адамгершілігімізде болуы керек. Ол үшін Ақанның осы үш қасиетін бала бойына дарыта білсек-ұлы жеңіс болары анық.

Түйіндей келе, адамгершілік тәрбиесі – бұл адамның туғаннан басталатын және өмір бойы жалғасатын, адамдардың мінез- құлық нормаларын игеруіне бағытталған үздіксіз үрдіс. Оның мазмұны балалардың жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу шеңберінде дамиды. Сондықтан оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру маңызды орын алмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. С.Ф.Тәжібаева Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы. Оқу құралы. Алматы, Білім, 2008.
2. Л. Омарова Адамгершілік тәрбиені қалыптастыру мәселелері // Бастауыш мектеп №2, 2004
3. Бала тәрбиесі №2 2006 ж , № 4, 2008 ж.
4. «Өзіндік таным» №2 2007 № 5-6 2006 ж.
5. Бастауыш мектепте оқыту № 4, 2007 ж.
6. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші Орынбор, 1924.
7. Сатыбаев С Халық әдебиетінің тарихы негіздері – Алматы: 1992.
8. Баймұратова Б. Отбасындағы баланы мектепке дайындау – Алматы: Шартарап, – 2000 ж.

УДК 373.31

Алиева А.У.

учитель начальных классов, КГУ «Кийминская средняя школа им. К.Ш. Ускенбаева»,
Акмолинская область,
с. Кийма, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИКТ В ПРОЦЕССЕ ФОРМИРОВАНИЯ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Түйін. ХХІ ғасыр – компьютерлік технологиялар ғасыры. Қазіргі бала электрондық мәдениет әлемінде өмір сүреді. Мұғалімнің рөлі де өзгеруде – ол ақпараттық ағымның үйлестірушісі болуы керек. Рухани-адамгершілік тәрбиесі баланың Отанға, қоғамға, ұжымға, адамдарға, еңбекке, оның міндеттері мен өзіне деген қарым-қатынасын қалыптастыруды, сәйкесінше қасиеттерді: патриотизм, толеранттылық, жолдастық, шындыққа деген белсенді қатынас, адамдарға деген терең құрмет сезімдерін дамытуды болжайды. Сондықтан мұғалім баламен бір тілде сөйлесу үшін заманауи әдістер мен жаңа білім беру технологияларын жетік білуі қажет.

Түйін сөздер: рухани-адамгершілік білім, ақпараттық технологиялар, мұғалім, кіші оқушылар, жақсылық, зұлымдық, адамгершілік, іс.

Аннотация. ХХІ век – век компьютерных технологий. Современный ребёнок живёт в мире электронной культуры. Меняется и роль учителя – он должен стать координатором информационного потока. Духовно-нравственное воспитание предполагает становление отношений ребенка к Родине, обществу, коллективу, людям, к труду, своим обязанностям и к самому себе и, соответственно, развитие качеств: патриотизма, толерантности, товарищества, активное отношение к действительности, глубокое уважение к людям. Следовательно, учителю необходимо владеть современными методиками и новыми образовательными технологиями, чтобы общаться на одном языке с ребёнком.

Ключевые слова: духовно-нравственное воспитание, информационные технологии, учитель, младшие школьники, добро, зло, мораль, поступок.

Abstract. XXI century is the century of computer technologies. The modern child lives in the world of electronic culture. The role of the teacher is also changing – he must become the coordinator of the information flow. Spiritual and moral education presupposes the formation of a child's relationship to the Motherland, society, collective, people, to work, his duties and to himself, and, accordingly, the development of qualities: patriotism, tolerance, comradeship, an active attitude towards reality, deep respect for people.

Therefore, the teacher needs to be proficient in modern methods and new educational technologies in order to communicate in the same language with the child.

Keywords: spiritual and moral education, information technology, teacher, junior schoolchildren, good, evil, morality, deed.

Гуманиста должен воспитывать гуманист. И прежде чем вырастить такого ученика, нужно взрастить такого учителя. Эта мысль хорошо прослеживается в педагогическом наследии выдающихся казахских просветителей Ы. Алтынсарина и А.Кунанбаева.

Они считали, что овладение духовной культурой улучшает нравы людей, зрело чувствующих смысл жизни, верных своему слову, честных. Они глубоко верили, что молодежь, «получив более или менее основательное знание и проникнутая известным направлением, могла бы повлиять на окружающий народ свежими и здоровыми мыслями».

По мнению Ы. Алтынсарина и А. Кунанбаева, именно благодаря обучению и воспитанию, вырабатываются у человека интеллектуальные, нравственные, волевые и другие качества.

*Лишь знанием жив человек,
Лишь знанием движется век.
Лишь знание – светоч сердец.*

Учитель... его миссия в судьбе ребёнка одна из ценнейших, тем более на начальном этапе. Дети этого возраста впитывают каждое слово учителя, стараются во всем брать с него пример. Духовно-нравственное воспитание является педагогической основой общего образования, необходимой для развития национального самосознания школьников и формирования их как свободных и ответственных граждан Казахстана. Опираясь на многовековые культурно-исторические традиции Казахстана и творческий потенциал каждого ребенка, оно позволит решить одну из самых актуальных задач современной общеобразовательной школы – научить различать добро и зло, оценивать, что такое хорошо и что такое плохо.

В своей работе важнейшее место я отвожу именно духовно-нравственному воспитанию обучающихся. По мнению психологов, возраст младших школьников характеризуется повышенной восприимчивостью внешних влияний, верой в истинность всего, непосредственностью в поведении. Эти особенности являются залогом эффективности воспитательной работы с младшими школьниками. Именно в этом возрасте возникают

большие возможности для систематического и последовательного духовно-нравственного воспитания детей. Бурное развитие новых информационных технологий и внедрение их в нашей стране наложили отпечаток на развитие личности современного ребёнка. Сегодня в традиционную схему «учитель – ученик – учебник» вводится новое звено – компьютер, а в школьное сознание – компьютерное обучение. Одной из основных частей информатизации образования является использование информационных технологий в образовательных дисциплинах. (Рис.1).



Рис. 1

Сделать учебный процесс более эффективным, познавательным, продуктивным и интересным помогают возможности ИКТ.

При использовании ИКТ в духовно-нравственном воспитании детей ставлю перед собой задачи:

- формирование первоначальных представлений о духовно-нравственных ценностях (честь, семья, любовь, добро, совесть, верность), ознакомление с ними на основе противопоставления позитивного и негативного поведения людей.

- воспитание положительного отношения к духовно-нравственным ценностям и желания поступать в соответствии с ними;
- формирование нравственных умений и привычек (справедливо оценить свои поступки и поступки людей, быть послушными, вежливыми, приветливыми со всеми, доброжелательными). Этому способствует просмотр на уроках фрагментов видеофильмов, мультфильмов с первоначально поставленным перед детьми вопросом.

По возможности ставлю для себя одной из целей и задач урока: введение детей в проблему; воспитание этических норм поведения, чувства добра и сострадания, любви и милосердия, мотивируя младших школьников на нравственные поступки и деяния. Довольно часто на уроках разных учебных предметов рассматриваются такие понятия, как «добро», «зло», «мораль», «поступок».

Использование ИКТ в учебном процессе позволяет повысить культуру ребёнка по отношению к окружающему миру и усилить образовательные эффекты. На уроке успешно раскрывается и используется воспитательный и развивающий потенциал, как предмета, так и у учащихся формируется гуманистическое мировоззрение: активная жизненная позиция, высокий уровень нравственной воспитанности, появляются такие качества, как ответственность, чувство долга (Рис. 2).



Рис. 2

На таких уроках ученики способны осознать человека как носителя огромных познавательных и творческих возможностей, как преобразователя собственной личности и окружающего мира, как хранителя природы и жизни на Земле. Так, у ребят воспитывается ответственность за развитие собственной личности, формируется установка на непрерывное самообразование. Благодаря презентациям, дети, которые обычно не отличаются высокой активностью на уроках, стали активно высказывать свое мнение, рассуждать. Экран притягивает внимание, которого мы порой не можем добиться при фронтальной работе с классом. Ребёнок становится ищущим, жаждущим знаний, неутомимым, творческим, настойчивым и трудолюбивым. Более подробно хочется остановиться на уроке литературного чтения в начальной школе.

Уроки литературного чтения будут неинтересны и скучны, если учитель не будет включать в их содержание - аудио средства. Чтобы научить детей слушать, можно предлагать

записи образцового чтения небольших по объёму литературных произведений. Это обучает выразительному чтению, умению прочувствовать настроение, определить характер героев. Активно проходит работа с фразеологизмами, скороговорками, загадками, пословицами. **Сказки** очень важны в жизни ребенка: сказки понятны детям, развивают воображение и интуицию.

В сказках дети могут прочитать о добре и зле, о правде и лжи, о любви и ненависти. Сказки несут информацию о том, что хорошо и что плохо, а также играют немалую роль в речевом развитии ребенка. Глубокое изучение темы достигается не только фронтальной работой, но и в индивидуальной работе каждого учащегося с интерактивным продуктом. В данном случае компьютер является информационно-обучающим пособием. Дети с интересом принимают участие в поиске информации и подготовке сообщений, рефератов, докладов, буклетов, книжек-малышек, что также способствует воспитанию духовно-нравственной личности человека.



Рис. 3

Ни для кого не секрет, что круг чтения современных детей ограничивается школьной программой, поэтому задача учителя - заинтересовать ребёнка книгой, представить доступный круг чтения во всём его многообразии и привлекательности. Многие детские произведения экранизированы, это даёт возможность использовать фрагменты фильмов на уроках литературного чтения.

В учебниках по литературному чтению практически нет информации о писателях. Поэтому, готовясь к уроку, я собираю информацию о писателе в Интернете: факты биографии, портреты, фотографии. Составляю презентации к урокам, иногда вставляя в них документальные фильмы или аудиозапись с голосом писателя. А рассказ об интересных фактах биографии писателя служит стимулом к чтению его книг. Дети эмоционально воспринимают музыку на слух, активно участвуют в коллективной беседе, высказывают свою точку зрения и эмоциональное отношение к увиденному и услышанному, сравнивают произведения живописи, музыки и литературы. После таких уроков детям самим хочется, как можно подробнее рассказать об авторе изучаемого произведения, что способствует самостоятельному изучению материала. При помощи ИКТ можно проводить настоящие виртуальные путешествия, что немаловажно в наших условиях удаленности от культурных центров. Организовать выставку книг. Но, конечно же, нельзя забывать и о самих книгах. Ведь младшему школьнику необходима наглядность при изучении новых явлений. Кроме того, на уроках закрепления часто использую работу с кроссвордами, это может быть индивидуальное задание для ученика или коллективная работа. Такая работа стимулирует учащихся внимательно прочитывать текст и вызывает эмоциональный подъем.

Так, работая над внеклассным мероприятием «Моя малая Родина», родители с учащимися собрали материал, создали презентацию о нашем городе, его улицах. Работая над данной темой, учащиеся учились искать необходимую информацию, работать в группах, прислушиваться к мнению одноклассников, отстаивать свою точку зрения, привлекать к решению проблемы своих родителей. Уроки с использованием информационных технологий не только расширяют и закрепляют полученные знания, но и в значительной степени повышают творческий и интеллектуальный потенциал учащихся, развивают духовную направленность.

Поскольку фантазия и желание проявить себя у младшего школьника велики, стоит учить его как можно чаще излагать собственные мысли, в том числе и с помощью информационных технологий. Я уверена, что использование информационных технологий может преобразовать преподавание традиционных учебных предметов, рационализировав детский труд, оптимизировав процессы понимания и запоминания учебного материала, а главное, подняв на неизменно более высокий уровень интерес детей к учебе, к умению учиться и, конечно же, к желанию учиться.

В заключении хочется сказать, что систематическая, целенаправленная работа по духовно-нравственному воспитанию при помощи ИКТ, в тесном сотрудничестве с семьей учащегося, поможет воспитать человека, для которого нормы, правила и требования общественной морали будут выступать как его собственные взгляды, убеждения, как глубоко осмысленные и привычные формы поведения, приобретённые в силу внутреннего познания самого себя., что учащимся необходимо объяснять не только законы науки, но и показывать, что прогресс цивилизации не есть созидание и наращивание материального блага, а постепенное разделение противоположных нравственных начал – добра и зла. Эти принципы выполняют задачу вырастить молодое поколение добрым, честным и трудолюбивым.

Список литературы:

1. Послание Первого президента народу Казахстана от 11 ноября 2014 г. «Нұрлы жол — болашаққа бастар жол».
2. Интернет–ресурсы:
http://rc-dd.kz/sites/rc-dd.kz/uploads/docs/metodicheskie_razrabotki/mangilik_el_rus.pdf
https://old.kspi.kz/files/articles/alt_cht_2011-3-153-156.pdf

3. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы (Указ Президента Республики Казахстан от 1 марта 2016 года № 205).
4. Методический материал по разъяснению Патриотического Акта «Мәңгілік Ел».
5. Наумова Т.В., Казакова В.В. О возможностях формирования духовно-нравственной культуры личности младшего школьника посредством информационно-коммуникационных технологий // Современные наукоемкие технологии. – 2015. – № 12-1. – С. 122-125.
6. Артюхова И.С. Ценности и воспитание // И. С. Артюхова.- Педагогика, 2002, № 4;
7. Братусь Б.С. Психологические аспекты нравственного развития личности / Братусь Б. С. – М., 2005.

УДК 373.24

Артюшина Л.И.¹, Лойко В.А.²

¹ преподаватель кафедры дошкольного воспитания, Костанайский педагогический колледж, г. Костанай, Казахстан

² преподаватель кафедры дошкольного воспитания, Костанайский педагогический колледж, г. Костанай, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ НРАВСТВЕННО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ ПРЕДСТАВЛЕНИЙ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА В ПРОЦЕССЕ ИГРОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Түйін. Мақалада сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың экономикалық идеяларын қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Ойындарды ұйымдастырудың модельдері ұсынылған, ойын сюжетінің даму кезеңдері және оның мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі рөлі сипатталған.

Түйін сөздер: құндылықтар, адамгершілік-экономикалық көріністер, ойын, технологиялық карталар, ойын модельдері

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы формирования экономических представлений у детей дошкольного возраста средствами сюжетно-ролевой игры. Представлены модели организации игр, описаны этапы развития сюжета игры и её роль в нравственном воспитании дошкольников.

Ключевые слова: ценности, нравственно-экономические представления, игра, технологические карты, модели игр.

Abstract. the article deals with problems of developing an economic concept among pre-school children through role-play situations. Play models, stages of the game story and its role in the moral education of pre-schoolers are presented.

Keywords: values, moral and economic concepts, game, technological maps, game models.

В современных условиях рыночной экономики одной из актуальных проблем является становления ценностной ориентации подрастающего поколения, поиск путей, методов воспитания у детей нравственно-духовного, ценностного отношения к рукотворному миру, формированию нравственно-экономических, предпринимательских качеств личности. Это объясняется тем, что в современном Казахстане происходит переоценка общественных и личностных ценностей, меняются подходы к их формированию.

Существует множество определений понятия «ценность», но все их характеризуют следующие признаки:

- Общественный идеал, отражающий атрибуты должного (общечеловеческие и конкретно-исторические);
- Ценности – категория междисциплинарная: социологи считают её категорией социологической, философы – философской категорией;
- Ценности – стержневая основа личности, которая обеспечивает её устойчивость и является ведущим фактором развития;

Методы духовно-нравственного воспитания – методы педагогического воздействия, с помощью которых осуществляется формирование личности студента в соответствии с целями и задачами нравственного воспитания. Для того чтобы духовно-нравственные ценности стали неотделимой частью личности студентов, нужно приобщение студентов к миру ценностей духовной культуры, с использованием методов и активных форм деятельности. В процессе формирования духовно-нравственных качеств могут использоваться следующие методы: метод убеждения, положительный пример, поощрение и наказание, приучение, упражнение, показ и воспроизведение воспитывающих ситуаций, внушение, этическая беседа; формы организации совместной деятельности куратора и студентов: тематические беседы, квесты на разную тематику; виртуальные экскурсии в музеи; праздничные развлечения, праздники; ярмарки; познавательные викторины; разыгрывания нравственно этических ситуаций; рассуждения, на диалоговой основе; художественно-продуктивная деятельность; творческая деятельность. На основе проведённой работы была разработана модель формирования духовно-нравственных ценностей личности студента 1 курса колледжа рисунок 2.



Рисунок 1. Модель формирования духовно-нравственной личности студента 1 курса.

Развитие личности происходит в организации разнообразной и интересной жизни колледжа, в работе объединений по интересам, в свободном общении, в личной жизни растущего человека. В каждом студенте колледжа хочется в будущем видеть высоконравственную личность, гражданина с большой буквы, человека.

Список литературы:

1. Анисимов С.Ф. Роль нравственного просвещения в духовном формировании личности. М., 2013.
2. Гончаров Н.Н. Педагогическая система К.Д. Ушинского. - М., 1974 г.
3. Петракова Т.И. Духовные основы нравственного воспитания – М. Импэто, 1997.
4. Байденко В.И. Болонский процесс: структурная реформа высшего образования Европы. М., 2002.

5. Богданова Р.У. Многовариантный институт кураторства в вузе. СПб., 2007.
6. Рахматуллина З.Я. Духовно-нравственное воспитание подрастающего поколения. Уфа, 2004.
7. Артюхова И.С. Ценности воспитания // Педагогика, 2015. № 4. с. 115-118
8. Павлов В.И. Формирование духовно-нравственной культуры учащейся молодёжи // Научно-теоретический журнал – 2010. - 100с.
9. Пифагоровы законы и нравственные правила. Афоризмы Эпиктета. – М., СПб. – 2000. – 125 с.
10. Концепция духовно-нравственного развития учащихся в системе непрерывного образования. Под ред. Балтабаева М.Х. – Алматы, 2002. – 27с.
11. Царапина Т.П. Эффективная организация кураторской деятельности: учебно-методическое пособие // Пермь, 2010. – 148 с.
12. Назарбаев Н.А., «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». 2017.
13. Айтмурзаев Н.С., Рухани жаңғыру - пульс современного образования, 2018.

УДК 37.074

Бейсенова Х.Б.

казак тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, Қостанай жоғары политехникалық колледжі,
Қостанай облысы,
Қостанай қ., Қазақстан

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ЕЛ ТӘРБИЕСІ

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы развития национального самосознания и национального мышления учащихся через национальное воспитание. Национальное воспитание-цель нации. Будущее находится в руках молодежи страны, поэтому мы должны возродить наше национальное воспитание, воспитывать наших детей любить нацию, любить Родину. Единство страны будущее страны в руках нашей молодежи. Мы должны развивать наше национальное воспитание. Национальное воспитание-составная часть системы образования, основанная на воспитании молодежи-будущего специалиста с высоким национальным самосознанием. Его цель-воспитание национальной личности, сформированной национальным самосознанием, способной соединить между собой национальные ценности и общечеловеческие ценности, которые могут внести вклад в развитие национальных интересов. Статья была написана с целью привития любви к национальному воспитанию у нашей молодежи. Национальное воспитание-это основной путь к постепенному устранению и предотвращению многих проблем, которые сейчас возникают в стране: молодежь, не знающая родного языка, истории предков, национальных традиций, молодежь, подвергнутая насилию, и многое другое.

Ключевые слова: Родина, воспитание, нация, общество, семья, родители, долг, гражданин, труд.

Abstract. The article deals with the development of national identity and national thinking of students through national education. National education is the goal of the nation. The future is in the hands of the country's youth, so we must revive our national education, educate our children to love the nation, to love the Motherland. Unity of the country the future of the country is in the hands of our youth. We must develop our national education. National education is an integral part of the education system, based on the education of young people-a future specialist with a high national consciousness. Its goal is to educate the national personality, formed by national self-consciousness, able to combine national values and universal values that can contribute to the development of national interests. The article was written with the aim of instilling a love of national education in our youth. National education is the main way to gradually eliminate and prevent many problems that now arise in the country: young people who do not know their native language, ancestral history, national traditions, youth who have been subjected to violence, and much more.

Keywords: Motherland, upbringing, nation, society, family, parents, duty, ancestors, citizen, labor.

*Тұңғышыңды дұрыс үйретсең,
Соңғылары өздері үйренеді.*

Халық мақалы

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін бойына сіңіру, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру.

Ұлттық тәрбие – біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ұлттық тәрбие атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген Мағжан Жұмабаев болды. Ол педагогиканың ұлттық тәрбиеден бастау алатыны жайлы айтқан. «Педагогика» атты еңбегінде былай дейді: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті». Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Мағжан Жұмабаевтың педагогикасының мақсаты:

1. Ақыл тәрбиесі;
2. Құлық тәрбиесі;
3. Сұлулық тәрбиесі;
4. Дене тәрбиесі.

Ақыл тәрбиесі – түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын болса. Құлық тәрбиесі – жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын болса. Сұлулық тәрбиесі – сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жан толқытатын болса. Дене тәрбиесі – ыстық – суық, аштық-жалаңаштық, тұрмыста жиі ұшырайтын.

Автор олардың бір-бірімен табиғи тамырластығын тәптіштеп түсіндіре келіп, былай дейді: “Егер де адам баласына осы төрт тәрбие дұрыс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, дұрыс ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...” – деу арқылы М. Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап береді.

Қоғамның басты қажеттілігі – жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу. Ал, ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып қалыптасады.

Ұлттық тәрбие – біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Ал, ұлттық тәрбиенің көздері фольклор, ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге өсиеті бар мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары болып табылады. Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, туыстық қарым-қатынас, жеті ата туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім, ұлттық адамгершілік, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттері, ізгілік сынды тағы басқа сапалық белгілер ұлттық тәрбие-нің негізгі көрінісі болады.

Ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Оның мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Ал міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгер-мелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіз-деу, қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеуде жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру, бүгінгі

қазақ елінің индустриалдық-инновациялық жүйе-сінің дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу, білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өрке-ниеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. Тәрбиенің басты нысаны – елдік сананы қалыптас-ты-рып, ұлттық рух пен ұлттық патрио-тизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек.

Әрбір ата-ана өз перзетінің әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішпейіл азаматы болып жетілуін қалайды. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сенімді және негізді. Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі, тілі. Қазақтың: «Баланың бас ұстазы – ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – дегендей, есі кіріп, тілі шыға бастасыменәк баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған жөн. Қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағымен байланыстырады. Міне, сондықтан да: «Ана – үйдің берекесі, Бала үйдің – мерекесі. Бұтағымен ағаш сымбатты, Ұрпағымен адам қымбатты. Бала болсаң балғындай бол. Айналаңа қорғандай бол» – деген қағиданы берік ұстаған ата-бабаларымыз өз ұрпағын адам – деген атаққа лайық етіп өсіруді мақсат еткен.

Ата-ана тәрбие беруде ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәнісі зор. Отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Әке мен ана баланың алғашқы ұстазы. Адамзат баласы ананың мейірлі мейріне қанып, әке өсиеттерін тыңдап өссе ғана тәрбиелі отбасынан шыққаны көпке таңылады. Ата-ананың үйіндегі әрекеті балаларының көз алдында өтеді, сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Әрбір ата-ана – өзінің баласын Отанға пайдалы, өзіне мейрімді, еңбекқор, адамгершілігі мол адам етіп тәрбиелеуге халық алдында да, мемлекет алдында да жауапты. Бірде-бір ата-ананың бала тәрбиесіне немқұрайды қарауға еркі жоқ. «Баланы жастан» – деген халық даналығын ұмытуға ешкімнің хақысы жоқ. Сондықтан, «бала жас, әлі ешнәрсені білмейді, өсе келер бәрі түсінеді», – деп қарау – барып тұрған қателік. Бала тәрбиесі – әр сағат, әр күн сайын тынымсыз жүргізіле беретін аса жауапты, күрделі процесс. Тәрбие отбасынан басталады, оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды.

Отбасы – ең үлкен, мықты тәрбие ошағы, шағын мемлекет. Отбасының негізі баланы өмірге келтіру ғана емес, оны мәдени- әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдану, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибиесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Үлкен ұрпақтың тәжірибиесі, өмірдегі беділі, ақыл-кеңестері, ата-ананың өз борышын мүлтіксіз орындауы, бір-бірін құрметтеуі – үлкен тәрбие мектебі. Бала дүниеге келгеннен бастап ата-ананың ықпалында болып, бағыт беруші тәрбие мектебінен нәр алады. Өз отбасында бала ата-ананың қамқорлығына, шексіз сүйіспеншілігіне бөленіп, әке мен ананың жақсылығы мен дәулетінің қызығын көріп қана қоймай, адамгершілік, әдеп-инабат тағылмдарының алуы, оларды меңгеріп іс- жүзінде қолданудың ынта мен ықылас, қайрат пен қажыр ететін жолынан өтуге тиіс. «Қатты тәртіп көрсе бала күнінде, Өнермен қуантады түбінде. Бала нені білсе жастан, ұядан – Өле-өлгенше соны таныр қиядан. Өнер – білім берем дасең басыннан, Бер оқуға балаларды жасынан, Жақсы-жаман болса, бала – соларда», – деп ХІ ғасырда Жүсіп Баласағұн айтқандай, ата-аналар балаларының жас ерекшеліктерін жас күнінен танып, соған қарай бағыт-бағдар тәрбие берудің маңызы ерекше.

Отбасынадағы тәрбиенің кереметі – баланы еңбекке баулу. Ол – адамдық кемелденудің негізі. Еңбек ете білмеген немесе оны жек көрген адамның отбасы берекелі болмайды. Өйткені, ежелгі Рим философы Гораций айтқандай: «Өмір еңбексіз ештеңе бермейді.» Сондықтан: отбасындағы да, қоғамдық ортадағы да тәрбиеде балаларды еңбек ете білуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу басты нысана болуы тиіс. Сонда ғана отбасы мүшелелері арасындағы қарым-қатынаста әдеп-инибат, адалдық пен ақпейілдік үстем

бола алады. Барлық балаларға, соның ішінде ұл балаға оның қалыпты дамуына анасының да, әкесінің де, яғни екеуінің де маңызды да мәнді тәлім тәрбиесі қажет. Қай отбасында болмасын ана барлық балаларына үнемі жақын болып, өзінің аналық мейірімі мен махаббатына бөлейді. Ал ұл бала үшін әкесі жынысына байланысты жақын және олардың мінезі-құлықтары мен қарым-қатынасында көптеген ұқсастықтар анықталады, сондықтан да ұл баланың қабілеттілігі әкенің ықпалына байланысты деп айтып жататыны осыдан. Әке ұлына күшті жыныс өкілі ретінде үлгі болады. Әке қашанда баланы сөзбен емес, өзінің ісімен тәрбиелейді. Ер бала ең алдымен әкенің өнегесінен нағыз ер адам қандай болу керектігін қабылдайды. Сондықтан да әке ұлын батылдыққа, батырлыққа, ер жүректікке, адалдыққа, қайраттылыққа, ұлтжандылыққа, әйел баласына серілік қарым-қатынас танытуға, отағасы қандай болу керек екендігін өз тәжірибесі арқылы үйретіп, үй еңбегінің аса қиын соғатын істерді өз мойнына алуға талпынуға тәрбиелеуі керек. Ал ананың міндеті ұлының алдында барлық әйелге тән жақсы қасиеттерді көрсете отырып, өзінің шынайы және шексіз махаббатымен ұлынан да әйел баласы алдында сондай жауапты қасиеттерді көрсетуге шақырады және оның эмоционалды дамуына себепші болады. Ер баланың анасына деген қарым-қатынасы белгілі дәрежеде қыз балалармен жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру мәнін игеруге мүмкіндік тудырады, адамдарға қамқорлық жасауға үйретеді, өзінің маңайындағыларға қажетті көмек жасауға ықпал етеді. Отбасында жеткіншек ер баланы тәрбиелеу – бұл қарапайым емес маңызды және жауапкершілікті талап ететін үлкен іс. Өйткені осы жастағы ер баланың бойынан шығармашылыққа, өзінің өмірден орнын іздеу сияқты талпыныстарын байқауға болады. Осы тұста ата-ана олардың жан дүниесін түсініп, дер кезінде бағытбағдар көрсетсетсе, бұл ата-ананың бала тәрбиесіндегі тапқырлығы болып саналады. Ер бала бойында болып жатқан кез келген өзгерістерді ескеріп, атаана баламен жүргізетін тәлімдік, тәрбиелік істерді олардың барлық қырынан зерттей, ішкі «Меніне» әсер ететіндей ешқандай іс-әрекетке бармай, жақын досындай ақыл-кеңес бере отырып жүргізуі қажет. Сонда ғана ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынас оң нәтиже береді. Сондықтан да, әрдайым өзіндік педагогикалық білімді толықтырып отыру, басқа да ата-аналардың тәжірибелерінің жағымды жақтарын қолдану, мектеп пен мұғалімдермен бірігіп жұмыс істеуді қолға алу, ата-аналарға арналған өзіндік лекцияларды тыңдау, әдебиеттерді оқу керек. Бір сөзбен айтқанда, егер сіздің балаңыздың өмірде белгілі деңгейде жетістікке жетуін қаласаңыз, жеке тұлға ретінде, маман ретінде ашылуына еңбектендіре отырып, көмек беру қажет. Бұл ата-ана үшін, балалар үшін және қоғам үшін өте тиімді. Бүгінгі таңда ата-анасы қасында болса да қадірқасиетіне жете алмай, ұлдарымыз маскүнемдік пен нашакорлыққа бой алдырып, қыздарымыз темекі шегіп, жеңіл жүрістерге түсуі отбасындағы тәрбиенің дұрыс жолға қойылмауының айғағы. Шарифатта да алтын ұя – отбасы жоғары бағаланып, оны бала тәрбиелеп өсіруіне бірінші дәрежелі мән берілген. Өйткені: «Балалар – ата-аналар қолына берілген аяулы аманат.» Бұл ғажайып құдайшылдық анықтаманы жадыда ұстау былай тұрсын, әр үйдің мандайшасына іліп қою тұрарлық. Баланы өздігінен өмір сүруге мүлде қабілетсіз нәресте кезінен бастап бақытты балалы шақ, жеке шаңырақ көтергенге дейінгі жастық жолдары өтетін отбасын бақытты жағалауын бетке алып, өмір – айдынында жүзіп бара жатқан қайыққа тенесек, оның қос ескегі – әке мен ана дер едік.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Елдік мұрат жолындағы ұлы ерлік әрқашан аталарымыздың бойынан табылған. Тәуелсіз елді өз қолымен құрған буын-нан басталған ұлы істерді кейінгі ұрпақтың лайықты жалғастыратынына сенемін», – деген болатын.

Ұлы тұлғалардың, халық ардақтыларының жүрегіне үніліп, ғибратқа толы ғұмырынан тағылым алу – бізге парыз. Сондықтан жас ұрпақты Ота-нын сүюге, ол үшін аянбай қызмет етуге, елжандылық пен ерлікке тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз бол-мақ.

Сонымен, ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Оның мақсаты – ұлттық сана-сезімі қа-лып-тасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Ал міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгер-мелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу, қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеуде жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру, бүгінгі қазақ елінің индустриалдық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу, білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өрке-ниеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. Тәрбиенің басты нысаны – елдік сананы қалыптас-ты-рып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек.

Ұлттық тәрбиені ұлттық идеологиядан бөліп қарауға болмайды. Екеуі бір-бірінен ажырамайтын, қоғам дамуындағы шешуші фактор болып есептелетін егіз ұғым. Ұлттық идеология осы ұлттың кемел келешегінің мақсат-мұратын, үлгі тұтар үрдістері мен ұстанымдарын, салт-дәстүрді, тамырлы тәрбие сабақтарын, халықтық қасиеттерді насихаттаудың алтын арқауы, бағыт-бағдар алар айнымас темірқазығы. Қазақтың тегінен дарыған, табиғатына тән, қанында бар қасиетті салтына салқындық таныту – ұлттық болмысқа қиянат. Өркен жайған өнегеден іргені аулақ салу - бабалардың әдібі мықты әдептілік мұрасын сақтауға деген самарқаулық, бағасын байыптай алмау. Жол-жөнекей барымызды жоғалтып алмай, бағалай білсек, жақсы-жаманды санамыздан өткізіп саралай білсек, атадан аманатқа қалған асыл мұраны кейінге жалғасақ, ұлтымыздың ұлық салтын, рухын көтерер ұстанымын сақтауда ұятқа қалмасақ қазақтық қалпымызға қаяу түспесі хақ. Қазақы тәрбиеге қатысты салт-дәстүріміздің сонау есте жоқ ескі заманнан бері ұлттық бедеріне дақ түсірмей ұрпақтың ой-санасын оятып, келешегін кемелдендіруге, адами болмысын әрлеуге, адамгершіліктің асыл қасиеттерін бойға дарытуға қызмет етіп келе жатқан рухани қазынамыз ұшан-теңіз.

Қорытындай келе, халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылық-тарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі-насихаты – асыл мұраларымызды студенттердің бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді сақтай білейік!

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1994.
2. М. Бағыбаева. М. Жұмабаев және ұлттық тәлім-тәрбие// Ұлағат.
3. С. Сеңкібаев. М. Жұмабаевтың тәрбиелік ілімі – ғасырлар тоғысында.
4. Пірәлиев С. Ұлттық тәрбие және жаһандану // «Егемен Қазақстан».
5. Қапалбеков Б. Ұлттан тілді алса... – Алматы, 2006. – 138 б.
6. Мырзахан А. Ел болудың жолы – ұлттық тәрбие // «Ана тілі», 20 қазан, 2011.
7. Ғаббасов С. «Халық педагогикасы». 1995 ж.
8. Оқушылардың ғылыми қоғамдарын ұйымдастыру және республикалық ғылыми жарыстарын өткізуге әдістемелік нұсқаулар. Астана 2007. Жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы бастауыш білім. – Алматы, 2002.
9. В.П.Беспалько Слагаемые педагогической технологии. «Педагогика», 1989.
10. Көшімбетова С.А. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс тәсілдерін пайдалануда.

Бекахметова А.Т.

арнайы пәндер оқытушысы,
Жоғары орман шаруашылығы, экология және туризм колледжі,
Ақмола облысы,
Щучинск қаласы., Қазақстан

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ САБАҚТА ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Түйін. Ақпараттық-телекоммуникациялар технологияларды қолданудың теориялық негіздерін меңгеру, оқыту үрдісі мен білім беруді басқаруға ақпараттық технологияларды енгізетін әдіскер-ұйымдастырушылар мен оқу үрдісінде пайдаланатын мамандарды дайындау.білім беру жүйесі, ақпараттандыру, телекоммуникация, технология, ақпарат.

Түйін сөздер: білім беру жүйесі, ақпараттандыру, телекоммуникация, технология, ақпарат.

Аннотация. Владение теоретическими основами применения информационно-телекоммуникационных технологий, подготовка методистов - организаторов и специалистов, внедряющих информационные технологии в учебный процесс и управление образованием.

Ключевые слова: система образования, информатизация, телекоммуникация, технология, информация.

Abstract. Knowledge of the theoretical foundations of the application of information and telecommunication technologies, training of methodologists-organizers and specialists who introduce information technologies into the educational process and education management.

Keywords: education system, informatization, telecommunications, technology, information.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру-жаңа ақпараттың технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын арттыруды негіздейді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде, жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу» – делінген.

Осыған орай бүгінгі ұстаздардың алдында студенттерге білім, білік дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, яғни жан-жақты, азат, шығармашыл, өз бетімен, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту міндеттері тұр.

Қазіргі оқыту барысында қолданылып жүрген көптеген технологиялар жеке тұлғаның жетілуіне, оқытудың тиімділігінің негізін құруға бағытталған. Соның бірі-ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану білім сапасын арттырудың тиімді жолы болып отыр.

Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделген.

Жаңа коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты – студенттердің оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқыту программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Білім саласында компьютер оқу үшін оқу құралы, ал мұғалім үшін жұмысшы болып табылады.

Қазіргі таңда білім жүйесінің барлық саласы компьютерленген сондай-ақ, ақпараттандыру тәсілінің тиімді жетістіктерінің бірі-интерактивті тақтаның қолданылуы көп мүмкіндікке жол ашуда. Интерактивті тақта мүмкіндігін пайдалана отырып өткізген сабақтар мұғалімнің оқу процесінде уақытын үнемдей отырып, оқушыларға көптеген

ақпараттарды беруге көмектеседі. Интерактивті тақтаның керемет мүмкіндіктері оқушыларды таңғалдырады, шабыттандырады, қызықтырады. Оқушылар ойнап отырмыз деп ойлайды, шындығында олар қызығып, таңғалып, шабыттанып отырып білім алады деп ойлаймыз.

Соңғы кезде білім беруде АКТ пайдалану бағыттары табысты дамып келеді. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияның инновациялық құралдарын қолдануда оқытудың тек қана формасы мен әдісі өзгеріп қана қоймайды, сонымен бірге оқу үрдісін жаңаша басқару және қадағалау әдістерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады.

И.В.Роберт ақпараттық технологиялар орталарын пайдаланудың келесі педагогикалық мақсаттарын анықтайды.

1. Ақпараттық технологияларды қолдану негізінде оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейін жетілдіру:

- оқыту үрдісінің ықпалы мен сапасын арттыру;
- танымдық қызметінің екпінділігін арттыру.
- пәнаралық байланысты тереңдету.
- қажетті ақпаратты іздеуді оңтайландыру және көлемін ұлғайту.

2. Оқушы тұлғасын дамыту, ақпараттық қоғам шартында өмір сүруге даярлау:

- оялардың түрлі формаларын дамыту,
- коммуникативтік қабілеттерді дамыту,
- күрделі жағдайларда оңтайлы шешім немесе шешу нұсқаларын қабылдау дағдыларын қалыптастыру.

- компьютерлік графика, мультимедиа технологиясын пайдалану арқылы эстетикалық тәрбие беру.

- ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, мәселені немесе жағдайды модельдеу біліктілігін дамыту, ақпаратты өңдей білу.

- эксперименталдық- зерттеушілік қызметті іске асыра білуді қалыптастыру.

3. Қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындау:

- ақпараттық сауаты бар тұлғаны даярлау.
- компьютерлік орталарды пайдаланушыны даярлау.

Студенттердің пәнді жақсы игеруінің басты шарты оқытушының осы сабаққа деген қызығушылықты тудыра білуінен басталады. АКТ-педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол оқытушыны алмастыра алмайды. АКТ қолдану мақсаты – сабақты компьютермен сүйемелдеу ісін жүргізуге асыру, яғни:

- Компьютер арқылы оқу сапасының артуына ықпал жасау;
- Оқыту аймағының кеңеюіне байланысты студенттің білім деңгейінің қоғамның әлеуметтік талабына сай болуы,

- Компьютерлік технологияның бұрынғы дәстүрлі пәндерге енгізілуі, оның игеру мүмкіншіліктерін арттыру.

Компьютермен оқытудың өз мақсаты, мазмұны, формасы және ерекше өткізу тәсілі бар екені белгілі. Осындай сабақтар жасаудың мынадай негізгі кезеңдері болады:

- Оқыту мақсатын анықтау;
- Өтілетін тақырыптың, бөлімнің материалдарын талдау, керектілерін таңдап алу және оның жоспарын құрастыру.

- Сабақты жүргізудің бағдарламасын жасау.

- Оқу үрдісінде компьютерлік сүйемелдеуі бар сабақты кіргізу.

Компьютерлік тестілеуді енгізу арқылы студенттер жұмысының тиімділігі мен мазмұны туралы кері байланыс қамтамасыз етіледі. Компьютерлік жаппай бақылау жағдайында барлық оқушыларға сұрақтар немесе мазмұны бірдей тапсырмалар беріледі. Оларды орындау барысында оқушылардың арасында ынтымақтастық, жолдастық сезім пайда болады, бір-біріне сұрақтар қойып, жауаптарын толықтырады, орындалған жұмыстарды өзара тексеріп, іске асырады.

Оқыту үрдісінде АКТ қолдану оқушылардың өзін-өзі бақылауына өте үлкен мүмкіндік береді. Өзін-өзі бақылау олардың оқу бағдарлама материалы мен игерген іскерлігі мен дағдысының беріктігі толық ақпарат алуын қамтамасыз етеді.

Оқыту жағдайындағы ақпараттық технологиялардың орны: сабақ уақытына, сабаққа дайындалу уақытына, жобаны зерттеу қызметінде.

1. Сабақта АКТ қолдану моделі:

- компьютерлік презентациялар көрсету;
- жауаптарды таңдаумен тест жүргізу;
- электрондық оқулықтарды қолдану;

2. Сабақтан тыс жерде АКТ қолдану моделі;

- интернеттен және басқа ақпарат көздерінен ақпарат іздеу;
- қоршаған әлем туралы ақпаратты жазу және бекіту;
- презентацияларды қолдануымен сөз сөйлеуді дайындау және аз сөйлеу.

Ақпараттық технологияны барлық сабақтада қолдану тиімді.

Ақпараттық технологияны қолданып өткен сабақтың құрылымы:

- Айқындылық;
- Логикалық үйлесімділік;
- Ақпараттық сыйымдылық;

Ақпараттық технологияларды сабақта пайдаланудың негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру болып табылады.

Көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері информатика пәні сабақтарында ақпараттық технологиялар жиі қолданылуда. Осыған байланысты күнделікті сабаққа:

- мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);

- компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта);

- интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді.

Мұндай қондырғылар студенттердің қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді. Студенттердің сабаққа деген қызығушылығын ояту оқытушының сабақ өткізу тәсіліне де байланысты. Қазіргі таңда оқудың интерактивті әдіс-тәсілдері өте көп. Педагогикалық ғалым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай ең тиімдісін таңдап алу және олардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре тиімді, үйлесімді әрі шығармашылықпен қолдану-сабақтың сәтті өтуінің кепілі. Осы ретте мына мәселелерге баса назар аударғым келеді.

1. Оқытушы сәтсіз өткен сабақтарға өзіндік талдау жасап өз кемшілігін іздеуге әрекет жасау керек.

2. Білім мен тәрбие беруде жариялылық, педагогикалық, ынтымақтастық, ғылыми-әдістемелік, тың ізденістерге сүйене отырып жаңашылдыққа талпыну қажет.

3. Оқытушы күнделікті әр сабағына шығармашылықпен дайындалуы керек. Өйткені, сабақ-оқытушының өнері, шығармасы. Сондықтан әр сабақты тиімді ұйымдастыруда студентті жалықтырмайтын, қабілетін арттыратын жағдай туғызуға ықпал етүміз керек деп ойлаймын.

Сонымен қазіргі ақпараттану заманында оқытуды ақпараттық-коммуникативтік қамтамасыз етудің мәні зор екені даусыз. Сондықтан да мен сабақтарымда осы технология негіздерін қолданамын. Оның мүмкіншіліктері: Smart nation colledge платформасында сабақтың әдістемелік құрылымын сақтай отырып, студенттердің ғаламторға еркін кіріп, ақпаратпен қамтылу мүмкіндігі, сабақтың аудио-видео

технологиясымен жабдықталуы, ең бастысы, студенттердің сабаққа қызығушылығы артып, креативтік іс-әрекетпен айналысуға мүмкіндік ала алады.

Ақпараттық технологияның сабақ үрдісінде қолдану нәтижесі:

1. Ғылым негізін түсіну, ғылым жүйелігін жүзеге асырудың басты шарттарының бірі екендігіне көз жеткізді;

2. Дүниеге ғылыми, диалектикалық, материалистік көзқарасты қалыптастыру, оқу мазмұнының бір-бірімен тығыз байланыста болуын қамтамасыз етеді.

3. Студенттің жалпы ақыл-ой, дене қимылы, көңіл күйінің үйлесімді дамуына әсер етеді.

4. Қазіргі өндірістің ғылыми негізін меңгеру, техникалық процестер мен құрылымы, оның негізгі принциптерін түсіну жүзеге асады.

5. Тәрбиенің барлық түрлеріне әсер етеді және адамгершілік, саяси-идеялық, эстетикалық, еңбек тәрбиесінің бірлікте болуына бағытталады, студенттердің еңбегінің мазмұнынан байқалып, олардың алған білімінің жүйелеуіне негіз болады.

6. Оқу мерзімін тиімді пайдалануда артық қайталауды болдырмауға педагогикалық ықпал береді. Осының негізінде оқу тәрбиелік процесін беруді басқару жүйесі қалыптасады.

Ақпараттық технологияның мұғалім жұмысына ең тиімдісі – студенттердің білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Сондықтан, ХХІ ғасыр – информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде – өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептейміз.

«Армансыз адам қанатсыз құспен тең» демекші, менің ұстаз ретінде де, еліміздің ұлтжанды азаматшасы ретінде де арманым еліміздің әрбір азаматы терең білімді, интеллектуалды, заманауи техникаларды еркін меңгере алатын, әрқайсысы еліміздің дамуына өз үлесін қоса алатын болса деймін. Ол үшін оларға білім беретін ұстаздар өз пәнін жетік меңгерген, теория мен практиканы оқушылар бойына сіңіре алатын шығармашыл, ізденімпаз, ең бастысы еңбекқор болуы қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аюбаева Т. Ақпараттық технологиялар оқыту үрдісінде. Қазақстан мектебі 2008, № 11,50 б.
2. Доллинер Л. Ақпараттық коммуникациялық оқыту технологияларының мәселелері және болашағы. «Информатика негіздері» ғылыми-әдістемелік журналы, 2008, №1,2-4 б.
3. Мейірманқұлова Т. Білім берудегі инновациялық технологиялар. Алматы, 2000 ж.
4. ҚР Білім туралы Заңы.
5. Интернет ресурстары.

Беркинбаева С.Ж.
бастауыш сынып мұғалімі, «Жаңаесіл а. №32 орта мектебі» КММ,
Ақмола облысы,
Целиноград ауданы, Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аннотация. В данной работе – основные национальные ценности являются основой духовно-нравственного развития и воспитания учащихся, т.е. школьной жизни, определяющей урочную, внеурочную и внешкольную деятельность учащихся. Проблема формирования основных национальных ценностей у младших школьников очень актуальна. Следует отметить, что особое внимание уделяется младшим школьникам, так как степень его решения на данном этапе определяет эффективность обучения на последующих этапах обучения. В этом возрасте процесс формирования этих ценностей не является постоянным, не всегда целенаправленным, поэтому педагогу необходимо формировать основные национальные ценности в различных видах деятельности. Формирование основных национальных ценностей у младших школьников должно способствовать.

Ключевые слова: национальные ценности, начальные классы, ученики, воспитание, школа, культура, традиции, духовность.

Abstract. In this paper, the main national values are the basis of spiritual and moral development and education of students, i.e. school life, which determines the regular, extracurricular and extracurricular activities of students. The problem of formation of basic national values in primary school children is very relevant. It should be noted that special attention is paid to younger students, since the degree of its solution at this stage determines the effectiveness of training at subsequent stages of training. At this age, the process of forming these values is not constant, not always purposeful, so the teacher needs to form the main national values in various activities. The formation of basic national values in primary school children should contribute to.

Keywords: national values, primary school, students, education, school, culture, traditions, spirituality.

Негізгі ұлттық құндылықтар рухани-адамгершілік даму мен тәрбиенің негізгі мазмұны болып табылады. Негізгі ұлттық құндылықтар – бұл Қазақстан көп ұлтты халқының мәдени, отбасылық, әлеуметтік-тарихи, діни дәстүрлерінде бар, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, қазіргі жағдайда елдің сәтті дамуын қамтамасыз ететін негізгі моральдық құндылықтар, басым моральдық көзқарастар. Ұлттық құндылықтардың дәстүрлі көздері адамдар үшін: еліміздің көпұлтты халқы, азаматтық қоғам, отбасы, Еңбек, өнер, ғылым, Дін, табиғат, адамзат. Негізгі ұлттық құндылықтар оқушылардың рухани-адамгершілік дамуы мен тәрбиесінің, яғни оқушылардың сабақ, сабақтан тыс және мектептен тыс іс-әрекеттерін анықтайтын мектеп өмірінің негізі болып табылады. Бастауыш сынып оқушылары арасында негізгі ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мәселесі өте өзекті. Айта кету керек, жас бүлдіршіндерге ерекше назар аударылады, өйткені осы кезеңде оны шешу дәрежесі білім берудің келесі кезеңдеріндегі оқытудың тиімділігін анықтайды. Бұл жаста бұл құндылықтарды қалыптастыру процесі тұрақты емес, әрдайым мақсатты емес, сондықтан мұғалім әр түрлі қызмет түрлерінде негізгі ұлттық құндылықтарды қалыптастыруы керек. Бастауыш сынып оқушыларында негізгі ұлттық құндылықтардың қалыптасуы мыналарға ықпал етуі керек:

- бастауыш мектеп жасындағы балаларда қазақ халқының мәдениетінің тарихи жолы мен дамуы туралы, Қазақстан халықтары мен туған халқының рухани құндылықтары туралы, бірге тұратын халықтардың ұлттық мәдениеттерінің өзара әрекеттесуі мен өзара байытылуы туралы идеяларды қалыптастыру;

- бүлдіршіндерге бірыңғай мәдени кеңістікті қалыптастыру және игеру процесінде мәдениеттердің толеранттылығы мен диалогының құндылығын қабылдаумен ар-ождан және діни сенім бостандығы ұғымдарымен байланысты мәдени әртүрліліктің құндылығын игерумен байланысты идеялар мен ұлттық дәстүрлер, құзыреттер жүйесін қалыптастыру;

білім алушыларда этиканың негізгі ұғымдары туралы (өмірдің мәні мен құндылығы, ақиқат пен өтірік, жақсылық пен жамандық, адамгершілік таңдау, мейірімділік, әділдік, Арнамыс, махаббат және т. б.), мораль туралы, адамгершілік туралы құнды түсініктерді қалыптастыру;

- баланың өз халқының, бірге тұратын халықтардың және қазақтан басқа халықтарының дәстүрлеріне, мәдениеті мен тіліне құрметпен қарауды қалыптастыру

- баланың жеке даму жолын анықтау процесінде және әлеуметтік тәжірибеде белсенді өмірлік ұстаным құндылықтары мен жеке адамның өз халқы мен елінің дәстүрлеріндегі адамгершілік жауапкершілігі туралы идеяларға негізделген жан-жақты дүниетанымын қалыптастыру. Бұл жағдайда бастауыш сынып оқушыларына негізгі ұлттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша тәрбие қызметінің келесі бағыттары тиімді болуы мүмкін:

- қазақ халқы мен басқа ұлттардың мәдениеті мен тарихы туралы білім беру ақпаратының көлемін арттыруға бағытталған арнайы жобалар мен бағдарламалар (мысалы, ұлттық мәдени орталықтардың-башқұрт, татар және орыс, балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктерінің, өлкетану клубтарының, тарихи-мәдени ұйымдардың жұмыс істеуі тұрғысынан), философиялық және этнографиялық бағыттағы көп мәдениетті білім беру ортасын құру;

- жалпы білім беру мекемелері білім алушыларының жалпы мәдениет деңгейін арттыруға бағытталған арнайы жобалар мен бағдарламалар (мысалы, адамгершілік сабақтарын, «ашық жүрек күндерін», сыныптарда тақырыптық кездесулерді және белгілі және табысты ғылымды (мысалы, әлеуметтанушыларды, психологтарды, педагогтарды, этнографтарды, философтарды және т. б.), мәдениетті (мысалы, суретшілерді (Нұр-Сұлтанға немесе республика қалаларында танымал), актерлерді, жазушыларды (Көкшетауда заманауи проза өте қарқынды дамуда, көптеген ақындар мен драматургтерді құруда), музыканттарды, журналистерді және т. б. шақырумен параллельдер), қоғамдық және діни қайраткерлердің, Денсаулық сақтау органдары қызметкерлерінің (емханалар дәрігерлері, психологтар) және құқық тәртібі (учаскелік инспекторлар, балалар полиция бөлмесінің өкілдері);

- қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін және ұлттық мінез ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған мамандандырылған жобалар мен бағдарламалар (Мерекелер-Наурыз, Домбыра күні және т. б. бұл жағдайда ерекше әлеует бар.);

- тұлғаның адамгершілік және рухани қалыптасу процесінде білім алушылардың құрдастарымен өзара әрекеттесу кеңістігін кеңейтуге бағытталған қызықты жобалар (елде (балаларға хат алмасу, Интернет арқылы достар іздеуді ұсынуға болады), әлемде, республикада). Сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларында базалық ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін сабақтан тыс іс-әрекеттің әлеуетін тиімді пайдалану, оның барысында сурет салу, модельдеу, аппликация, Музыка және т. б. бойынша арнайы сабақтар өткізілуі мүмкін. Бұл жағдайда шығармашылық қызметтің басты мәні. Бұл бастауыш сынып оқушылары арасында негізгі ұлттық құндылықтарды қалыптастыру құралы ретінде әрекет ету. Осылайша, бүгінгі таңда жағдай келесідей: негізгі құндылықтардың жаңа жүйесіне деген қажеттілік айқын көрінеді, өйткені балалардың құндылық бағдарларының бұрынғы жүйесі өзгерген тарихи шындықтың талаптарына сәйкес келмейді, өзіне тән функцияларды орындай алмайды, құндылықтар балалардың сеніміне айналмайды, соңғысы моральдық таңдауда оларға азырақ жүгінеді, яғни жеке адамдар осы моральдық құндылықтардан алыстайды, рухани цинизмді тудыратын, адамдардың өзара түсінушілігі мен интеграциясына нұқсан келтіретін құндылық вакуумы пайда болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қ. Бөлеев. «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау». – Алматы, 2004.
2. Д. Дьюи. «Демократия и образования». 2000.

Гареева Т.П.

учитель самопознания, ГУ «Гимназия имени А.М. Горького»,
Костанайская область,
г. Костанай, Казахстан

ОПЫТНО-ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНАЯ РАБОТА ПО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЮ НАВЫКОВ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ СТАРШЕКЛАССНИКОВ НА ОСНОВЕ ИНТЕГРАЦИИ ОБЩЕЧЕЛОВЕЧЕСКИХ ЦЕННОСТЕЙ В ЦЕЛОСТНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ПРОЦЕСС ШКОЛЫ

Түйін. Мақала жалпыадамзаттық құндылықтарды білім беру кеңістігіне интеграциялау негізінде салауатты өмір салты дағдыларын жетілдірудің өзектілігін, іске асыру жолдары мен зерттеу нәтижелерін ашады, мұғалімдер мен сынып жетекшілеріне салауатты өмір салты дағдыларын жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Түйін сөздер: адамгершілік-рухани тәрбие, денсаулық, салауатты өмір салты, жалпыадамзаттық құндылықтар, интеграция, әділ мінез-құлық, СӨС дағдылары.

Аннотация. Статья раскрывает актуальность совершенствования навыков здорового образа жизни на основе интеграции общечеловеческих ценностей в образовательное пространство, пути реализации и итоги исследования, были разработаны методические рекомендации для учителей и классных руководителей по совершенствованию навыков здорового образа жизни.

Ключевые слова: нравственно-духовное воспитание, здоровье, здоровый образ жизни, общечеловеческие ценности, интеграция, Праведное поведение, навыки ЗОЖ.

Abstract. The article reveals the relevance of improving the skills of a healthy lifestyle based on the integration of universal values in the educational space, the ways of implementation and the results of the study, methodological recommendations were developed for teachers and classroom teachers to improve the skills of a healthy lifestyle.

Keywords: moral and spiritual education, health, healthy lifestyle, universal values, integration, Righteous behavior, healthy lifestyle skills.

Современные старшеклассники испытывают проблемы со здоровьем, стали чаще болеть, причин для этого много: большая учебная нагрузка, неправильное питание, нарушения режима дня, отсутствие физических упражнений, вредные привычки, т.е. несоблюдение здорового образа жизни. По данным Министерства здравоохранения РК, у 53,8 % казахстанских школьников выявлены различные патологии здоровья. [1]

Проблемы охраны и укрепления здоровья подрастающего поколения волнуют государство, общественные организации и общество в целом, так Первый Президент республики Н.А. Назарбаев в своем Послании выделил здоровье народа одним из главных приоритетов в стратегии развития нашей страны «...важно усилить воспитательный компонент процесса обучения. Патриотизм, нормы морали и нравственности, межнациональное согласие и толерантность, физическое и духовное развитие, законопослушание. Эти ценности должны прививаться во всех учебных заведениях, независимо от формы собственности. [2]

Реальная ситуация, сложившаяся в школе, свидетельствует, что лишь небольшая часть подростков, приверженцы правильного образа жизни, а многие из них не считают нужным занятия спортом, правильным питанием, соблюдением элементарной гигиены, четко планировать свой режим дня, уметь строить свои жизненные планы и реализовать их, лучше провести время в бездельи, в шумных и праздных компаниях, когда вредные привычки становятся нормой жизни, не задумываясь о том, что время быстротечно, что наши привычки становятся, в дальнейшем, чертой нашего характера, что важно жить в единстве мысли, слова и дела, руководствуясь голосом совести, общечеловеческими ценностями, но, к сожалению, происходит девальвации духовно-нравственных ценностей и, как следствие, «слабовольные люди пасуют перед трудностями, не проявляют решительности,

настойчивости, не умеют сдерживать себя, подавлять сиюминутные побуждения во имя более высоких, нравственно оправданных мотивов поведения и деятельности».[3]

Исследуя философскую, психолого-педагогическую, духовно-нравственную литературу, обобщив информационные источники, учебно-методическую документацию по данной проблеме, стало известно, что некоторые философы, психологи, педагоги уделяли внимание проблеме здорового образа жизни, но использовали разные подходы к ее изучению: так основные средства и способы сохранения и укрепления здоровья учеников исследованы: Ю.Л. Варшамовым, А.Г. Голевым, Е.Д. Марьясисом, В.П. Саломиним, А.А. Семеновым, Н.Х. Хакуновым, А.Г. Хрипковой, С.Н. Швердиным, Р.И. Айзман, В.И. Бондин, Г.К. Зайцев, В.В. Колбанов, Г.А. Кураев, Л.Г. Татарникова и др. Проблемы эколого-нравственного воспитания в школе рассмотрены: А.А. Колесником, З.Г. Нигматовым, Ф.Г. Сидтиловым. Школьные здоровьесберегающие технологии охарактеризованы в публикациях: В.Ф. Базарного, Л.А. Ждановой, Н.К. Ивановой, Т.В. Русовой. Отдельные аспекты этой проблемы исследовались: С.В. Березиным, Ю.Е. Клевцовой, Л.С. Колесовой, А.М. Куликовым, Л.В. Назаровой, К.С. Лисецким (профилактика наркомании, курения, алкоголизма, формирование навыков здорового образа жизни на уроках физкультуры и другие. [4]

Анализ теоретических источников позволяет сделать вывод о том, что вышеназванные ученые, не рассматривали совершенствование навыков здорового образа жизни старшеклассников на основе ценностного подхода, а только лишь с материалистических позиций. Соответственно, остался без должного внимания процесс совершенствования навыков ЗОЖ: неимение вредных привычек, здорового питания, занятия спортом, физической активностью, позитивным мышлением, ответственным отношением к своему здоровью и жизни как личностной ценности, в процессе интеграции общечеловеческих ценностей в педагогическом процессе.

Таким образом, мировоззренческие основы интеграции нравственно-духовного образования «Самопознание» и других школьных предметов состоят в целостном понимании мира и человека, как обладающих не только биологической и социальной, но и высшей духовной природой, которая в окружающем мире проявляется как жизнь, движение, развитие, порядок, гармония, в сознании человека проявляется как вечные общечеловеческие ценности» [5], благодаря которым происходят изменения самого человека, мировоззрения, окружающего мира, а также, отношение к здоровому образу жизни, для чего необходимо совершенствовать навыки рационального, здорового питания, занятия спортом, физической активностью, позитивным мышлением, ответственным отношением к своему здоровью и жизни как личностной ценности, в соблюдении норм ЗОЖ, а для этого необходимы такие нравственные качества личности как: сила воли, ответственность (дисциплина) и самоконтроль. Поэтому, проблема состоит из противоречия между объективной потребностью старшеклассников в здоровом образе жизни и недостаточным использованием потенциала нравственно-духовного образования в развитии навыков здорового образа жизни.

Важно отметить, что невозможно рассматривать понятия «здоровье» и «здоровый образ жизни» каждый по отдельности, так как они взаимосвязаны, дополняемы и происходят одно из другого. Поэтому, перед школой, семьей и обществом стоит задача обеспечения сохранности здоровья учащихся через систему духовно-нравственного воспитания, через изменение личности, пробуждение духовного начала, так как именно от этого зависит не только успешность обучения, но и дальнейшая счастливая жизнь человека, поэтому школа должна ориентировать и на передачу знаний, умений и навыков здорового образа жизни. Поэтому, было дано следующие рабочее определение здорового образа жизни:

Здоровый образ жизни (ЗОЖ) – это навыки образа и стиля жизни, направленные на сохранение духовного, физического здоровья и профилактику заболеваний, на основе единства мысли, слова и дела через практику общечеловеческой ценности Праведное поведение, проявляющиеся в ценностном отношении к своему здоровью, осознании своей духовной природы (автор).

Основной источник сохранения здоровья, навыков ЗОЖ – сам человек. Быть здоровым – значит целенаправленно работать над собой. Здоровье – это, прежде всего, титанический труд по самопреобразованию, саморазвитию, самосовершенствованию. Может быть поэтому многие, понимая важность заботы о сохранении здоровья, мало что предпринимают для этого, тем более, что многие внешне привлекательные поступки, со временем превращающиеся в привычки (курение, употребление алкоголя, наркотических веществ), от которых потом трудно отказаться, вредны для здоровья. С другой стороны, замечено, что люди, восстановившие свое здоровье путем невероятного волевого напряжения всех жизненных сил: физических, психических, моральных – затем на всю жизнь остаются яркими приверженцами и пропагандистами здорового образа и стиля жизни (Н. Амосов, В. Дикуль, П. Иванов, Ю. Власов и многие другие). И, наоборот, те, кто восстановил свое пошатнувшееся здоровье с помощью медицинских средств, не приложив для этого собственных значительных усилий, как правило, и после выздоровления продолжают придерживаться прежнего стиля жизни, а если и отказываются от него, то ненадолго.

